

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ПЕН БАСТАУЫШ
БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

Нұр-Сұлтан
2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 16 тамыздағы №8 хаттама).

«Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымдары». – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 120 б.

Жинақ Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымдары берілген.

Әдістемелік ұсыным орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, мектепалды даярлық, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022

КІРІСПЕ

Сабақтастық дегеніміз, біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Сабақтастық сақталу үшін мектепалды даярлық кезеңде жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық жеке тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылады. Бастауыш сатыда-мектепалды шақтағы жетістіктерінің барлық деңгейіне тірек болуды, қарқынды даму жағдайында жеке жұмыстарды, мектепалды даярлық сыныпта қалыптасып болмаған қасиеттерін жетілдіруге арнайы өзара қарым-қатынас жасау формаларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығының мақсаты: мектепке балаларда дайындау, олардың бойындағы қорқыныш сезімдерін болдырмау, өз-өздеріне деген сенімдіктерін арттыру болып табылады.

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымды әзірлеуде «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары», «Үлгілік оқу жоспарлары», «Үлгілік оқу бағдарламалары» негізгі құжаттары басшылыққа алынған.

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымы келесі сұрақтарды қарастырды:

1.Мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру үдерісінің сабақтастығы бойынша халықаралық тәжірибелер.

2.Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің педагогикалық алғышарттары.

3.Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемесі.

4.Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымдары.

Әдістемелік ұсынымда мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығы бойынша халықаралық тәжірибе ерекшеліктері сараланған. Сонымен қатар мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері қарастырылған.

1 МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ПЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық қазіргі кезеңде баланы үздіксіз тәрбиелеу шарттарының бірі Мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру үрдісі арасындағы сабақтастықты қалыптастыру жолдарын бастауыш сынып мұғалімдері мен мектепалды даярлық тәрбиешілері іздестіруде. Себебі, мектепке дейінгі кезеңді аяқтау мен мектепке қабылдау бала өміріндегі қиын әрі жауапты кезең. Мектеп жасына дейінгі оқушылардың мектепке ойдағыдай бейімделуіне жағдай жасау-бастауыш сынып мұғалімдері мен мектепалды даярлық сыныптары тәрбиешілерінің ортақ міндеті. Баланың мектепке дейінгі мекемеден мектепке ауысуы әлеуметтік-психологиялық және физиологиялық тұрғыдан алғанда оның өміріндегі шешуші және ең қиын сәті. Ол баланың әлеуметтік болмысының жаңа жағдайға бейімделуін талап етеді. Мектепке барған кезде өмір сүру жағдайлары түбегейлі өзгереді, психоэмоционалдық жүктеме артады, ойындар күнделікті сабақтармен ауыстырылады, оқу әрекеті жетекші орын алады. Егер баланың мектепке бейімделу үрдісі жеткілікті түрде сәтті дамыса, онда оқушы өзінің қабілетіне сенімді сезінеді, психологиялық жағынан жайлы болады, нәтижесінде оның оқу әрекеті ойдағыдай дамиды, оның қоғамда әлеуметтенуі жеңілдейді. Бірақ көбінесе мұғалімдер баланың жаңа ортаға, мектепке қабылдану барысында уайымдауларының арқасында белсенділіктерінің төмендеуіне әкеп соғады. Мектепке келген оқушы бойында жаңа ортаға үйрену барысында қорқыныш пен үрейді болдырмай, еш қиындықсыз жаңа өмірге бейімделу жолдарын іздеу барысында алдымен шет елдегі мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру үрдісінің сабақтастығына шолу жасап өтейік.

Германия. Қазіргі уақытта Германияның мектепке дейінгі жүйесінде жас балаларды балабақша балаларының топтарына біріктірген «әртүрлі жастағы» жағдайында қадағалау мен күтімді ұйымдастыру, отбасылық орталықтар түрінде қосымша қызмет көрсету бағытында балабақшаларды дамыту үрдісі байқалады.

Германияда кішкентай балалар ата-анасының қатысуымен бір-бірімен қалып ойнай алатын отбасылық орталықтар мен клубтардың әртүрлі нысандары кең таралған. Сондай-ақ бала күтімі мен қадағалаудан бөлек, отбасыларға қосымша қызмет көрсететін отбасы орталықтары бар. Мұнда ата-аналар бос уақыттарын өткізе алады және (немесе) психологиялық кеңес ала алады.

Германиядағы балабақшаларға тек мектеп жасына дейінгі балалар ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары да сабақ уақытын аяқтағаннан кейін келе алады. Бұл қызмет Hort (сөзбе-сөз аударғанда «баспана, үй») деп аталады. Сондай-ақ бала күтімі жүйесіне қатысты, өзінің педагогикалық міндетін шешеді, өзіндік сапа критерийлері мен бағалау жүйесі бар.

Немістің «мектепке дейінгі тәрбие» (Vorshule-«мектепалды даярлық») түсінігі дәстүрлі түрде мектепке дейінгі дайындықты-балалар бастауыш мектепке көшкенге дейін бір жыл бұрын бірден қатыса алатын сабақтарды білдіреді. Алайда мұндай жүйе өзін ақтамады және қазіргі кезде ол іс жүзінде бас

тартты. Мектепке дейінгі тәрбиемен айналысатын ұйымдардың функциялары балабақшаға берілді.

Қазір мектепке бейімделу балабақша мен мектептің ортақ міндеттеріне айналып, олар бірлесіп жұмыс жасайды. Жалпы білім беруде «төменнен сабақтастық» принципі жүзеге асырылады, сондықтан бейімделу мектептегі оқытудың бастауыш деңгейіндегі барлық сыныптарға таратылады. Балабақша мен мектеп арасындағы пилоттық ынтымақтастық жобалары жүзеге асырылуда. Мұндай жобалардың мақсаты-мектепке дейінгі білім берудің әртүрлі жағдайлары әсер еткен әртүрлі мүмкіндіктері бар бастауыш сынып оқушылары арасындағы алшақтықты жою.

Польша. 1999 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Польшаның білім беру жүйесі 1991 жылғы «Халыққа білім беру жүйесі туралы» Заңда тұжырымдалған қағидалар негізінде жұмыс істей бастады, яғни 6 жасар баланың бір жылдық мектепке дайындалу (0-сынып) құқығын сақтап қалды. Польшадағы мектепке дейінгі білім беру мәселесін шешу үрдісін жеңілдеткен күшті ынталандыру елдің Еуропалық Одаққа кіру перспективасы және осыған байланысты «Лисоббон бағдарламасының» талаптарын орындау қажеттілігі болды.

Жалпы білім беретін мектептер жанындағы 0-сыныптар мен дайындық бөлімдерінің негізгі міндеті-бала дамуындағы дисгармонияны жою және ауытқуларды түзету, ең алдымен әлеуметтік қамқорсыз отбасылардан шыққан балалардың білім алу мүмкіндіктерін теңестіру. 0- сынып пен дайындық бөлімінің мұғалімі баланың даму деңгейін анықтау және түзету әрекеттерінің қажеттілігін анықтау үшін бақылайды. Бала мектепке барар алдында бір жыл бұрын психологиялық-педагогикалық консультацияда мектеп жасына дейінгі баланың жүйелі оқуға дайындығы талданады.

2004 жылдың 1-қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі мекемелерге бармаған 6 жастағы барлық балалар жыл ішінде мектептердегі немесе балабақшалардағы дайындық бөлімдеріндегі 0-сыныптарға баруға міндетті болды. Польшада мектепке дейінгі білім беру міндетті емес болғандықтан, ол заңды түрде мектеп жүйесінің бірінші сатысы болса да, жаңартылған мектеп заңы 6 жастағы барлық балаларға мектепке дайындық жылына кепілдік берді.

АҚШ. Құрылымдық тұрғыдан мектепке дейінгі білім беру жүйесі бастапқыда орталықсыздандырылған және нәтижесінде түрлі мемлекеттерде әртүрлі білім беру бағдарламалары мен тұжырымдамаларын жүзеге асыратын көптеген оқу орындары ұсынылған. Мұндай мекемелердің қатарына балабақшалар, бала күтуші мектептер (Nursery Schols), мектепалды даярлық сыныптары (Prekindergarten немесе Pre-school), даярлық сыныптары (Kindergarden), балабақшалар, күндізгі және толық емес балалар орталықтары жатады. Сонымен қатар, балабақшалар мен мектепалды даярлық сыныптары білім беру жүйесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылмайды, демек келуге міндетті емес.

Мемлекет балаларды тәрбиелеудің барлық үдерістерін қадағалап, мектепке дейінгі мекемелердің барлық тәрбиелік функцияларын дамыту мен жетілдіруді белсенді түрде ынталандырады, сондай-ақ отбасыларға мектепке дейінгі білім алуда қаржылық көмек көрсетеді.

Бұл мекемелер балаларды тәрбиелеуде тек уақытты ғана өткізулерін қадағаламайды, сонымен қатар кәсіптік және жоғары білімнен кем емес көңіл бөлетін білім алуды көздейтін біріктірілген тәсілді қолданады. Бұл ерте жастан білім алуға деген ұмтылысты қалыптастыру, еңбекке және оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатымен байланысты.

Мектепке дейінгі мекеме және бастауыш білім берудің сабақтастығы мәселесіне мұндай көзқарас балалардың мектепке табысты болуы және жалпы мектептегі білім сапасын арттыру мүмкіндігінің пайда болуына әкелетіні сөзсіз. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары балалар орталықтары мен балабақшалар базасында, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиенің соңғы сатысын еңсергеннен кейін баратын мектептерді жүзеге асырылады.

Американың көптеген штаттарындағы дайындық сабақтары білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде міндетті. Олардың негізгі қызметі-мектепке дайындалу, сәйкесінше онда оқу 0-сынып болып саналады. Мұндай сабақтардағы оқу процесі қарым-қатынастың ойын форматынан мектеп негіздерін оқытуға (жазу, оқу, санау) көшуді қалайды. Бұл өз кезегінде мектеп процесінде балалардың әлеуметтенуі мен бейімделуіне жағдай жасауға арналған.

Барлық мектепке дейінгі мекемелер баланы мектепке дайындайтындықтан, олар бірте-бірте әртүрлі ойындардан оқуға, жазуға және басқа да дағдыларды меңгеруге көшеді.

Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілерге жыл соңында сол штатқа жарамды сертификаттар беріледі. Ол сертификатта оқушының сабаққа қатысуы, тәртібі, оқу үлгерімі мен жалпы жетістігі көрсетіледі. Бұл кейбір жағдайларда баланың бастауыш мектепке баруы үшін қажет.

Франция. Полина Кергомар алғашқылардың бірі болып отбасы, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп арасындағы сабақтастық қажеттілігі туралы мәселені көтерді. Ол тәрбиенің аналық әдісін, яғни парасатты, аяулы ананың баласын емдеу әдісін насихаттады. Бала отбасылық ортадан мектеп ортасына ауысқанда күйзеліске ұшырамауы үшін тәрбиешілер мен ата-аналар арасында тығыз ынтымақтастық орнатуды ұсынды. Сондай-ақ ол балалардың аналық мектептен бастауыш мектепке көшуін жеңілдету үшін мектепке дейінгі білім беру мазмұны бойынша ұсыныстар жасады.

1972 жылдан бері білім берудегі сабақтастықты қамтамасыз ету үшін білім беру тізбегінің барлық буындарының өзара байланысының қажеттілігін түсіну ана мектебі француз білім беру жүйесінің бастапқы сатысын құрап, бастауыш мектептің құрамдас бөлігі болды.

Бір жағынан мектепке дейінгі кезең баланың жеке қасиеттерін қалыптастырады, кейінгі оқуға тірек болатын білім негіздерін қалады. Екінші жағынан мектеп, мектеп жасына дейінгі баланың жетістіктерін «теріп» алып, оның жинақтаған әлеуетін дамытады. Осылайша, сабақтастық тек жаңаға дайындық емес, сонымен қатар жеке тұлғаның прогрессивті дамуының негізгі ретінде жинақталған тәжірибені сақтау және дамыту болып табылады.

1990 жылы мектепке дейінгі және бірінші мектептегі білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, балаларды оқытудың бастапқы кезеңін үш циклге біріктіру туралы шешім қабылданды.

1-ші циклге ана мектебінің екі кіші тобы (2-4 жас сәбилер), орта (3-4 жас) және жоғары (4-5 жас) топтары кіреді. (Toute petite бөлімі (TPS), La petite бөлімі (PS), La moyenne бөлімі (MS), La grande бөлімі (GS)).

2-ші цикл 5-7 жас аралығындағы балаларды біріктіреді: ана мектебінің жоғары тобы, дайындық сыныбы және бастауыш мектептің 1 сыныбы (GS de maternelle, CP, CE1) мұнда балалар бастауыш сыныпта ғылым негіздерінің бастауыш курсымен танысады.

3-ші цикл бастауыш мектептің соңына дейін келесі үш оқу жылын қамтиды: бастауыш мектептің 2 сыныбы және 2 орта сынып (CE2, CM1, CM2). Бұл кезеңде бұрын алған білімдерін тереңдету және жүйелеу жүреді.

Чехияда 1869 жылы қаңтарда алғашқы ана мектебі Прага қаласында ашылды. Бұл ана мектебі балалардың салауатты дамуына жағдай жасалмаған әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан немесе ата-анасы күні бойы жұмыс істеп, тәрбиесімен айналыса алмайтын отбасылардың балаларына қамқорлық жасайтын алғашқы күндізгі мектеп болды. Ол бала тәрбиесімен және білім берумен айналысты.

Мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды міндеті-үздіксіз білім алу үшін жақсы алғышарттар жасау, яғни ана мектебін бітіргеннен кейін оның қабілеттеріне сәйкес тұлға дамуының оңтайлы деңгейіне жетуі үшін әрбір баланың жеке қабілеттерінің дамуына барынша қолдау көрсету. Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш білім берудің өзара байланысын ескере отырып және мектепке дейінгі білім беру кезеңінде қол жеткізілген нәтижелерді барынша пайдалану үшін негізгі мектептің бірінші кезеңінде (бастауыш білім сатысында) осы жастағы балаларды тәрбиелеудің психологиялық және дидактикалық ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде ескеріліп, білім берудің нысандары мен әдістерінде көрініс табуы қажет.

Ресей федералдық мемлекеттік білім стандарты талаптарында мектепке дейінгі білім беру ең алдымен оқу дағдыларын дамытуға бағытталған. Мектептің бірінші сыныбына келген балалардан сандарды оқу, жазу сияқты пәндік дағдыларды талап етуге құқығы жоқ. Бірақ дамымаған ұсақ моторика немесе идеяны жеткізе алмау шынымен қиындыққа әкелуі мүмкін. Ресми стандарттарға сәйкес, дайындық тобының түлегі танымдық әрекеттерді орындауы керек, өзі туралы, басқа адамдар мен қоршаған әлем объектілері туралы, осы заттардың қасиеттері мен қарым-қатынастары туралы (пішіні, түсі және т.б.), қарым-қатынас жасауға, өз бетінше әрекет етуге және өзін-өзі реттеуге қабілетті болуы. Оқушы ақпаратты қабылдауға, сұрақтарға жауап беруге, салыстыруға, мұғалімнің нұсқауын сақтауға қабілетті болса, онда ол бірінші сынып бағдарламасында қарастырылған пәндік дағдыларды оңай меңгереді. Баланың мектептегі реттелетін оқу жағдайына тез бейімделу үшін психологиялық дайындық қажет. Тәжірибе көрсеткендей, бірінші сынып оқушыларының бәрі де жаттығуды бастауға физикалық тұрғыдан дайын емес.

Бірінші сыныптың басында мұғалімдерге педагогикалық диагностика жүргізу ұсынылып, оның нәтижесі бойынша бірінші жартыжылдықтың бағдарламасын құрастырады.

Украина. Білім беру мен тәрбиелеудегі сабақтастық мәселесі күрделі, оны шешу әртүрлі сала мамандарының: дәрігерлердің, психологтардың, әлеуметтік педагогтардың және т.б. мамандардың бірлескен күш жігерін қажет етеді. Сондықтан оны балабақша мен бастауыш мектептегі педагогикалық үдерістің жеке элементтерінің арақатынасы ретінде ғана анықтауға болмайды. Сонымен, А.В.Запорожец сабақтастықты «...мектепке дейінгі және бастауыш балалық шақ шекарасындағы жалпы физикалық және рухани дамудың ішкі органикалық байланысы, тұлға қалыптасуының бір кезеңнен екіншісіне өтуіне ішкі дайындық» деп түсіну керек деп атап көрсетеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш мектепте білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын қабылдау балабақша мен мектеп қызметінің сабақтастығындағы және тұтас білім беру жүйесіндегі білім сапасын арттыру перспективасының маңызды кезеңі болып табылады. Мемлекеттік білім беру стандарты мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етуге бағыталған. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын стандарт талаптары мектепке дейінгі білім берудің нысаналы көрсеткіштері түрінде берілген. Мақсаттар мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастығының негізі болып табылады және мектепке дейінгі білім беруді аяқтау кезеңінде мектеп жасына дейінгі балалардың іс әрекетінің алғышарттарын қалыптастыруды көздейді.

«Мектепке дайындық» немесе «мектепке жетілу» ұғымы келесі параметрлерді қамтиды: аффективтік-қажеттілік, ерікті, интеллектуалдық ортаны дамыту және баланың сөйлеуін дамыту. Мектепке дейінгі балалық шақта қалыпты дамыған бала мектепке осы психикалық орталардың белгілі бір даму деңгейімен келеді. Мектепке психологиялық дайындық мәселесін шешудің теориялық тәсілдерін жалпылау негізінде оның бірқатар ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

1. Оқуға және мектепке баруға деген қатты ынта (оқу мотивінің жетілуі).
2. Айналадағы дүние туралы білімнің жеткілікті кең ауқымы.
3. Негізгі психикалық операцияларды орындай білу.
4. Физикалық және психологиялық төзімділіктің белгілі бір деңгейіне жету.
5. Интеллектуалдық, адамгершілік және эстетикалық сезімдерін дамыту.
6. Сөйлеу және қарым-қатынас дамуының белгілі бір деңгейі.

Финляндияда білім мектепке дейінгі жастан басталады. Ал ол 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған балабақшадан басталады. Жалпы, Финляндияда мектепке дейінгі білім беру жүйесіне көп көңіл бөлінеді. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің мақсаты баланы мектепке дайындау болып табылады.

Балабақшалар мемлекеттің білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Оларды тәрбиешілер балалармен белсенді түрде айналысады, мектепке дейінгі тәрбиенің негіздерін оқытады, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және ұжымда болуға үйренеді. Балалар 9 айдан бастап қабылданады.

Балабақшаларға арналған бірыңғай білім беру бағдарламасы жоқ. Әрбір жеке мекеменің бала тәрбиесінің мақсаттары мен принциптерін таңдай алады.

Тәрбиешілер күнделікті жұмысында әріптестерімен бірлесіп жасаған жоспарды, балаларға деген өзінің кәсіби көзқарасын және балалар іс-әрекетінің барлық түрлеріне арналған кез-келген нұсқаулықты басшылыққа ала алады.

Израильде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалар 5 жастан бастап оқу мен жазуды үйренеді. Сонымен бірге, дайындық топтарымен айналыса отырып, олар математикамен, табиғат туралы алғашқы білімдермен, мемлекеттік және діни даталармен танысады.

Израильде барлық мектептер үшін бекітілген бірыңғай оқу жоспары жоқ. Білім беру мекемелері үкіметтің бақылауында болғанымен, Оқытудың әдістері мен тәсілдерін өз бетінше тандай алады.

Қорытынды. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің шетелдік теориясы мен тәжірибесімен танысу ашық педагогикалық ойлауды қалыптастырады. Егер мектепалды мен бастауыш сыныптағы білім берудің сабақтастығы орнатылса, балаларда күйзеліс факторларының әсері азаяды. Шетелдік педагогикалық тәжірибені зерделеу мектепке дейінгі тәрбиенің алуан үлгілерінің бар екенін көрсетеді. Олардың арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, балаларды мектепке дайындау керектігін көрсетеді.

2 МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ПЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1. Жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (ҚР Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша)

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды:

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

«Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) осы стандартқа;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (ҚР Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2-қосымша)

1. Осы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және бастауыш білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

Мектепалды сыныптарды даярлау үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;

2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;

3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу;

2) мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;

3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;

4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;

5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асырудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі

туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мынадай бағыттарды қамтиды:

-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

-балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

-баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

-ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

-мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

-әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

-ойын арқылы оқыту;

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келетін мынадай күтілетін нәтижелерді қамтамасыз етеді:

Мектепалды даярлық. 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу қызметінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық қызметтегі бірлескен әрекет дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т.б.);

-балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

-баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі).

Оқу жылы бойы мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникул кезеңдері белгіленеді;

Мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында каникул кезеңі қарастырылмаған.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес топтардың толықтырылуы:

1) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап)-25 баладан артық емес.

Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын негізгі талап-санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, рұқсат етілген көлем мен ұзақтықты қамтамасыз ету болып табылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі-ұзақтығы-25-30 минуттан 20 сағатты құрайды.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық үшін вариативтік компонент қарастырылған. Вариативтік компонентті анықтауда өңірлік ерекшеліктер, балалардың қызығушылықтары, ата-аналардың тілектері мен білім беру ұйымы қызметінің бағыты және т. б. ескеріледі.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі-2 сағатты, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін-3 сағатты құрайды.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҰОҚ өткізеді;
- ✓ перспективалық жоспар және циклограмма құрастырады;
- ✓ режимдік сәттерді ұйымдастырады және өткізеді (таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын,

шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс, сауықтыру шаралары және т. б.);

✓ диагностика (бастапқы, аралық және қорытынды) арқылы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайды;

✓ ата-аналармен жұмыс жүргізеді;

✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады;

(жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);

✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі мектепте оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезеңде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты-бастауыш мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Курстардың мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленген және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі-ойын-сабақтар. Барлық сабақтар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабақ т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді.

Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар: қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп атқарымды; өзгермелі; тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында:

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифтті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарындағы заттық-кеңістіктік ортаны Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жарақтандыру ұсынылады (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы.)

Мектепке дейінгі ұйым мен мектепалды сыныбының педагогіне қойылатын талаптар

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында,

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде (ҚРҰ 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы) (бұдан әрі - Модель) белгіленген.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделіндегі педагогтер өз ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болуға тиіс. Ол үшін білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай-ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды.

Педагог ұйымдастырылған оқу қызметі мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады.

Педагогтер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді. Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс.

Мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтері мен басқа да қызметкерлері жұмысының негізгі қағидалары:

- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Педагогтің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды

жақсы көру;

- көшбасшылық дағдылары, мәселелерді шешу және сабақтың жоспарларын әзірлеу;

- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген, 2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша

республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне енген «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» және «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық конкурстарына қатыса отырып, кәсіби педагогикалық қызметтегі өз жетістіктерін, балалармен өз жұмысының, ата-аналармен бірлескен жұмысының нәтижелерін көрсете алады.

Сонымен бірге, жыл бойы балаларға арналған келесі байқаулар өткізіледі:

1. *Наурыз мейрамына арналған «Шымырлық пен шеберлік күні».*
2. *Балаларға арналған «Мен зерттеушімін» республикалық байқауы.*
3. *«Балалық шағымның шуақты биі» республикалық би байқауы.*
4. *Ана тілінде «Менің отбасым» Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған шығармашылық байқау.*
5. *Балалардың қатысуымен патриоттық әндерді орындау челленджі.*
6. *Алақай, жайдарлы жаз келді!».*

Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі алдына Модельді іске асыруда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізуде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін:

- 1) әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- 2) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- 3) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- 4) балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтуге тиіс, ата-аналар өз баласын жақсы білуі керек, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы қажет. Сонымен қатар, жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстарын, проблема бойынша пікірталастар, «ауызша журналдар», педагогикалық қонақ бөлмелерін, сұрақ-жауап кештерін, «ток-шоу» өткізу, ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнежазбаларын және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын проблеманы рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау ұсынылады.

Отбасымен жұмысты ұйымдастырудың негізгі қағидалары: ашықтық; ынтымақтастық; формализмнің болмауы; белсенді дамытушы орта құру; диагностика; бақылау.

Педагогтердің міндеті ата-аналармен өзара қарым-қатынастың оң эмоционалды микроклиматын құру, отбасын бірінғай білім беру кеңістігіне тарту болып табылады.

Бастауыш білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Бастауыш білім беру мазмұнында оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар:

Бастауыш білім беру мазмұнында:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу базалық құндылықтар болып айқындалған.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдыпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

7. Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады:

- 1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- 2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- 3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- 4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны оқу пәндерінің аясында жүзеге асырылады:

1) «Сауат ашу», «Қазақ тілі» қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, «Русский язык» орыс тілінде оқытатын сыныптарда, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі», оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Русский язык», «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі»;

2) Қазақстан аумағында жинақы тұратын этностардың тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында «Тіл және әдебиет» білім беру саласына осы этностың «Ана тілі» оқу пәні қосымша енеді. Ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде оқытатын білім

беру ұйымдарына арналған «Ана тілі» оқу пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне енеді.

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін «Әліппе», «Ана тілі» пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері «Әліппе» оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері «Ана тілі» оқулығымен 2-жартыжылдықта; орыс тілінде оқытылатын оқушылар үшін «Букварь», «Обучение грамоте» пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері «Букварь» оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері «Обучение грамоте» оқулығымен 2-жартыжылдықта жүзеге асырылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында Қазақстанның ұлт мәдениеттерінің бірлігі мен әртүрлілігі, ұлттық сана-сезімнің негізі ретінде мемлекеттік тіл туралы түсініктерін қалыптастыруға, сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Қазақ тілін / орыс тілін/ ана тілін оқыту тілі ретінде үйрету білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, мәтіннің әртүрлі түрлерімен және типтерімен өз бетінше жұмыс істеуге машықтандыру үшін әдеби мәтіндерді пайдалануға негізделген.

Екінші тілді (оқыту тіліне байланысты қазақ тілі/орыс тілі) және үшінші тілді (шетел тілі) оқыту тілді деңгейлеп меңгеруге бағдарланған.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін игеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар түзе білу машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді беру машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл оқу пәні білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді

қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны «қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай» принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін саналы аңғару білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам –Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып-білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; қазақстандық қоғамның құндылықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге; әр білім алушының өзінің табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің көзін ашуына; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға, өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталған.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке бауылу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі);

«Технология және өнер» білім беру саласы пәндерінің мазмұны қоршаған ортаны біртұтас қабылдауды қалыптастыруға, оны визуалды өнер мен музыка құралдары арқылы тануға; бейнелеу өнерінің, қолөнер мен музыканың адам өміріндегі рөлі туралы алғашқы түсініктерді дамытуға, қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріне, музыкалық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, әлемдегі басқа халықтардың өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеуге; өнердің алуан түріне адам өмірінің көрінісі ретінде адамгершілік-эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуге, бастауыш мектеп білім алушыларының көркем және музыкалық-шығармашылық дамуына бағытталған.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде жүзеге асырылады.

«Дене шынықтыру» пәнінің мазмұны физикалық қасиеттерді, жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауға деген қызығушылықты дамытуға; саламатты өмір салты мәдениетін дарытуға; дене шынықтырудың адам өміріндегі рөлі туралы түсініктерді қалыптастыруға, спорт, қазақтың ұлттық спорт түрлері туралы ақпаратты өз бетімен таба білу және оны өзінің денсаулығын нығайту үшін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыруға; оқу, ойын және жарыс қызметі жағдайында құрбы-құрдастармен қарым-қатынас жасау мәдениетінің машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Білім беру ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

3. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ПЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Сабақтастық жұмысындағы ортақ мақсат: мектепке оқуға балаларды табысты дайындаудың жолында олардың интеллектуалдық және жан - жақты дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай білім мен тәрбие кеңістігін қалыптастыру. Мектепте сапалы білім алу мектепалды дайындығына және балабақша мен бастауыш мектептің сабақтастығымен тығыз байланысты.

Білім саласындағы өзара байланыс бұрыннан талап етілетін, алайда ол кезде бағдарламалар көп жыл бойы өзгермейтін, сондықтан ата - ана да, мектепке дейінгі мекеме де бастауыш мектеп талабын біліп отыратын. Ал қазір бағдарламалар, технологиялар үнемі өзгеруде.

Ұлы педагог А.А Сухомлинский «Баланың ақыл-ой дамуының, қызығушылығын, қабілетін, бейімін білмей оны оқытуға, тәрбиелеуге болмайды» - деген нақты тұжырымы сабақтастықтың керектігін көздейді.

Ә. Бидосов өз мәлімдеуінде «Сабақтастық дегеніміз – мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш мектептегі пәндерді оқытудың әр түрлі сатысында балалардың білімдерінің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орнату».

Сабақтастық дегеніміз – екі буын арасындағы ортақ міндеттер, ортақ жүйе, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімдігі. Яғни сабақтастықтың түпкілікті мақсаты - баланы жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуін ұйымдастыру. Мектепке дейінгі мекеме мен мектеп арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын екі өзара байланысты көрініске бөлуге болады: ақпараттық – ағартушылық және практикалық.

Бірінші көрінісі, мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу - тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуын, мектепалды топтары мен мектептің бірінші

сыныбы бағдарламалар мазмұнын зерттеуді болжайды. Осы мақсатқа байланысты мынадай формалары мұғалімдер мен тәрбиешілердің біріккен педагогикалық кеңестерінде балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша қатысуы, дәрістермен өзара алмасуы және т. б. жұмыстарды жүзеге асыруы жатады.

Екінші, тәжірибелік көрініс – бір жағынан мұғалімдердің мектепалды даярлық топ яғни, өздерінің болашақ оқушыларымен алдын ала танысуы, екінші жағынан, тәрбиешілердің бұрынғы тәрбиеленушілерді бақылап отыруымен бейнеленеді. Берілген мазмұнды жүзеге асыру формалары: мұғалімдердің болашақ оқушылармен танысу үшін мектепке дейінгі мекемелердегі дайындық топтарға жүйелі қатысуы, олардың іс - әрекетін бақылау, балалардың білім деңгей нәтижелерімен және мінездемелерімен танысуы болып табылады.

Мектепке дейінгі мекеменің мақсаты

- бала денсаулығын сақтау, нығайту;
- психологиялық дамуына жағдай жасау (есте сақтау, ойлау, қабылдау)
- мектепте оқуға дайындау (мектеп, мектеп ережесі, қоңырау, үзіліс, асхана)

Мектепке дейінгі мекеменің міндеттері:

- салауатты өмір сүру салтының құндылығына балаларды қатыстыру;
- эмоционалдық аман - саулығын қамтамасыз ету, әр түрлі көркемдік іс - әрекет түріне жағдай жасау;
- талабын, білуге құмарлығын, еркіндігін дамыту;
- айналадағы әлем жайында білімін қалыптастыру;

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сыныптың сабақтастық бойынша жұмысын ұйымдастыру:

- мектепте оқып үйренуіне жағдай жасау;
- мектепте оқуға психологиялық дайындығын қалыптастыру;
- бала дамуының үдіксіз білім беру жүйесін құру.

Екі ұйым арасындағы әрекет:

Мектепке дейінгі мекеме — танымдық әрекет — мағлұмат алады, талдайды, ойнайды, білім алып, тәжірибе жасайды. Бастауыш сынып — оқу әрекеті — оқи алуға үйренеді, оқығысы келеді, жаңа мазмұнды меңгереді, жаңа түсініктер қалыптасады. Мектепалды дайындық тобының балалардың негізгі қызметі ойын екені естен шығарылмау керек. Тек танымдық, дамытушылық ойындардың көмегімен білім негізі қалыптаса бастайды

Мектепке дейінгі мекеме, бастауыш буын мен ата - ана арасындағы сабақтастық сақталғанда баланың мектепке жалпы, арнайы және психологиялық жағынан қамтамасыз етіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау ауқымды мәселе. Көптеген жұмысты талап етеді. Мектепке дейінгі мекеме мен мектеп арасында өзара байланысты орнату. Көптеген ата - аналар баланың мектепке баруы үшін тек әріптерді танып, санай алса болғаны деп тұжырымдайды. Әрине, бұл да маңызды фактор алайда, баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығына назар аудармайды. Бұл кезең балалар үшін өте ауыр. Әрине,

мектепке дейінгі мекемеде өзіндік әдіс - тәсілдерін қолданады, психолог – педагог та балалармен жұмыс жүргізіп мектепке дайындығын тексереді. Баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығы деген не? Бұл баланың мектеп бағдарламаларын қабылдауында психикалық жағынан дайын болуы.

- Ерік - жігерінің дайын болуы
- Мотивациялық дайындық
- Интеллектуалдық дайындық
- Физикалық дайындық
- Коммуникативтік дайындық
- Ұсақ саусақ бұлшық ет моторикаларының жетілуі.

Интеллектуалды толысу – бұл назарды топтастыра алу, құбылыстар мен жаңалықтар арасында байланыстар орната білу, логикалық есте сақтаудың дәрежесін көтере білу, үлгілер, мысалдар келтіру, ақыл - ойды дамыта білу қабілеті 6 - 7 жасқа бала білуі керек: Өзінің мекен - жайын, тұратын жерінің атауын қала, ауыл. Мемлекетінің атауын, бас қаласын. Өзінің ата - анасының аты – жөндерін, қайда, кім болып жұмыс жасайтынын. Жыл мезгілдердің ауысуын.

Ай, апта атауларын. Ағаштар мен гүлдер атауларын. Үй және жабайы жануарларды ажырата білу.

Мотивациялық толысу - (баланың оқуға деген ынтасының болуы) яғни баланың – оқушы атануы жайында тілегенің болуы. Мектептің бала үшін білім ордасы екенін түсінуі. Мектеп жайында балаға тек жағымды хабар беру.

Ерік жігерінің толысуы - баланың алдына мақсат қоя білуі. Өзінің әрекетінің нәтижесін бағалай алуы. Үлкендер талап еткен талапты орындай алуы. Баланың ерік жігерінің қалыптасуына бейнелеу өнері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру әсер етеді.

Баланың өмірде болатын әрбір жағдайды қабылдауында, оған деген әсерін білдіре алуында көрініс табады. Зеріктіретін өте ұзақ жұмысты атқаруда, күйзеліс жағдайларына төтеп беруде маңызы зор.

Қарым - қатынас дайындығы (коммуникативтік дайындық)- баланың өзін - өзі басқара алуы яғни ұжымдық қарым - қатынасқа түсе алуы. Яғни балалармен бірлесіп жұмыс жасай білуге, керек кезде өзінің көзқарасының дұрыстығын қорғай білуі немесе қателігін мойындауы. Қатарластарымен болатын қарым - қатынастың қажеттілігін, балалар тобына сіңісіп кетуді, мұғалімдер мен оқулықтардағы тапсырмаларды түсінуін түспалдайды.

Физикалық даму жағынан дайындық - денсаулығының жарамды болуы. Шыдамдылық, шыныққан бір орынында 35 - 40 минут отыра алуы. Жүйелі білім алуда баланың жұмыс жасай алу қабілеті оның жас ерекшелігінің қажеттілігіне сай физикалық дамуының деңгейі.

Ұсақ саусақ бұлшық ет моторикасының жетілуі - 6 - 7 жасқа қарай бала қарындаш пен қылқаламмен әртүрлі әдіс - тәсілді қолдана еркін сурет сала білуі. Суретте бірнеше заттарды бейнелей алып, тұтас бір мазмұнда сурет сала білу. Штрихтау, суреттерді контур шетіне шығармай бояу. Тор көз, қисық жол, ұзын жол дәптерлерінде бағдарлап жұмыс жасай білу.

Жоғарыда айтылған факторлар (ықпалдар) ескерілсе мектепке дейінгі мекемемен, бастауыш буын мен ата - ана арасындағы сабақтастық сақталғанда

баланың мектепке жалпы, арнайы және психологиялық жағынан дайындығы дұрыс қамтамасыз етіледі.

[<https://bilimdiler.kz/daindyk/22619>]

Балабақша мен мектеп арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын екі өзара байланысты аспектіге бөлуге болады: *ақпараттық – ағартушылық және практикалық*.

Бірінші аспект, мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу – тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуын, балабақшаның жоғарғы топтары мен мектептің бірінші сыныбы бағдарламалар мазмұнын зерттеуді болжайды. Осы мақсатқа байланысты мынадай формалары мұғалімдер мен тәрбиешілердің біріккен педагогикалық кеңестерінде балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша қатысуы, дәрістермен өзара алмасуы және т. б. жұмыстарды жүзеге асыру керек.

Екінші, тәжірибелік аспект – бір жағынан мұғалімдердің балабақшада өздерінің болашақ оқушыларымен алдын ала танысу, екінші жағынан, тәрбиешілердің бұрынғы тәрбиеленушілерді бақылап отыруымен бейнеленеді. Берілген мазмұнды жүзеге асыру формалары: мұғалімдердің болашақ оқушылармен танысу үшін балабақшадағы дайындық топтарға жүйелі қатысуы, олардың іс – әрекетін бақылау, балалардың диагностикаларының нәтижелерімен және мінездемелерімен танысу.

Қазіргі оқу тәжірибесін де мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағыттарын белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және мектепке дейінгі мекемелердің мектептегі оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерінен тұратын тәжірибеге сүйенеді. Екінші, бастауыш мектепке дейінгі білімдер, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді. Мұнда В. В. Давыдовтың белгілеуі бойынша, бастауыш мектеп оларды жүйелейді және жалпылайды, оқуға, жазуға, санауға және т. б. үйретеді. Біздің көзқарасымызша, бұл бағыт жан – жақты емес, бірақ біріншісіне қарағанда көп қаланады.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің міндеттері:

- кезеңнің маңыздылығын сақтау;
- қоршаған ортамен баланы қарым – қатынасқа даярлау;
- жеке тұлғалық, танымдық қасиеттерін дамыту;
- оқу еңбегін ұйымдастыруға дағдыландыру;
- оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру;
- осы бағытта ата – аналармен әңгіме жүргізу;
- психологиялық зерттеулер қорытындысын оқу – тәрбие үрдісінде басшылыққа алу.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің әрекеттері:

- әрбір балаға педагогикалық – психологиялық карта бастау;
- оқыту мен тәрбиелеу үрдісін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының философиясының негізінде ұйымдастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерін сынып сағаттарына шақыртып, таныстыру;

- бастауыш сыныптардың апталық жиынына қатысу (2–ші жартыжылдықтан);
- бастауыш буында өтетін шараларға балаларды белсене қатыстыру;
- әрбір балаға, сыныпқа педагогикалық мінездеме жазу;
- әрбір оқушының шығармашылық жұмыстарын жеке папкаларға жинақтау;
- балаларды мектептің бірыңғай тәртіп талабымен таныстырып, талапты орындауға баулу.

Базалық бастауыш білім беру (6 – 10 жас)

Мақсаттары: Білім алуға, оқу мазмұнына тұрақты қызығушылық тудыру. Болашақта ғылыми білім жүйесін саналы игеруді қамтамасыз ететін ойлау түрлерін дамыту.

Негізгі әрекеті: оқу әрекеті

Психикалық ерекшелік: Рефлексия, іс – әрекетін ішкі жоспарлау, еркін сезіну;

Жеке тұлғадағы өзгеріс: Өзін оқу әрекетінің субъектісі ретінде сезіну, ұстаз авторитеті.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің міндеттері:

- даярлық сыныптағы даму деңгейіне, қабілеттеріне сүйену;
- даярлық сыныпта жетік қалыптаспаған қасиеттерді жетілдіру бағытындағы арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру;
- ойын арқылы оқу әрекетін қалыптастыру;
- психологиялық зерттеулер қорытындысын оқу – тәрбие үрдісінде басшылыққа алу;
- осы бағытта ата – аналармен әңгіме жүргізу.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің әрекеттері:

- даярлық сынып сабақтарына қатысып, балаларды сырттай бақылау;
- 1 – сыныпта ойын әрекетін басымырақ қолданып, біртіндеп оқу әрекетіне көшу;
- сабақты 1 – ші ауысымның 2 – ші сағатынан бастап, 35 минуттан өткізу;
- қоңырау үзілістерін 10 – 20 минуттан жылжымалы ойындар түрінде ұйымдастыру;
- әрбір баланың педагогикалық – психологиялық картасын жалғастыру;
- бейімделу жағдайларын үнемі бақылауда ұстап, мектеп психологына хабарлап отыру;
- оқыту мен тәрбиелеу үрдісін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының философиясы мен әдіс – тәсілдері негізінде ұйымдастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерін сынып сағаттарына шақыртып, таныстыру;
- бастауыш буында өтетін шараларға балаларды белсене қатыстыру;
- бастауыш сыныптардың апталық жиынына қатысу (2 – ші жартыжылдықтан);
- балаларды мектептің бірыңғай тәртіп талабына, бірыңғай орфографиялық, каллиграфиялық талаптарға үйрету;

– әрбір оқушының шығармашылық жұмыстарын жеке папкаларға жинақтауды жалғастыру;

– әрбір балаға, сыныпқа жазылған педагогикалық мінездемені зерттеу, толықтыру.

Сөйтіп, балабақша мен мектептің байланысын орнату үшін, балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп білім алушыларын біріге дамыту жолымен жүргізілуі керек. Мұнда мектеп белгілі бір мектепке дейінгі мекемені өз қарамағына алу, тәрбиелік шараларды бірге өткізу; мектепте 1–сыныпқа оқушыларды қабылдауда балабақша тәрбиешілерін қатыстыру, мектеп туралы кинофильмдер көрсету, кездесулер ұйымдастыру, еңбек әрекетін бірігіп өткізу қажеттілігі туады.

Екі ұйым арасындағы әрекет:

Мектепке дейінгі мекеме - танымдық әрекет - мағлұмат алады, талдайды, ойнайды, білім алып, тәжірибе жасайды. Бастауыш сынып - оқу әрекеті - оқи алуға үйренеді, оқығысы келеді, жаңа мазмұнды меңгереді, жаңа түсініктер қалыптасады. Мектепалды дайындық тобының балалардың негізгі қызметі ойын екені естен шығарылмау керек. Тек танымдық, дамытушылық ойындардың көмегімен білім негізі қалыптаса бастайды

Мектепке дейінгі мекеме, бастауыш буын мен ата – ана арасындағы сабақтастық сақталғанда баланың мектепке жалпы, арнайы және психологиялық жағынан қамтамасыз етіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау ауқымды мәселе. Көптеген жұмысты талап етеді. Мектепке дейінгі мекеме мен мектеп арасында өзара байланысты орнату. Көптеген ата – аналар баланың мектепке баруы үшін тек әріптерді танып, санай алса болғаны деп тұжырымдайды. Әрине, бұл да маңызды фактор алайда, баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығына назар аудармайды. Бұл кезең балалар үшін өте ауыр. Әрине, мектепке дейінгі мекемеде өзіндік әдіс – тәсілдерін қолданады, психолог – педагог та балалармен жұмыс жүргізіп мектепке дайындығын тексереді. Баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығы деген не? Бұл баланың мектеп бағдарламаларын қабылдауында психикалық жағынан дайын болуы.

– Ерік – жігерінің дайын болуы

– Мотивациялық дайындық

– Интеллектуалдық дайындық

– Физикалық дайындық

– Коммуникативтік дайындық

– Ұсақ саусақ бұлшық ет моторикаларының жетілуі.

Интеллектуалды толысу – бұл назарды топтастыра алу, құбылыстар мен жаңалықтар арасында байланыстар орната білу, логикалық есте сақтаудың дәрежесін көтере білу, үлгілер, мысалдар келтіру, ақыл – ойды дамыта білу қабілеті 6 – 7 жасқа бала білуі керек: Өзінің мекенжайын, тұратын жерінің атауын қала, ауыл, мемлекетінің атауын, бас қаласын, өзінің ата – анасының аты – жөндерін, қайда, кім болып жұмыс жасайтынын, жыл мезгілдердің ауысуын білуі қажет.

Мотивациялық толысу – (баланың оқуға деген ынтасының болуы) яғни баланың – оқушы атануы жайында түсінігінің болуы. Мектептің білім ордасы екенін түсінуі. Мектеп жайында балаға тек жағымды хабар беру.

Ерік жігерінің толысуы – баланың алдына мақсат қоя білуі. Өзінің әрекетінің нәтижесін бағалай алуы. Үлкендер талап еткен талапты орындай алуы. Баланың ерік жігерінің қалыптасуына бейнелеу өнері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру әсер етеді.

Баланың өмірде болатын әрбір жағдайды қабылдауында, оған деген әсерін білдіре алуында көрініс табады. Зеріктіретін өте ұзақ жұмысты атқаруда, күйзеліс жағдайларына төтеп беруде маңызы зор.

Қарым – қатынас дайындығы (коммуникативтік дайындық)- баланың өзін – өзі басқара алуы яғни ұжымдық қарым – қатынасқа түсе алуы. Яғни балалармен бірлесіп жұмыс жасай білуге, керек кезде өзінің көзқарасының дұрыстығын қорғай білуі немесе қателігін мойындауы. Қатарластарымен болатын қарым – қатынастың қажеттілігін, балалар тобына сіңісіп кетуді, мұғалімдер мен оқулықтардағы тапсырмаларды түсінуін түспалдайды.

Физикалық даму жағынан дайындық – денсаулығының жарамды болуы. Шыдамдылық, шыныққан бір орынында 35 – 40 минут отыра алуы. Жүйелі білім алуда баланың жұмыс жасай алу қабілеті оның жас ерекшелігінің қажеттілігіне сай физикалық дамуының деңгейі.

Ұсақ саусақ бұлшық ет моторикасының жетілуі – 6 – 7 жасқа қарай бала қарындаш пен қылқаламмен әртүрлі әдіс – тәсілді қолдана еркін сурет сала білуі. Суретте бірнеше заттарды бейнелей алып, тұтас бір мазмұнда сурет сала білу. Штрихтау, суреттерді контур шетіне шығармай бояу. Тор көз, қисық жол, ұзын жол дәптерлерінде бағдарлап жұмыс жасай білу.

Жоғарыда айтылған факторлар (ықпалдар) ескерілсе мектепке дейінгі мекемемен, бастауыш буын мен ата – ана арасындағы сабақтастық сақталғанда баланың мектепке жалпы, арнайы және психологиялық жағынан дайындығы дұрыс қамтамасыз етіледі.

Халық даналығындағы: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала ма» деген пікірге сай бала өмірінде ойынның маңызы зор.

Бастауыш мектеп пен мектепалды даярлық тобының оқыту-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастырудағы сабақтастық. Екі басқыш арасындағы әрекет:

1. Біріккен педагогикалық кеңестер. Ол кеңестерде былтырғы және биылғы білім алушылардың салыстармалы түрде қиындықтары мен жетістіктерін бөлісу. Әрбір педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңесте даярлық пен 1-сынып арасындағы мұғалімдерінің іс-тәжірибелері талданады.

2. Өзара пікір алмасып, озық іс-тәжірибелерін бөліседі.

3. Сабақ пен тәрбие сағаттарына өзара үнемі қатысады.

Келесі жылы 1-сынып қабылдайтын мұғалім үнемі жыл бойына даярлық сынып сабағына қатынасады. Жоспар бойынша даярлық тобының балаларын мектепке бейімдеу жұмыстары жүреді. Баланы мектепке бейімдеуде отбасы тәрбиесінің дұрыс болуы; тәрбиеші мұғалім мен қарым-қатынасы мен жұмыс істеу әдістеріндегі сабақтастық маңызды рөл атқарса, осы орайда даярлық, бастауыш сынып ата-аналармен кездесу өткізіледі.

Қорытынды. Өмірді жаңа тани бастаған баланың балабақша-мектепалды сынып –бастауыш мектеп оқу-тәрбие әрекетін жүйелі де дұрыс ұйымдастырылса, алғыр ойлы, зерек, қағілез, ширақ, батыл балдырғанды тәрбиелеудің алғашқы қадамы жасалды деп санауға болады. ХХІ ғасыр-бәсеке ғасыры, олай болса, Отанын сүйетін, тілімізді, ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгігін ұстайтын, кез-келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтардың тәрбиесін бесіктен, балабақшадан, мектепалды дайындықтан, бастауыш сыныптан бастап жүзеге асырады. [<https://bilimger.kz>]

4. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ПЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етуде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың белсенді формалары мен әдістері қолданылады. Сондықтан, сабақтастықты қалыптастырудың бірден бір қадамы ретінде тамыз айында мектепке жанынан 1 – сынып білім алушыларына арналған «Балақайлар мектебі» сағаттарының ұйымдастырылады. Сабақтар педагогтердің қалауымен оқу жоспары негізінде құрастырылады.

Ендеше, бұл әдістемелік ұсынымда педагогтерге арналған 1-сынып білім алушыларының мектепке дайындығын қамтамасыз ететін оқу дайындығы бойынша диагностика жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар, білім алушылардың қызығушылығын қалыптастыратын ақыл-ой дамыту сағаттары, математикалық сауаттылықтарын қалыптастыратын «Көңілді математика» сабақтар үлгілері ұсынылады.

4.1.Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешілеріне және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған бірінші сынып оқушыларының оқуға дайындығы бойынша диагностикасын жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар.

Мақсаты: мұғалімдерге қарапайым тесттер арқылы баланың қоршаған әлем туралы идеяларының қалыптасу деңгейін, оның математикалық қабілеттерін, зейінін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын анықтауға, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды дамыту бойынша ұсыныстар беруге көмектесу.

Мектепте оқуды бастау-бұл бала үшін мереке, бұл тек оқу ғана емес, сонымен қатар жаңа тәжірибе. Сонымен қатар, бұл жаңа орта және балаларға физикалық, психикалық және эмоционалды стрессті қамтитын жаңа қызмет жағдайларына бейімделу қажеттілігі. Сонда бала мектепке дайын ба? - деген сұрақ туындайды. Баланың мектепке дайындығының келесі критерийлерін анықтауға болады: жеке, зияткерлік, әлеуметтік-психологиялық және физиологиялық дайындық.

Физиологиялық дайындық-физиологиялық даму деңгейі, денсаулық жағдайы. Сондай-ақ маңызды-мектеп психологиялық функциялардың дамуы:

- Қолдың бұлшықеттерін дамыту (қол жақсы дамыған, бала сенімде түде қарындашпен, қайшымен қолдана алады);

- Кеңістікті ұйымдастыру, қозғалысты үйлестіру (жоғары-төмен, алғартқа дұрыс анықтай білу);

- «Көз-қол» жүйесіндегі үйлестіру (бала дәптерге қарапайым графикалық бейнені - өрнекті, фигураны - алыстан көрнекі түрде қабылдай алады (мысалы, кітаптан, тақтадан).

Тұлға дайындығы-егер мектеп оны сыртқы жағынан ғана (атрибутор: дәптерлер, портфолио) емес, жаңа білім алу мүмкіндігімен тартса, бала мектепке дайын деген сөз.

Әлеуметтік-психологиялық дайындық:

- оқу мотивациясы (мектепке барғысы келеді, оқудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді, жаңа білім алуға қызығушылық танытады);

- құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білу (бала оңай байланысқа түседі, агрессивті емес, балалардың қарым-қатынасындағы проблемалық жағдайлардың жолын таба алады, ересектердің беделін таниды);

- оқу тапсырмасын қабылдай білу (мұқият тыңдау, қажет болған жағдайда тапсырманы нақтылау).

Зияткерлік дайындық:

- жан-жақтылық, нақты білім қорының, білімге қызығушылықтың болуы;

- құбылыстар арасындағы байланысты түсіну, үлгіні жаңғырту;

- логикалық ойлауды дамыту (объектілерді байланыстыру, - салыстыру кезінде әртүрлі заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу мүмкіндігі);

- жалпы маңызды белгілері бойынша заттарды топтарға дұрыс біріктіре білу;

- ерікті зейіннің дамуы (жанама есте сақтау қабілеті, есте сақталатын материалды белгілі бір символмен байланыстыру мүмкіндігі (Сөз-сурет).

Мектепке дейінгі білім беруден бастауыш мектептегі білім беру сатысына дәйекті көшу, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, нысандарын, әдістерін, технологияларын сақтау және біртіндеп өзгерту мектепке дейінгі және бастауыш мектепте балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі сабақтастықты жүзеге асыру ретінде түсініледі. Бұл сабақтастық осы кезеңдердегі білім берудің жалпы мақсаттары мен міндеттерін анықтауға, баланың тиімді прогрессивті дамуына ықпал ететін бірыңғай мазмұнды сызық құру қажеттілігіне және нәтижесінде білім берудің келесі сатысына сәтті көшуге негізделген.

Тәрбиеші мен бастауыш сынып мұғаліміне бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығының педагогикалық диагностикасын жүргізу маңызды.

Педагогикалық диагностика процедурасы мыналарды қамтуы мүмкін:

- диагностикалық материалдар жиынтығы, тапсырмалар мәтіні;

- нәтижелерді талдау;

- диагностикалық деректер кестесі;
- тапсырмаларды орындауға арналған форма.

Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығын педагогикалық диагностикалау келесі бөлімдерді қамтиды:


- 1) кеңістіктік қабылдау жағдайын зерттеу;
 - 2) көру арқылы қабылдау деңгейін анықтау (заттың формасын бере білу);
 - 3) шоттың негізіндегі көріністерді, шоттың өзін, қосу және азайту операциялары туралы түсініктерді меңгеру деңгейін тексеру;
 - 4) элементтер саны бойынша екі жиынды салыстыру тәсілін анықтау;
 - 5) жіктеу жүргізілген белгілерді жіктеу және бөлу білігін анықтау;
 - 6) фонематикалық есту мен қабылдауды тексеру;
 - 7) дыбыстық талдау мен синтезді сәтті игеру алғышарттарының қалыптасуын зерттеу;
 - 8) моториканың және көру-моторлық үйлестірулерінің жай-күйін тексеру.
- Топтық жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім әр баланың қалыптасу деңгейі туралы мәліметтер алады:

- кеңістіктік қабылдау (тест 1)
- көру арқылы қабылдау (тест 2)
- элементтер саны бойынша екі жиынды салыстыра білу
- фонематикалық есту және қабылдау (тест 4)
- дыбыстық талдауды сәтті меңгерудің алғышарттары
- ұсақ моторика және көру-моторлық үйлестіру

1-тест. Кеңістік бағдарлау туралы баланың идеяларының деңгейін анықтау

Мақсаты: жазықтықта (солға-оңға, жоғары-төмен, арасында) бағдарлану қабілетін анықтау.

Бұл тестті орындау үшін сізге түрлі-түсті қарындаштар қажет.



1. Баланың суретіне қарап, оның тапсырмаларын орындаңыз. Суреттің төменгі сол жақ бұрышын қызғылт түспен бояңыз. Суретті төменгі оң жақ бұрышта жасыл түспен бояңыз. Парақтың ортасындағы суретті қызыл түспен бояңыз. Суреттің жоғарғы оң жақ бұрышты көк түспен бояңыз. Суреттің сол жақ жоғарғы бұрышты қызғылт сары түспен бояңыз.

2. Тасбақа мен иттің арасындағы нәрсені күлгін түспен бояңыз. Қоңыр түске- тасбақа мен пойыздың арасында орналасқан нәрсені боя. Піл ненің ортасында орналасқан? Оны көк түспен бояңыз. Ал күн? Оны сары түспен бояңыз. Ал қораз?

3. Арыстан тасбақаның қай жағында орналасқан? Балықтың қай жағында ит бар? Қораздан үстінде кім тұр? Қораздың астында кім бар? Тасбақаның оң жағында кім бар? Матрешканың сол жағында кім бар?

Нәтижелерді өңдеу.

Тест тапсырмасы	Бала не істеді	Балл саны
1	Оқығаннан кейін тапсырманы орындады	3
	Тапсырманы екі ет оқу қажет болды	2
	1-2 қате жіберді	1
	3-тен көп қате жіберді	0
2	дұрыс жауап берді, толық жауап беруге тырысты:" балық тасбақа мен иттің арасында " және т. б.	3
	1-2 қате жіберді, бірақ өзі түзетілді	2
	1-2 қате жіберді, түзетпеді	1
	3-тен көп қате жасады	0
3	дұрыс жауап берді, толық жауап беруге тырысты:" Арыстан қораздың сол жағында " және т. б.	3
	1-2 қате жіберді, бірақ өзі түзетілді	2
	1-2 қате жібердім, түзетпеді	1
	3-тен астам сұраққа қате жауап берді	0

Жалпы ұпай санын есептеңіз.

Тест нәтижелері

0-ден 2 баллға дейін-балада кеңістіктегі бағдар туралы математикалық идеялар қалыптаспаған.

3-тен 5 баллға дейін-балада кеңістіктегі бағдар туралы математикалық идеялардың деңгейі төмен.

6-дан 7 баллға дейін-балада кеңістіктегі бағдар туралы математикалық идеялардың қалыпты деңгейі бар.

8-ден 9 баллға дейін-балада кеңістіктегі бағдар туралы математикалық идеялардың жоғары деңгейі бар.

Кеңістіктік бағдарлауды дамыту бойынша ұсыныстар.

- Балаңызбен доп ойнап жатқанда, оның қайда екенін сұраңыз. Мысалы, доп бастың үстінде, аяқтың астында болуы мүмкін. Оң жақта, оңға, алға, артқа және т. б.

- Балаңызбен жарыс ұйымдастырыңыз: бөлмеде қандай-да бір заттың қайда орналасқаны туралы көбірек анықтама табу.

Мысалы: ваза қайда?

Ваза үстелде тұр.

Ваза сағаттың оң жағында тұр.

Ваза люстра астында және т. б.

- Бірнеше ойыншықтарды кездейсоқ ретпен әр түрлі биіктікке қойыңыз (мысалы, үстелге, орындыққа, еденге немесе үш сөреге) және басқа ойыншықтарға қатысты машинаның қай жерде екенін талқылаңыз.

Мысалы: машина аюдың оң жағында, машина қуыршақтың астында, машина локомотивтен жоғары және т. б.

- Бұл ойында «жоғарыда», «астында», «арасында», «ішінде», «үстінде», «арасында», «оң жақта», «сол жақта», «төменде», «жоғарыда», «алдында», «артында» және т. б. сияқты көрнекі сөздер қолданыңыз.

- Егер сіз кітапта көптеген заттар салынған суретті кездестірсеңіз, онда баладан оған қатысты не бар екенін сұраңыз. Мысалы, оған «Шыршаның оң жағында не өседі?», «Үйдің алдында кім тұр?», «Орындықтың астына не салынған?», «Күн немен боялған?», «Қоян не үшін жасырылды?»

2-тест. Баланың көру қабілетін анықтау

Бірінші сыныпқа кіретін мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінде оқушылардың мектеп талаптарына сәтті бейімделуін және олардың мектеп бағдарламасын игеруін қамтамасыз ететін жоғары психикалық функциялардың қалыптасу деңгейі төмен. Мектептегі оқу кезінде визуалды қабылдау жеткіліксіз қалыптасады, бұл баланың ойлау қабілетін қалыптастыруға әсер етеді және барлық мектеп пәндері бойынша бағдарламаны игеруіне байланысты.

Көрнекі қабылдау-бұл әртүрлі құрылымдық компоненттерді қамтитын күрделі процесс: объективтілік, құрылымдық, тұрақтылық, мағыналық, белсенділік және басқалар.

Бірқатар зерттеулер мүмкіндігі шектеулі мектеп жасына дейінгі балаларда мектепке дайындықтың жоқтығын анықтады. Бұл орталық жүйке жүйесінің функционалды күйінің жетілмегендігінде (тежелу мен қозу процестерінің әлсіздігі, күрделі шартты байланыстардың пайда болуындағы қиындықтар, интеранализаторлық байланыс жүйелерінің қалыптасуындағы артта қалушылық) көрінеді және балалардың жазу мен оқуды қатты меңгеруінің себептерінің бірі болып табылады, көбінесе ұқсас әріптерді араластырады, немесе оппозициялық фонемаларды білдіретін, сандардың құрамын игеруі төмен.

Балаға туындаған қиындықтарды жеңуге көмектесу үшін визуалды қабылдаудың нақты даму деңгейін және осы функцияның проксимальды даму аймағын анықтау қажет. Содан кейін сіз мектептегі сәтсіздіктің алдын алуға бағытталған Даму жұмыстарын бастауға болады.

Қабылдаудың келесі қасиеттерін зерттеуді ұсынамыз:

Объективтілік-Нысандар сенсациялардың ажырамас жиынтығы ретінде қабылданбайды, бірақ нақты объектілердің бейнелерін құрайды.

3-тест. Элементтер саны бойынша екі жиынды салыстыра алуды анықтау

Балаларды оқытудағы басты міндеттердің бірі-олардың бір жиынның элементтерін екіншісінің элементтерімен өзара салыстырудың практикалық әдістерін, біреуін екіншісіне қою арқылы белгілі бір заттардың элементтік жиынтығын салыстыруды, сондай-ақ бір жиынның екіншісіне элементтік қолданылуын дамыту. Балалар жиынтықтың санын анықтау және оны сандық қатынастарды көрсететін сөздердің көмегімен білдіру қабілетін игереді.

Салыстырудың ең қарапайым әдісі-қабаттасу. Балаларға сәйкестікті белгілеудің осы әдісін үйрету үшін боялған заттары бар карталар, содан кейін геометриялық фигуралары мен саны 3-6 дана, сондай-ақ ойыншықтар қолданылады. Суреттелген заттар қатарға орналастырылған. Суреттерге ұсақ заттар (үлестірме материал) немесе заттардың силуэттері қойылады.

Көрнекі материал балалар салыстыру қажеттілігін көретіндей етіп таңдалады: қояндарға сәбіз беру, гүлдерге көбелектер отырғызу, қуыршақтарға көйлектер кигізу және т. б.

Салыстыру қабілеті баланың назарын дамытады. Ол үшін табандылықты және ұзақ зейін қоюды талап ететін үстел ойындарына көбірек көңіл бөлу қажет (пазлдар, домино, лото)- бұл білім алушылардың танымдық белсенділігін ұйымдастырады. Баланың өз іс-әрекетін қалай ұйымдастыруды үйренуі оның зейінінің даму дәрежесін анықтайды.

Тапсырма 1.

Мақсаты: жиындарды элементтер саны бойынша салыстыру қабілетін анықтау (санау шеберлігіне қарамастан).

Тапсырма мәтіні. «Парақтарыңызда шеңберлер мен үшбұрыштар бейнеленген суретті табыңыз. Не көп: шеңберлер немесе үшбұрыштар? Егер шеңберлер көп болса, онда келесі шеңберді сызыңыз. Егер үшбұрыштар көп болса, онда басқа Үшбұрыш сызыңыз».

Тапсырманың орындалуын бағалау:


0 балл-салыстыру дұрыс жасалмады (бір Үшбұрыш салынды);

3 ұпай-салыстыру дұрыс жүргізілді (бір шеңбер жасалды).


Тапсырма 2.

Золушкаға өгей шешесінің тапсырмаларын орындауға көмектесті.


1. Гүлдерді құмыраға отырғызыңыз. Әр құмыраға өз тұқымын сал (баланың тапсырманы орындайтын уақытын белгілеңіз).




2. Кілемге жамау жасаңыз.




3. Жіптерді ашыңыз. Түрлі-түсті қарындаштардың көмегімен қай жіптің қай домалағынан екенін анықтаңыз.



4. Заттарды жөндеңіз. Жетіспейтін бөлшектерді аяқтаңыз.



5. Әр қолғаптың жұбын табыңыз.



- Жарайсың! Енді Күлшеқыз допқа жете алады!

Нәтижелерді өңдеу.

Тапсырма №	Бала не істеді.	Ұпай саны
1	Құмыраға фигураларды дұрыс салды, тапсырманы бір минуттан аз уақыт ішінде орындады.	3
	Тапсырманы дұрыс орындады, қателіктер жіберді, бірақ оларды түзетіп, бір минуттан аз уақыт жұмсадым	2
	1-2 қате жіберді және 1 минуттан көп уақыт жұмсады	1
	3-тен көп қате жіберді немесе 3 минуттан көп уақыт жұмсады	0
2	Барлық «жамаулады» дұрыс және тез алды	3
	Ол қателіктер жіберді, бірақ өздігінен түзетті	2
	1-2 қате жіберді	1
	3-тен көп қате жіберді	0
3	Жіптерді дұрыс бояды	3
	Дұрыс емес жіпке апарды, бірақ өздігінен түзетті	2
	Қателік жасады, оны байқамады	1
	Тапсырманы оындай алмады, үнемі дұрыс емес бағытта «бұрылды», дұрыс бағытын жоғалтты.	0
4	Барлық жетіспейтін бөлшектерді тапты, оларды аяқтады	3
	1-2 тапсырманы орындау қиындық тудырды, бірақ соңында тапсырманы өзі орындады	2
	Өзі 1-3 бөлікті таптым, қалғандары ересек адамның көмегімен оындады	1
	Бірде-бір бөлігін өзі таппады	0
5	Тапсырманы өз бетінше орындады	3
	Қате жіберді, бірақ өзі түзетті	2
	1-2 қате жіберді	1
	3-тен көп қате жіберді	0

Ұпайлардың жалпы санын есептеңіз.

Тест нәтижелері:

0-4 балл-баланың зейіні нашар дамыған. Оны дамыту үшін арнайы жаттығулар қажет.

5-8 балл - баланың зейіннің даму деңгейі төмен.

9-12 балл - баланың зейіннің қалыпты даму деңгейі бар.

13-15 балл - баланың зейіннің даму деңгейі жоғары.

Ұсынымдар:

Балаға жақсы көңіл бөлу үшін келесі әрекеттерді орындау керек.

- Күн тәртібін сақтау. «Режимдік» балалар әлдеқайда күшті назар аударады. Бұл олардың денесі белгілі бір ырғақта жұмыс істейтіндігіне байланысты, бұл оған энергияны үнемді жұмсауға көмектеседі: оны бала әдетте белсенді ойнайтын уақытта жұмсап, демалу мен ұйқы кезінде сақтайды. Осылайша, «режим» баланың назары анағұрлым қарқынды жұмыс істейді, өйткені дененің өзі белсенді назар аударуға бейімделеді.

- Баланың жұмыс (оқу) орнын тәртіпше ұстау, оны тәртіпке үйрету. Үстел таза болуы керек. Бөлме желдетілді. Кітаптар, қарындаштар, ойыншықтар-бәрі өз орындарында. «Портфолио» алдын-ала жинауды үйрету керек, қарындаштар өткір ме, қарындаш қораптағы барлық керек-жарақтарды тексеру керек.

- Балаға демалуға мүмкіндік беріңіз. Ең жақсы демалыс-бұл қызметтің өзгеруі. Баламен тыныш «отырықшы жұмыс» жасай отырып, әр 10-15 минут сайын үзіліс жасаңыз.

- Алаңдататын факторлардың әсерін болдырмаңыз: көшедегі Шу, теледидар, сирек иістер, қатты музыка. Баяу және тыныш музыка, әдетте, алаңдамайды, керісінше баланың назарын күшейтеді.

- Баланың назарын зияткерлік ойындар арқылы ғана емес, сонымен қатар ашық ойындарда да үйрету. Баладан дәлдікті, іс-қимыл жылдамдығын, шыдамдылықты талап ететін ойындар оның назарын аударады.

Сонымен қатар, балаларды дамыту әдістемелері бойынша, оларға үш нәрсені үйрету керек.

1. Қайта сұрау, Егер бір нәрсе түсініксіз болса, ойын тапсырмасында нені білдіретінін көрсетіңіз.

2. Өз іс-әрекеттеріңізді жоспарлаңыз. Тапсырманы орындау үшін не істеу керектігін айтыңыз, нақты нұсқаулар беріңіз

3. Тапсырманы орындағаннан кейін тексеріңіз.

Егер сіз баланы мектеп жасына дейінгі кезден бастап осы нәрселерге үйретсеңіз, онда мектептегі көптеген қиындықтар, олардың алаңдаушылығы мен өз жұмысын тексере алмауы. Сізді айналып өтеді.

Фонемалық есту мен қабылдаудың даму деңгейіне арналған тест

Балалардағы фонемалық есту қабілетін қалыптастыру диагностикасы:

1. Айтылмайтын дыбыстарды тану.

2. Дауыстың биіктігін, Күшін, тембрін ажырату.

3. Дыбыстық құрамы жағынан жақын сөздерді ажырату.

4. Буындарды саралау.

5. Фонемаларды саралау.

6. Қарапайым дыбыстық талдау дағдылары.

Фонемалық естуді тексеру жүйесі тесттік сипатта болады, оны жүргізу рәсімі және балдық бағалау жүйесі стандартталған, бұл ақау көрінісін көрнекі түрде көрсетуге және фонемалық есту қабілетінің бұзылу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Болашақта жүйе баланың фонемалық есту қабілетінің даму динамикасын және түзету әсерінің тиімділігін бақылауға ыңғайлы

Фонемалық есту қабілетінің бұзылуын дәлірек анықтау үшін балада қандай дыбыстық кемшілікте көп қалыптаспаған деңгейін анықтау. Нәтижелерді жиынтық бағалау бұзушылықтың көрінісі туралы толық түсінік береді және, ең бастысы, бағытталған түзету жұмыстарының стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

Есту арқылы сөйлеу дыбыстарын қабылдауды зерттемес бұрын, баланың физикалық есту қабілетін зерттеу нәтижелерімен танысу керек.

Фонемалық естуді зерттеу кезінде дыбысты айтудағы қиындықтар оның орындалу сапасына әсер етпеуі үшін, сөйлеуді болдырмайтын тапсырмалар қолданылады.

1. Сөйлемейтін дыбыстарды тану диагностикасы

Мақсаты: балалардағы айтылмайтын дыбыстарды тану қабілетін анықтау.

1. «Мұқият тыңдап, не естілетінін айтыңыз немесе көрсетіңіз».

Балаларға есту арқылы қай аспаптың дыбысталғанын анықтау ұсынылады: сылдымақ, қоңырау, бубен.

2. «Мұқият тыңдап, не айтылғанын анықтаңыз».

3. «Айтыңыз немесе көрсетіңіз».

- Не шу шығарады?

- Не ызылдап тұр?

- Кім күледі?

- Не естіледі?

- Не шырылдады?

Зерттеуге арналған мұғалім музыкалық аспаптармен, әр түрлі қораптармен (металл, пластмасса, ағаш, шыны), әр түрлі дыбыстарды естуге болатын ойындарды ұсынады; сондай-ақ, балаға таныс заттар (қарындаш, қайшы, бір кесе су және бос шыныаяқ, қағаз) көрсетіледі, визуалды қолдаусыз, балаға анықтау ұсынылады. ол не естіп тұр және ересек адамның әрекеттері туралы мүмкіндігінше толық айтады.

4. «Мен ойыншықты жасырамын, сіз оны іздейсіз. Егер сіз жақын болсаңыз, барабан қатты естіледі, егер алыс болса – ақырын естіледі».

5. «Мен қояндарды жабамын, ал сіз барабанда қай қоян ойнағанын білесіз. Үлкен қоянның барабаны қатты ойнайды, ал кішкентайы тыныш».

6. «Ойыншықтарға қарап, олардың қалай естілетінін есте сақтаңыз. Енді мен оларды жабамын, сіз қандай ойыншық дыбыс шығарғанын білесіз».

2. Дауыстың биіктігін, күшін, тембрін ажырату диагностикасы.

Мақсаты: балаларда бірдей дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің материалында дауыстың биіктігін, Күшін, тембрін ажырата білу қабілетін зерттеу.

1. «Бұрылып, балалардың қайсысы сізді шақырғанын біліңіз».

Баланың аты-жөні-4 рет (әр уақытта басқа адам)

Қысқаша (ау) айтылады – 4 рет (әр уақытта басқа адам).

2. «Мұқият тыңдаңыз және кім айқайлап жатқанын біліңіз, қажетті суретті алыңыз»:

- мысық-марғау; мияу (төмен) мияу (жоғары)

- қой-қозы; қозы -мә (төмен) қозы (жоғары)

- ешкі-лақ -ме (төмен) ме (жоғары)
- Спыр-бұзау -му (төмен) му (жоғары)

3. «Үш аю» ертегісінен қандай аю сөйлейтінін тыңдаңыз және біліңіз».

Мұғалім фразаларды өте төмен, содан кейін орташа биіктікте, содан кейін жоғары дауыспен айтады.

- Менің төсегімде кім ұйықтады? (төмен)
- Менің тостағанымнан кім жеді? (орташа)
- Менің орындығымда кім отырды? (жоғары)

Дыбыстық құрамы жағынан жақын сөздердің айырмашылығын диагностикалау.

Мақсаты: дыбыстық құрамы жағынан жақын сөздерді ажырату дағдыларын үйрену.

1. «Егер Мен суретті дұрыс атамасам, қолыңызды шапалақтаңыз, егер дұрыс болса-шапалақтамаңыз»:

- шляпа, сляпа, шьяпа, фляпа, шляпа;
- баман, панан, банан, ваван, баван;
- танки, фанки, шанки, танки, сянки;
- витанин, митавин, фитамин, витамин;
- бумага, тумага, пумага, бумага, бумака, бубака;
- альбом, айбом, яньбом, альмом, альном;
- птинец, пченец, птенесь, тинеть, птенец, птинеч;
- квекта, кветка, клетка, клетта, тлетка

Мұғалім балаларға суретті көрсетеді және Суретті нақты атайды, балалар суретке назар аудара отырып, осы сөздің бұрмаланған нұсқаларынан есту үлгісін анықтауы керек.

2. «Мысалы, қыс- қыз қайда екенін көрсет».

(Зерттеу омоним сөздерге суреттерді қолдана отырып жүргізіледі)

[п - б, п' - б']: почка - бочка, пашня — башня, порт — борт, пил — бил;

[т - д, т' - д']: тачка — дачка, тоска — доска, подушка — кадушка, тина -

Дина;

[к - г, к' - г']: класс — глаз, кора — гора, калька — галька, кит — гид, крот — грот;

[ф - в]: Фаня — Ваня, сова — софа;

[л - в, л' - в']: лоск — воск, лодка — водка, ленок — венлок;

[л - и, л' - й]: галка — гайка, стол — стой, галька — гайка;

[р - л]: рожки — ложки;

[р - л]: роза — лоза, храм — хлам, репка — лепка, Марина - малина;

[с - з]: суп — зуб, сайка — зайка, росы — розы, коса — коза;

[с - ц]: свет — цвет, лиса - лица;

[ш - ж]: шар — жар, Луша — лужа;

[ч - щ]: челка — щелка, плач - плащ, дочь - дождь;

[ч - ш]: чурка — Шурка, кочка — кошка;

[ч - т']: челка - телка, печка - Петька, речка — редька;

[с - ш]: каска - кашка, мыс - мышь, ус - уж;

[с - ж]: сук — жук, сыр — жир, усы — уши;

[с - щ]: лес — лещ, плюс — плющ;

[с - ч]: сайка - чайка, нос - ночь;

[з - ж]: роза — рожа, луза — лужа;

[м — м’]: Мишка — мышка;

[л — л’]: ел — ель, Юля — юла.

Бұл әдіс фонемалық есту қабілетінің айқын кемшіліктерін анықтайды.

3. «Бірдей сөздер ме, әлде басқаша ма? Олардың мағынасын түсіндіріңіз».

Тень — день, удочка — уточка, мышка — мишка, коса — коза, дочка — точка, щенок — сынок, рак — лак.

4. «Суреттерге қараңыз. Мен оларды атймын, ал сіз бұл суреттерді мен оларды атаған ретпен орналастырасыз».

Лексикалық материал: мак, рак, бак, лак, сок, сук, дом, ком, лом, сом, коза, коса, лужи, лыжи.

4. Буындадың дифференциациясының диагностикасы

Мақсаты: дыбыстарды қарама — қайшылықтар бойынша ажырату қабілетін анықтау: звонкость — глухость, твердость — мягкость, свистящие — шипящие и т.д.

1. «Жаңа буынды естігенде шеңберді көрсетіңіз».

на-на-на-па

ка-ка-га-ка

2. «Буындарды тыңдап, қайсысы артық екенін айтыңыз».

Лексикалық материал: на-на-На-па; па-ба-па; ка-ка-га.

3. «Мүқият тыңдап, артымнан буындады мүмкіндігінше дәл қайталаңыз».

(Мұғалім аузын экранмен жауып, буындарды айтады.)

да-та-да	ба-па-ба	ка-ка-га
та-да-та	па-ба-па	ка-га-ка
са-ша-са	за-са-за	ца-са-ца
ша-са-ша	са-за-са	са-ца-са
жа-ша-жа	ча-тя-ча	ща-ча-ща
ша-жа-ша	тя-ча-тя	ча-ща-ча
ра-ла-ра	ла-ра-ла	

Ескерту: Егер балаға үш буын сериясын көбейту тапсырмасы болмаса немесе ол есту жадының қатарға төмендеуіне байланысты айқын қиындықтар туғызса, онда сіз екі буыннан тұратын тапсырмаларды ұсына аласыз. Бала бір дыбыстан екінші дыбысқа ауыса алмайтын кезде табандылыққа ерекше назар аудару керек.

4. «Мен бірдей буындарды атағанда, сіз шапалақтайсыз, егер басқаша болса, онда сіз таптыңыз».

Лексикалық материал: па—да, па—па, ка—га, га—га, фа—ва.

5. Фонемалардың дифференциациясының диагностикасы.

Мақсаттары: 1. Фонемаларды саралау дағдыларын зерттеу.

Дыбыстық талдауды қалыптастыруға дайындығын тексеру.

1. «А» дыбысын естігенде шапалақтаңыз. Мұғалім дауысты дыбыстар тобын айтады- — а, о, у, и, ы, а, ә].

2. «А дыбысын естігенде қызыл шеңберді көтеріңіз».

(Жасыл шеңбер-дыбыс [и], сары шеңбер-дыбыс [у].)

3. "М" дыбысын естігенде шапалақтаңыз.

Мұғалім дауыссыз дыбыстар тобын айтады - [н, п, м, т, к, м, н, к].

4. «Мұқият тыңдап, артымнан қайтала»:

- ао, уа, аи,ио

- аиу, иао, уао, оиы

- аоуи, иоуа, иыоу, аоыу

Бұл тапсырма сөйлеу қозғалыстарының сериялық ұйымдастырылуын да, фонемалық есту ерекшеліктерін де бағалауға мүмкіндік береді.

6.Қарапайым дыбыстық талдау дағдыларын диагностикалау.

Мақсаты: қарапайым дыбыстық талдауды орындау дағдылары мен дағдыларын зерттеу.

1. «Мен қанша дыбыс шығарсам, сонша шеңбер салыңыз»:

ал ауиоа

2. «М» дыбысын естігенде үстелге шеңбер салыңыз; «р» дыбысын естігенде үшбұрыш салыңыз (мотор)":

мышь, комар, доска, окно, рама, дом, рыба, дрова, стол, шар.

3. «Сөздегі « а» дыбысын естігенде шеңберді көтеріңіз, «о» дыбысын естігенде шаршыны көтеріңіз, «у» дыбысын естігенде үшбұрышты көтеріңіз:

Аня, аист, осы, утка, Оля, Инна, улица.

4. «Қанша дыбыс шығарсам, сонша шеңбер саласың»:

а, ауи, иуа, ау.

5. «Суреттерді екі үйіндіге жайыңыз». Бір сөзде «т» дыбысымен, ал екінші сөзде «к»дыбысымен аяқталады.

Тақырыптық суреттер: веник, танк, рот, зонт, кнут, паук.

6. «Мен суретті толығымен көрсетпеймін және атаймын, бірақ сіз бұл сөзді толығымен айтасыз».

Тақырыптық суреттер: веник, танк, рот, кот, паук, сок, самолет, бегемот.

тан- ро-

пау- ко-

вени-самоле-

7. «Сөздегі алғашқы дыбысты атаңыз»:

аистИван утка

арбуз Илья улитка

альбомиголкаулица

8. «Дыбыстарға 2 сөз ойлаңыз: « а, у, и».

9. «Сөздегі алғашқы дыбысты атаңыз»:

малинаволны капуста

молоковафли кошка

10. «Сөздегі бірінші және соңғы дыбыстарды атаңыз»:

иголка избушка

улицаосы

ослики антилопа

избушка

Бағалау критерийлері:

4 балл – тапсырманы дәл орындау

3 балл -өрескел қателіктер жібереді


2 балл - 0,5 тапсырманы дұрыс орындады

1 балл – 0,5-тен астам тапсырма дұрыс орындалмады

0-тапсырманы қабылдамау немесе орындамау.

Баланың саны мен мөлшеі туралы ойлау деңгейін анықтауға арналған тест.

1. Дәрігерге кезекте қанша жануар тұрғанын есептеңіз? Күннің қанша сәулесі бар? Аспанда қанша бұлт бар?



2. Кім бірінші тұр? Соңғы? Соңғысының алдында? Ортасында?

3. Қолтырауын нешінші болып тұр? Тасбақа? Жолбарыс? Түйе?

4. Құстарға дәрігердің қабылдауына кіруге көмектесіңіз. 3-тен 8-ге дейін санаңыз.

5. Дәрігерге жануарларды емдеуге көмектесіңіз. 9-дан 4-ке дейін санаңыз.

Нәтижелерді өңдеу.

Тест тапсырмасы	Бала не істеді	Балл саны
1	Бірінші әрекетті орындады, толық жауап берді: «5 жануар кезекте тұр» және т. б.	3
	Кейде қайта санап, қысқаша 2 жауап берді	2
	Қателерді ересектердің көмегімен түзетіп, өзі шығарды ;	1
	Орындай алмады;	0
2	Бірінші әрекетті орындады, толық жауаптар берді: «бірінші-түйе» және т. б.	3
	Кейде қайта санап, қысқаша жауап берді	2
	Қателерді ересектердің көмегімен түзетіп, өзі шығарды;	1
	Орындай алмады;	0
3	Бірінші әрекетті орындады, толық жауаптар берді: «Тасбақа екінші» және т. б.	3
	Кейде қайта санап, қысқаша жауап берді;	2
	Орындады кейін қателерді түзетті;	1
	Орындай алмады;	0
4	Тапсырманы оңай орындады;	3
	Қиын болды, бірақ тапсырманы орындады.	2

	Есепті уақытында тоқтатқан жоқ, жалғастырды: «8,9,10».	1
	Сандарды өткізіп жіберді, сандардың ретін өзгертті;	0
5	3 тапсырманы оңай орындады. Қиын болды, бірақ 2-тапсырманы орындады.	3
	Өз есебін уақытында тоқтатқан жоқ, «4,3,2» жалғастырды.	1
	Сандарды өткізіп жіберді, сандардың ретін өзгертті.	0

Жалпы ұпай санын есептеңіз.

Тест нәтижелері

0-ден 4 баллға дейін-балада сан мен есеп туралы математикалық идеялар қалыптаспаған.

5-тен 8 баллға дейін-баланың саны мен мөлшері туралы математикалық идеялардың деңгейі төмен.

9 – дан 12 баллға дейін-баланың саны мен мөлшері туралы математикалық идеялардың қалыпты деңгейі бар.

13 - тен 15 баллға дейін-баланың саны мен мөлшері туралы математикалық идеялардың жоғары деңгейі бар.

Балалардың саны мен мөлшері туралы түсінік қалыптастыру бойынша ұсыныстар.

- Алдымен баланы іс-әрекеттің көмегімен санауға үйретіңіз: саусақтарды қысып, санау таяқшаларын немесе заттарды өздері ауыстырады. Бұл оған әрбір келесі сан басқа затты қосуға сәйкес келетінін түсінуге көмектеседі.

- Серуендеу кезінде (аулада қанша ағаш бар), көліктер (біз қанша бағдаршамнан өттік) және үйде (үстелде қанша табақ, сөреде қанша ойыншық бар) заттарды санаңыз.

- Сандық есепті ғана емес, сонымен қатар реттік (бірінші, екінші, үшінші...).

- Баланы доппен ойнау кезінде санауды үйретіңіз (мысалы, допты еденге, қабырғаға ұру, допты лақтыру).

- Есеп бар санауыштар мен әндерді үйреніңіз.

- Тура есепті (1-ден 10-ға дейін) ғана емес, кері санауда (10-нан 1-ге дейін) қайталаңыз. Балаңыздан 3-тен 7-ге дейін немесе 8-ден 2-ге дейін санауды сұраңыз.



Баланың ұсақ моторикасының даму деңгейін анықтауға арналған тест.

Роботқа қуат пультіне өтуге және батареяларды қайта зарядтауға көмектесіңіз.

1. Оны қарындашты үзбей, лифтке қарай жүргіз.


2. Роботқа лифтке кіруге көмектесіңіз. Лифтке дәл сол роботты салыңыз.

3. Робот бір қабатқа түсті. Үлгіні жалғастыра отырып, оған көпір салыңыз.



4. Қайта зарядтауды бастау үшін кодты енгізіңіз. Мониторға «зарядтау» сөзін салыңыз.

Қайта зарядтау



Жарайсың! Енді роботтың батареялары қайтадан қуатқа толы!

Нәтижелерді өңдеу.

тапсырма №	Бала не істеді.	Ұпай саны
1	Шетіне шықпай, қарындашты үзбей, жолмен жүрді;	3
	Аздап 1 рет шетінен өтті;	2
	2-3 рет шетінен шықты немесе қарындашпен үзіп жүрді;	1
	Шетінен 3 реттен көп шықты.	0
2	Сол роботты салды.	3
	Мен тапсырманы орындадым, бірақ қателіктер жібердім, өшірдім, қайта салдым;	2

	Роботты дәл емес қайта салды.	1
	Ол робот сияқты емес фигураны салды.	0
3	Үлгісін жалғастырды.	3
	Мен үлгіні жалғастырдым, бірақ қателіктер жібердім, өшірдім, қайта салдым;	2
	Үлгісін дәл емес жалғастырды.	1
	Үлгісіне ұқсамайтын нәрсе салды.	0
4	Сөзін дәл шығарды.	3
	Мен тапсырманы орындадым, бірақ қателіктер жібердім, өшірдім, қайта жаздым;	2
	Сөзді бояды, бірақ дәл емес ;	1
	Ол сөзін еске түсірмейтін нәрсе салды.	0

Ұпайлардың жалпы санын есептеңіз.

Тест нәтижелері

0-2 балл - балада ұсақ моторика дамымаған. Оны дамыту үшін арнайы жаттығулар қажет.

3-5 балл - балада ұсақ моториканың даму деңгейі төмен.

6-9 балл - балада ұсақ моториканың қалыпты даму деңгейі бар.

10-12 балл - балада ұсақ моториканың даму деңгейі жоғары.

Балада ұсақ моториканы дамыту бойынша ұсыныстар.

Ұсақ моториканы біз қолымызбен жасайтын барлық нәрсе дамытады. Ең алдымен, бұл бейнелеу өнері: модельдеу, сурет салу, аппликация, бояу, оригами, кесу.

Сурет салу, модельдеу және дизайн ұсақ моторикадан басқа, есте сақтау, зейін, ойлау және қиялды дамытады.

Сондай - ақ, ұсақ моториканың дамуына әртүрлі ұсақ заттарды айла-шарғы жасау ықпал етеді: мозаика жасау, жұмбақтар жинау, моншақтарды жіпке байлау, түймелерді бекіту, түйіндерді байлау, өру, мандариндерді аршу, жұмыртқаны қабықтан тазарту.

Сондай-ақ, балаға ұсынуға болады: қамырдан печенье жасау, тортты безендіру, етіктерді байлау, түйіндеп байлау, жіпті катушкаға орау, жіпті допқа орап көріңіз, жарманы сұрыптауға, жидектерді жинауға, шаңды сүртуге көмектесіңіз, дақ қалдырмай, өшіргішпен өшіріңіз, қарындаштың ізін қалдырмаңыз.

Саусақтардың массажы ұсақ моториканың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, егер бала шаршаған болса, мысалы, сурет салу кезінде қолдың бұлшықеттерін босаңсытуға көмектеседі. Сондай-ақ, қолды жұдырыққа 10 секундқа қатты қысу қолды босаңсытуға көмектеседі: содан кейін қолдар өздігінен босаңсытады.

Балалардың ұсақ моторикасын дамытуға «нүктелі сызықпен айналдыра», «жол бойымен жүргіз», «затты көлеңкелеңіз», «заттың екінші жартысын дәл сызыңыз», «ұяшықтарды сызыңыз» және т. б. сияқты тапсырмалар ықпал етеді.

Психологиялық және әлеуметтік баланың мектепке дайындық тесті

Нұсқаулық: мен сізге бірнеше ұсыныстарды оқимын. Егер сіз келіссеңіз, қағазға + қойыңыз.

№	сұрақтар	жауаптар
1	Мен мектепке барған кезде көптеген жаңа достарым болады.	
2	Менде қандай сабақтар болатыны қызықтырады.	
3	Мен бүкіл сыныпты туған күніме шақырамын деп ойлаймын.	
4	Мен сабақтың үзілістен гөрі ұзақ болғанын қалаймын.	
5	Мен мектепке барғанда жақсы оқимын	
6	Мен мектепте таңғы асқа не ұсынылатыны туралы ойлаймын.	
7	Мектеп өміріндегі ең жақсы нәрсе – демалыс.	
8	Мектепте бақшаға қарағанда әлдеқайда қызықты көрінеді.	
9	Мен мектепке барғым келеді менің достарым да мектепке барады.	
10	Егер мүмкін болса, мен былтыр мектепке барар едім.	

Нәтижелерді бағалау:

Жоғары деңгей - егер бала кем дегенде 8 плюс қойса

Орташа деңгей-4-тен 8-ге дейін, бала мектепке барғысы келеді, бірақ ол оны оқудан тыс жақтарымен тартады. Егер алғашқы 5 ұпайға көп артықшылық болса, онда бала жаңа достар мен ойындарды армандайды, ал егер 6 – дан 10-ға дейін-мектеп идеясы қалыптасса, қарым-қатынас оң болады.

Төмен деңгей - 0-ден 3-ке дейін. Баланың мектеп туралы түсінігі жоқ, оқуға ұмтылмайды.

Осылайша, мектепке дайын бала мектеп бағдарламасының талаптарына сәйкес оқи, жаза және санай алатын бала емес, мектепте оқу дағдылары қалыптасқан бала.

Мысалы, Л.А. Венгер мектепке дайындық ұғымын «белгілі бір деңгей: Әлеуметтік дағдылар, оның ішінде құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау, жағдайды бағалау және олардың мінез-құлқын реттеу, онсыз оқыту мүмкін емес немесе қиын болатын функцияларды дамыту»деп түсіндіреді.

Л.М. Безруких баланың мектепте зияткерлік оқуға дайындығы-баланың морфологиялық, функционалдық және психикалық даму деңгейі деп санайды, онда жүйелі оқыту талаптары шамадан тыс болмайды және баланың денсаулығының бұзылуына әкелмейді.

Қазіргі уақытта мектепке дайындық кешенді психологиялық зерттеулерді қажет ететін көп компонентті білім болып табылады. Мектеп табалдырығын аттаған бала белгілі бір физикалық, ақыл-ой, эмоционалды және әлеуметтік дамуға сәйкес келуі керек. Бұл оның болашақ мектептегі үлгерімінің КЕПІЛІ.

4.2. Мектепке даярлық тобында «Әріптер ойыны ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары үлгілері

Білім беру саласы; Қатынас

Тобы: Мектепалды даярлық «А» тобы

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Сауат ашу

Тақырыбы: Ә дыбысы мен әрпі

Мақсаты: Ә дыбысы туралы алған білімдерін толықтыру, ә әрпіне байланысты сөздерді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасату, сөйлеу қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Баланың әрекеті
Сабақтың басталуы	<p>I. Ұжымдық әрекет</p> <p>- Сәлеметсіздерме балалар. Бүгінгі сауат ашу сабағы өзгеше өткелі отыр, оған себеп, бүгін бізге қонаққа</p> <p>Апайлар келіп отыр. Солармен амандасып алайық.</p> <p>II. Психологиялық дайындық.</p> <p>1. Қайырлы таң досым</p> <p>Қайырлы күн болсын</p> <p>Жеті күннің әр кезі</p> <p>Сәттілікке толсын</p> <p>Біздің алар бағамыз, кілең бестік болсын!</p>	Шаттық шеңберінде тұрып жаттығу жасайды.
Сабақтың негізгі бөлімі	<p>-Апайлармен бірге бізге қонаққа әже де келіп отыр. Ол кісі сендерден көмек сұрай келіпті.</p> <p>Әженің Әсет және Әсел деген екі немересі бар екен. Екі бала ауыл сыртындағы орманға саңырауқұлақ теруге шығып адасып кетеді. Сол балаларды тауып беруіміз керек.</p> <p>Қане. әжемізге көмектесеміз бе?</p> <p>- Иә</p> <p>- Ол үшін балалар сендер менің сұрағымды мұқият тыңдап, жауап беріп отырындар</p> <p>II. Үй тапсырмасын бекіту.«Кім зерек?» ойыны (сұрақ-қауап)</p> <p>Миға шабуыл.</p> <p>- Өткенде қай әріппен таныстық?</p> <p>- I дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?</p> <p>- Неге дауысты дыбысқа жатқызамыз?(ереже)</p> <p>- Қане, сол I дыбысына сөздер ойлап жіберіндерші (слайд)</p> <p>- Жуан айтылып тұр ма, жіңішке айтылып тұр ма?</p>	Балалар үй тапсырмасын берілген дыбыстарды еске түсіріп, дауысты, дауыссызын ажыратады. Сұрақтарға жауап береді.

- - Дыбыс деген не? (Дыбысты естиміз, айтамыз)
 - Әріп деген не? (Әріпті жазамыз, көреміз, оқимыз)
 -Өте дұрыс, біз әжемізге көмектесуге дайынбыз.
 4-к модулі коммуникативтік.
 - Әжеміз келе жатса алдынан бір үлкен өзен шығыпты. Бұл кісіні өзеннен өткізу үшін тапсырма орындауымыз керек.
«Өзеннен өту»(слайд өзеннің суреті)
 Жұмбақтың шешуін дұрыс шешкендер әже өзеннен өтеді
 -Бұрап қойған сағаттай,
 Айқайлайды таң атпай. (**әтеш**)
 -Жарайсыңдар балалар, біз әжемізді өзеннен де өткіздік
 - Әтеш. Әтеш сөзі қай дыбыстан басталып тұр?
 - Ә дыбысынан -Бүгінгі өтетін тақырыбымыз Ә дыбысы мен әрпі.
 - Ә дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Бұны білу үшін бәріміз Ә деп әндетейік.
 - Қандай дыбыс екен? - Дауысты
 - Ә – Ауыз мол ашылып, тіл мен иектің төмен түсуінен пайда болатын жіңішке дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады
 Өзеннен де өтіп орманға келдік
 - Орманды кәне көз алдымызға елестетейікші
 - (балалар өз ойларын айтады)
 - Қандай аңдарды білетін едік.
 - Олай болса әжеге кедергі келтіріп тұрған аңдардың тапсырмасын әрі қарай орындап біз әжеге көмектесейік.
 1 - ші аң – қасқыр: Ол қандай аң?
 Қасқырдың тапсырмасы: Ә әрпінен сөз ойлау, дыбыстық талдау жасау, буынға бөлу.
 - Қасқырдың тапсырмасын орындаймыз. Ә әрпінен басталатын сөздер ойлап, дыбыстық талдау жасаймыз. (дыбыстық талдау)
 - Ән, дәрі, әтеш, әке- Өте жақсы.
 - Қасқырдың сыйластық жақсы сөзі: Жолың болсын!
Сергіту жаттығуы:
 Орнымыздан тұрайық,
 Көгершінге ұқсайық.
 Көгершін боп ұшып ап,

	<p>Кәне, канат қағайық Орнымызды табайық Әдемі етіп жазайық. Келесі кедергіде тұрған аң - қоян. Оқулықпен жұмыс: Кірпінің сыйластық сөзі: «Саған сәттілік тілеймін!» Келесі кездесетін аң – аю Аюдың тапсырмасы: «Ажырату» а) Сөздерді буынға бөліп көрсет. Әншілер, әпкелер, бәйшешек. Ә) Буындардан сөз құрау ән - ші Аюдың сыйластық сөзі: «Рахмет сау бол!» Дыбысты біз айтамыз, естиміз. Әріпті біз жазамыз, көреміз. Әріптің баспа, жазба түрі бар. Біз мектеп алды даярлық тобында баспа түрімен танысамыз. Ә әрпін енді кәне мен тақтаға салып көрсетемін сендер соны мұқият қараңдар: Жоғарыдан - Ә - бас әрпімен сөйлемнің басында, адамның аты, қаланың аты келеді, кіші әрпімен сөйлемнің соңында, ортасында жазамыз. Ауада жазу, тақтаға жазу. Дәптермен жұмыс Жазу кезінде кеудені тік көтеріп дәптерді қиғаштап, қаламды дұрыс ұстап жазамыз.</p>	
<p>Сабақтың қорытынды бөлімі</p>	<p>- Міне, балалар, біз сендер мен әжеймен немерелеріне көмектестік. Біз әрқашан әже ақылын тыңдап, әдепті, әдемі, мейірімді болып өсеміз. Сабаққа жақсы қатысқан оқушылар білімін бағалап, мадақтап Әженің сыйлығы ретінде жұлдызша тарату. Мадақтау, бағалау. Мұғалімнің айтқанын Мықтап миға тоқимыз. Бар ынтамен тыңдасақ, Кілең беске оқимыз.</p>	

Күтілетін нәтиже:

Баланың білуі: Ә дыбысы мен әрпі туралы ақпарат алды.

Баланың меңгеуі: дауысты дауыссызын ажырату әдісін меңгерді.

Баланың жасай алуы: Өз бетімен оқуды, жазуды үйренді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары №2

Білім беру саласының мазмұны: Қатынас.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі: Сауат ашу.

Тақырыбы: М дыбысы және әрпі.

Мақсаты

Білімділік: Балаларға М әрпін таныту, М дыбысының сөздегі орнын айыра білу, М-дыбысы бар сөздер ойлату,буынға бөлу, дыбыстық талдау жасату, сөйлем құрату.

Тәрбиелік: Оқу іс-әрекеті барысында ұқыптылыққа, таза, дұрыс жазуға үйрету, бірін-бірі тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.

Дамытушылық: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттырып, тіл байлығын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Көрнекілігі: Суретті әріптер, мақта суреті, әліппе-дәптер.

Әдіс-тәсіл: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету.

Билингвистикалық компонент: мақта-вата, мысық-кошка, жүзім-виноград.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Сабақтың басталуы	<p>Амандасу Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Қонақтарды құрметтеп, Бас иеміз біз.</p> <p>Тәрбиеші -Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын.</p> <p>Балалар «Айналайын» десе, қуанамын мен, «Айналайын» десе, қуанасын сен. Қуанышқа бөленіп, Шаттанайық кел. -Қане, балалар, осы оқу іс-әрекетіндегі көңіл-күйіміз қандай? -Жақсы олай болса, өткен оқу іс-әрекетін еске түсірейік.</p> <p>Д дыбысы мен әрпі. -Д дыбысы қандай дыбыс? -Неге дауыссыз дыбыс? -Дыбыс пен әріптің айырмашылығы неде? -Д дыбысы кездесетін сөздерді ата. -Буынға бөл, дыбыстық талдау жаса, сөйлем құра.</p>	<p>Балалар амандасады.</p> <p>Балалар өлеңді қуанышты көңілмен айтады.</p> <p>-Жақсы.</p> <p>-Дауыссыз дыбыс. -Кедергіге ұшырап, қысқа айтылады. -Дыбысты айтамыз, естиміз.Әріпті</p>

<p>Сабақтың негізгі бөлімі</p>	<p>-Жарайсындар, балалар,мен енді сендерге жұмбақ жасырайын. Өзі ақ,жеңіл,үлпілдек, Бағалы, қажет өсімдік. Аламыз одан май да, Тігеміз одан киім де. Мақта. Мақта-көпжылдық өсімдік туысы,бағалы талшықты дақыл. Мақтадан тағамдық техникалық май, мақта мамығы т.б.өнімдер алынады. Мақта тоқыма өнеркәсібі үшін негізгі шикізат. Мақтаның ұзын талшықтарынан әр түрлі маталар-бәтес, сәтен тоқылса, қысқа талшықтарынан пластмасса, фотопенка, дәрілік мақта, жанғыш пілте, жасанды жібек, жіп т.б. дайындалады. -Балалар мақта сөзі қай дыбыстан басталып тұр?(Сиқырлы кітап-электронды оқулық) -М дыбысы қалай айтылып тұр? -Олай болса қандай дыбыс? -Қандай текшемен белгілейміз? -М дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. Мыс: Мысық,алма ,алмұрт, жүзім т.б.(орысша тіліне аудару) Буынға бөлу,дыбыстық талдау жасау,сөйлем құрау.</p> <p>Дәптермен жұмыс Оқу м-а ма ма мата м-ой мой-нақ шам мал м-ай май-мақ том мол</p> <p>Сергіту сәті Қоюланып тағы бұлт, Жаңбыр жауды себелеп. Жапырақты жамылып, Бұға қалды көбелек.</p> <p>-Балалар, М әрпі неге ұқсайды?(қол алысып тұрған екі балаға,түйенің екі өркешіне)</p>	<p>көреміз, жазамыз. Сөздер айтады,буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды. Сөйлем құрайды.</p> <p>Мақта.</p> <p>М дыбысынан.</p> <p>Балалар қайталайды. Кедергіге ұшырап, қысқа айтылып тұр.</p> <p>Мы-сық 2-буын, 5-дыбыс,5-әріп, 2-дауысты,3-дауыссыз.Біздің үйде мысық бар.</p>
---------------------------------------	---	--

Сабақтың қорытынды бөлімі	<p>М әрпін қаламмен, жіппен, саусақпен жасап көрейік.</p> <p>Жазу М әрпін алдымен ауада жазу, сосын дәптерге жазу. МММ ммм</p> <p>Ойын М әрпі басында, ортасында, соңында кездесетін сөздерді тиісті сандықшаға жинау.</p> <p>-Жарайсындар балалар бүгін біз қандай әріппен таныстық? -Ол қандай дыбыс? -Ол сөздің қай жағында кездеседі? -М дыбысы кездесетін сөз айту.</p> <p>Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Көңіл-күйлерін сұрау.</p>	<p>Балалар М әрпін ауада, Содан соң дәптерге жазады.</p> <p>Ойын ойнайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>
---------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже: Балалар М дыбысы туралы толық түсінік алады. М дыбысы кездесетін сөздер ойлап табады, буынға бөледі дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. М әрпін жазады, буынды, сөзді оқиды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Коммуникация

Бөлімі: Сауат ашу және жазу

Тақырыбы: «Дыбыс және оның сөздегі мәні»

Мақсаты: Балаларды сөзбен әр түрлі дыбыстарды естуге үйрету. Сөзге жетіспейтін дыбысты қосу, дыбыстарды айту, оларға сипаттама беру, табандылықты тәрбиелеу қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: Жәндіктердің, жануарлардың суреттері, аудиотаспа.

Билингвалды компонент: Дыбыс-звук

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	<p>Балалар, шаттық шеңберіне тұрып бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлайық. Армысың алтын күн! Армысың көк аспан!</p>	

	Армысың жер ана! Армысың жан досым!	Балалар қимылмен көрсетеді
Ұйымдастырушылық ізденушілік	<p>-Балалар, бүгін біз сендермен Дыбыстар әлеміне саяхатқа барамыз. Аудио жазбадан әртүрлі дыбыстар естіледі (құстардың, жануарлардың).</p> <p>-Тыңдап көрейік, нені естіп тұрсыңдар?</p> <p>-Әрине бұл дыбыстар, құстар мен жануарлардың дыбыстары. Дыбысты біз естиміз және айтамыз. Табиғатта әртүрлі дыбыстарды кездестіреміз. Сөздер дыбыстардан құралған. Дыбыстар әртүрлі естіледі, кейбір дыбыстарды біз қатты айтсақ, кейбір дыбыстарды тыныш айтамыз.</p> <p>-Балалар енді біз ойнап алайық</p> <p>Ойын: «Сөз айтамын, тез айтамын»</p> <p>Балалар шеңберге тұрады, тәрбиеші шеңбердің ішінде, қолында доп, балаларға допты лақтырып сөз айтады, балалар сөздерді қайталап айту керек. Доп, үсстел, қасшық, шеллек, күррек, ұршшық.</p> <p>Дыбыстармен әндетейік: Қу түлкі</p> <p>Кі-кі-кі бұл қу Түлкі Да-да-да тұрады ол орманда Пі-пі-пі бар досы оның Кірпі Да-да-да олар дос әрқашанда</p> <p>-Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Ендеше «Шалқан» ертегісін тыңдайық.</p> <p>Мнемотехника әдісін пайдалатын тәрбиеші «Шалқан» ертегісін айтып береді. Ертегідегі ұқсас сөздерді айтып отырады.</p> <p>Сергіту сәті:</p>	<p>Балалар тыңдайды.</p> <p>Балалар сөздерді қайталайды.</p> <p>Балалар дыбыстарды әндетеді.</p> <p>Балалар ертегіні тыңдайды.</p>

	<p>Жайқалады ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Ойын: «Қандай дыбыс жоғалды?» Тәрбиеші сөздер айтады, сөздердің бірінші дыбыстарын жасырып қалады. Балалар қандай дыбыстың жоғалып қалғанын тауып айту керек. <i>астарқан (Д), аушан (Р), олған (Қ), ары (С), ызық(Қ)</i></p>	<p>Балалар қимылмен көрсетеді.</p>
<p>Рефлексиялық түзетушілік</p>	<p>Балалар бүгінгі біздің саяхатымыз сендерге ұнады ма? -Ендеше сұрақтарға жауап берейік: -Сөздер неден құралады? -Дыбыс дегеніміз не? -Дыбыстар қандай болуы мүмкін?</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>

4.3 «Балақайлар мекебіне» арналған «Көңілді математика» курсының жоспары үлгілері

Түсінік хат

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-25 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес «жазғы айларда мектепалды даярлықты күшейту» міндеті қойылған [1]. Осы негізде мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты күшейту үшін мектептер жанынан жазғы кезеңде қысқа мерзімді мектепалды даярлық курстары, «Балақайлар мектебі» ұйымдастырылуда. Даярлық курстарының мақсаты бүлдіршіндердің мектепте оқуға деген ынтасын, зияткерлік, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін білім беру ортасын құру және табысты бейімделулерін қамтамасыз ету [3]. Қысқа мерзімді даярлық курстарының мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделеді және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», Шығармашылық», «Әлеумет» салалары қамтылып іске асырылды.

Ұсынылып отырған «Көңілді математика» таңдау курсының бағдарламасы мектеп жанынан ашылған қысқа мерзімді мектепалды даярлық курстарының «Математика негіздері» пәніне қосымша ұсынуға арналып құрастырылды.

Бағдарлама 20 сағатқа арналып жасалған. Апталық жүктемесін мұғалім даярлық курс ұзақтығына қарай ыңғайлап алуына болады.

«Көңілді математика» таңдау курсының **мақсаты:** бүлдіршіндердің математика негіздерінен алған білім, білік, дағдыларын толықтырып, мектептегі математика пәнін қиындықсыз оқып кетуге мүмкіндік жасау. **Міндеттері:**

- Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін дамыту;
- Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, құрастыру, модельдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау) жаттықтыру;

- Таным процестерін: зейінді, есте сақтауды, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, логиканы дамыту.

Курс сабақтарында болашақ 1-сынып оқушылары «Көңілді математика» еліне саяхат жасап, қызықты тапсырмалар арқылы бастапқы математикалық білімдерін бекітіп, логикаларын ұштайды. Сабақ барысында заттардың қасиеттерін ажыратып, қолда бар материалдармен цифрлар құрап, заттар саны мен цифрды сәйкестендіре алады, 10-ға дейін тура және кері санайды, берілген мөлшердегі заттарды санайды, есептей алады, топтайды, бөліп алады, заттарды белгілері бойынша салыстырады. Кеңістікте, жазықтықта, қағаз бетінде бағдарлай алады. Геометриялық фигуралар сырымен танысады, $+$ / $-$ амалдарын, $=$, $<$, $>$ таңбаларын ажыратып, қажетті жерде дұрыс қолдана алады. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды табады, заттар тобынан артық затты бөледі, ұқсас белгілері бойынша заттарды топтайды. Заттардың логикалық қатарын жалғастырады, математикалық жұмбақтарды, ойын-есептерді, ребустарды шешеді. Ұсынылатын қызықты тапсырмалар ойын әрекетінде балаларды мектептегі математика пәнін оқуға дайындауға мүмкіндік береді.

Курс соңында күтілетін нәтиже:

Мектеп табалдырығын аттағалы отырған бүлдіршіндер математика пәнінен қажетті бастапқы базалық білімді меңгеріп, мектептегі математика пәнін оқуға бейімделеді.

- Берілген мөлшердегі заттарды санайды және есептей алады;
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
- Заттардың қасиетін ажыратады;
- Кеңістікте және жазықтықта бағдарлайды;
- Геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды;
- Заттарды қосып, азайтады, $=$, $<$, $>$ таңбаларын дұрыс қолданады.

«Көңілді математика» таңдау курсының бағдарламасы
(«Балақайлар мектебі» /Мектепалды даярлық курстарына арналады)

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Заттардың қасиеттері	1
2	Кеңістікте бағдарлау	1
3	Жазықтықта бағдарлау	1
4	«Не қайда орналасқан?»	1

5	1,2,3,4,5 сандары	1
6	6, 7, 8 сандары. Реттік санау	1
7	9,10 сандары. Топтап санау	1
8	Өзіңді тексер!	1
9	Сандық қатар. Тура/кері санау	1
10	Ғажайып таңбалар. «Артық», «кем», «тең» ұғымдары	1
11	Қосу және азайту	1
12	Қосу мен азайтуға есептер шығару	1
13	Математикалық қызықты есептер, математикалық жұмбақтар	1
14	Фигуралар сыры (Шаршы, тік төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша)	1
15	Геометриялық фигуралардан заттар құрастыру	1
16	Заңдылықтар әлемі	1
17	Уақытты бағдарлау (таң, күн, кеш, түн, апта күндері)	1
18	Уақытты бағдарлау (ай, жыл, жыл мезгілдері)	1
19	Логикалық ойлауды дамыту тапсырмалары	1
20	Қайталау. Өзіңді тексер.	1

Барлығы- 20 сағат

1 – сабақ

Сабақ тақырыбы: Заттардың қасиеттері

Сабақ мақсаты: Балалардың пішін және түс, мөлшер туралы білімдерін анықтау заттардың қасиеті туралы түсінігін дамыту.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру: Оқшылардың назарын сабаққа аудару және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін «Көңілді математика еліне» саяхат жасауға шақыру. Әр сабақта «Көңілді математика елінде» білімімізді толықтырып, жана тақырыппен танысып, қызықты тапсырмалар орындайтынымызды ескерту.

II. Өткенді қайталау, жаңғырту

-Көшедегі үйлер қанша? Көліктер қанша екенін сана.





- Қызыл үй көп пе, сары үй көп пе?

- Қандай үйлер биік? Аласа үйлер қандай түсті?

- Қызыл үйлер неше қабатты? Сары үйлер ше?


III. Жаңа сабақ

№1 тапсырма. Көңілді математика елінің жалауы бар екен. Жалаудағы белгілерге және оның түсіне мұқият қараңыз. Әр түсті торкөздің тұсына сол түсте неше зат болса, сонша таяқша салыңыз.



№2 тапсырма. «Бұл не?» ойыны.


Ұяшықтарға мұғалім қалауымен әр түрлі заттардың суреті орналастырылады. Содан кейін мұғалім сол заттардың атын атамай, оның қасиетін айтады. Балалар оның не екенін табу керек. Ары қарай жұмысты балалар жалғастырып жүргізуіне жағдай жасалу керек.



IV. Сабақты бекіту.

№3 тапсырма. «Алма жинау» ойыны. 1-қорапқа үлкен қызыл алмаларды, 2-қорапқа кіші қызыл алмаларды, 3-ші қорапқа сары алмаларды жинайық. (Бұл тапсырманы топпен де, үлестірмелі карточкаға дайындап жеке жұмыс ретінде де ұсынуға болады.)

V. Қорытындылау. Біз не білдік? Не үйредік? Ой бөлісу.



2– сабақ

Сабақ тақырыбы: Кеңістікте бағдарлау

Сабақ мақсаты: Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдысын дамыту.

Заттардың орналасқан орнын *үстінде, астында, алдында, артында, жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта* ұғымдары арқылы айта білуге үйрету. Танымдық қабілетін жетілдіру.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру.

-Балалар, қызықты математика еліне қош келдіңіздер! Шеңберге тұрып, бір-бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.

II. Өткенді қайталау, жаңғырту (ауызша жұмыс)

Сабақты сынып бөлмесіндегі заттардың орналасқан орнын анықтау сұрақтарымен бастаймыз. Балалардың бәрі дұрыс жауап бергенше жауапты бірнеше рет қайталатамыз. *Тақта сыныптың алдында, шкафта артында, терезе сол жақта, есік оң жақта т.б. орналасқан.*

III. Жаңа сабақ

№1 тапсырма. «Өз орныңды сипаттап айт». Бала өз отырған орнын «алдында, артында, оң жағында, сол жағында» сөздерін қолданып түсіндіру керек. Мысалы: *Мен Мақпалдың артында, Алмастың алдында, Әсемнің оң жағында, Айшаның сол жағында отырмын.*

№2 тапсырма. «Заттарды сөреге дұрыс орналастыр»


Керек заттар: қуыршақ, машина, доп, кітап, қоян, текше, қалам, сөре
(*басқа заттарды, не заттар суреттерін пайдалануға болады*).

Машинаны төменге, кітаптың сол жағына орналастыр. Қоянды доптың астына, кітаптың оң жағына орналастыр. Қуыршақты машинаның үстіне, текшенің сол жағында орналастыр. Қаламды кітаптың алдына орналастыр.

Сергіту сәті. Оңға, оңға , түзу тұр, Артқа қарай бір қадам,

Солға, солға түзу тұр, Жоғары – төмен қараймыз.

Алға қарай бір қадам, Орнымызды табамыз.



IV. Сабақты бекіту. «Суретшілер» ойыны

Мұғалім балалармен бірге «Қызықты математика елінің» суретін салу керектігін айтады. Әр бала суреттің ойластырылған элементі туралы айтып, оның қайда орналасуы керектігін түсіндіреді. Мұғалім тақтаға бормен немесе үлкен қағаз бетіне фломастермен сала отырып, балалар ұсынған элементтермен суретті толықтырады. Тапсырмада мына сөздер қолданылуы тиіс: *жоғарыда, төменде, сол жақта, оң жақта, алдында, артында, арасында, маңында, қасында және т.б.* Сурет салынып болған соң, 2-3 оқушы тиісті сөздерді қолданып, суретті сипаттап береді.

V. Қорытындылау. Біз не білдік? Не үйредік? Ой бөлісу.

3– сабақ

Сабақ тақырыбы: Жазықтықта бағдарлау

Сабақ мақсаты: Балалардың жазықтықта бағдарлау дағдысын дамыту.

Қағаз бетінде *оң жаққа, сол жаққа, жоғары, төмен, ортасы, жаны, асты, үсті* сөздерін пайдаланып бағдарлауға жаттықтыру. Танымдық қабілеттерін жетілдіру.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Оқшылардың назарын сабаққа аудару.

II. Өткенді қайталау, жаңғырту

«Не өзгерді?» ойыны. Тақтаға бірнеше зат суреті ілінеді. Балалар суреттердің қалай орналасқанын естеріне сақтап қалады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Сол кезде бір-екі суреттің орны ауыстырылады. Балалар белгі бойынша көзін ашып, қандай суреттің орны қалай ауысқанын түсіндірулері керек. Мысалы: *қуыршақ қоянның оң жағында тұрды, қазір сол жағында, т.б.*

III. Жаңа сабақ.

№1. «Өз өрнегіңді сал». Мұғалім нұсқауымен балалар параққа фигураларды салады. Нұсқау: Парақтың дәл *ортасына* шаршыны, шаршының *оң жақ жанына* үшбұрышты сал. Парақтың *оң жақтағы жоғары* бұрышына – дөңгелек, *сол жақтағы жоғары бұрышқа* – сопақша сал. Сол жақтағы *төменгі* бұрышқа - тік төртбұрыш сал.

Сергіту сәті.

Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір.

Сағаттың тіліндей, Иіліп солға бір.

Оң аяқ, Сол аяқ.

Жаттығу оң аяқ.


№2. Графикалық диктант

Парақтың жоғарғы жағынан 9 тор көз, сол жақтан 5 тор көз қалдырып, нүкте сал. Сол нүктеден бастап, жұмысты орында. Бағыт алдындағы нүкте тор көз санын білдіреді.

—————→

·↑ ::→ ::↑ ::←· ↓ ::→ ·↓ ::← ::↑ ::→ ·↑ ·→
·↓ ::→ ::↓ ::← ·↑ ::→ :↑ ::← ::↓ ::→ ·↓ ::←

IV. Сабақты бекіту. Көлік жолын нүкте және бағыттармен салып көрсет.



V. Қорытындылау. Біз не білдік? Не үйредік? Ой бөлісу.

4- сабақ

Сабақ тақырыбы: Не қайда орналасқан?

Сабақ мақсаты: Балалардың кеңістікте, жазықтықта бағдарлау дағдысын дамыту. Танымдық қабілеттерін жетілдіру. Байқағыштыққа баулу.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Психологиялық дайындық.

Қуан, шаттан, қуан, шаттан,

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң, қайырлы күн,

Күліп шықты күн бүгін.

II. Негізгі бөлім.

№1. «Тапқырлар» ойыны. Кеше «Көңілді математика еліне» Алдаркөсе қонаққа келді. Ол қалжындағанды жақсы көреді, сондықтан сыйлыққа әкелген ойыншықтарын жасырып, оларды қалай табуға болатынын хатқа жазып кетті. Сол ойыншықтарды табуға дайынсыздар ма? (*Мұғалім хатқалтаны ашып, хатты оқып, балаларға ойыншықтарды табуға көмектеседі*)

1) Тақтаның алдынан 10 қадам тік жүр, солға бұрылып 6 қадам алдыға жүр.

2) Шкафтың үстіңгі сөресіндегі құмыраның артын қара. т.б. Жасырылған ойыншықтар: Доп, текше, қонжық, ұшақ.

№2. «Орнын тап!» Тапқан ойыншықтардың сөредегі орнын тауып, дұрыс орналастырайық. *Қонжықты доп пен текшенің ортасына, ұшақты доптың оң жағына орналастыр.*

№3. «Не қайда орналасқан?» сурет бойынша жұмыс.



Қыздың жоғарғы жағындағы, бұлттың қасындағы құстарды көрсет. Ұшақтың астында неше құс бар? Ит қай жаққа жүгіріп барады? Ұшақ қай жаққа қарай ұшып барады? Қыз қайда қарап тұр? (жоғарыға)

Сергіту сәті. Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Қоссам екі қолымды,

Болады менде он саусақ.

III. Сабақты бекіту. Графикалық диктант.

Тор көз параққа жоғарыдан 5 тор көз, сол жақтан 5 тор көз қалдырып нүкте салыңыз. Нүктеден 2 тор көз жоғары, 2 тор көз оңға, 2 тор көз төмен, 2 тор көз оңға, 1 тор көз жоғары, 2 тор көз оңға, 1 тор көз төмен, 1 тор көз оңға, 1 тор көз жоғары, 1 тор көз оңға, 1 тор көз жоғары, 1 тор көз оңға, 1 тор көз төмен, 1 тор көз оңға, 1 тор көз төмен, 1 тор көз оңға, 1 тор көз жоғары, 2 тор көз оңға, 1 тор көз төмен, 2 тор көз оңға, 2 тор көз жоғары, 2 тор көз оңға, 2 тор көз төмен жүріңіз.

IV. Қорытындылау. Біз не білдік? Не үйредік? Ой бөлісу.

5- сабақ

Сабақ тақырыбы: 1,2,3,4,5 сандары

Сабақ мақсаты: 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы өткенді пысықтау, 5-ке дейінгі реттік және есептік санауды бекіту, заттарды топқа бөліп үйрету.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Балалардың көңілін сабаққа аудару.

Бір,екі,үш,сыныптың іші тып-тыныш,сабағымызды бастаймыз.

II. Өткенді қайталау, жаңғырту

1, 2, 3, 4, 5



Санаңыз. Барлығы қанша пішін салынған? (1, 2, 3, 4, 5) Ретімен санайық (1-інші, 2-нші,.....,5-інші). Екінші және бесінші пішіндерді бояңыз. 1, 2, 3, 4, 5 сандарына сәйкес келетін пішіндерді таңдаңыз. Және таңдауыңызды дәлелдеңіз. («Неліктен?» сұрағы арқылы, баланың таңдауын дәлелдеуіне түрткі жасау керек). Мысалы бала жауабы төмендегідей болуы мүмкін.

5- , 4- , 3 - , 2 - , 1 -



III. Негізгі бөлім.

№1. 1, 2, 3, 4, 5 сандарын ермексазбен (қарындаштармен не санағыштармен) бейнелеңіздер.

№2. «Топта және сана» Суреттегі заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастырыңыз және әр топтағы пішіндерді санаңыз.



Мысалы:

Сергіту сәті: Бір, екі, үш

Демаламыз, жинап күш.

Төрт, бес, алты

Жаттығу жасайыз жалпы.

IV. Сабақты бекіту. «Кім жылдам?» сұрақ-жауап

- Қолда қанша саусақ бар?
- Машинаның неше дөңгелегі бар?
- Қоянның неше құлағы бар?
- Бағдаршамның неше көзі бар?
- Піл үлкен бе, тышқан үлкен бе?
- Аспанда қанша жұлдыз бар?
- Аптада неше күн, неше ай бар?
- Қыста да, жазда да бір түсте. Ол не?

V. Қорытындылау. Ауызша санау, 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау.

Сабақ ұнады ма? Ой бөлісу.

6- сабақ

Сабақ тақырыбы: 6, 7, 8 сандары. Реттік санау

Сабақ мақсаты: 6, 7, 8 сандары туралы өткенді пысықтау, 8-ге дейінгі реттік және есептік санауды бекіту.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Балалардың көңілін сабаққа аудару.

Бір,екі,үш,сыныптың іші тып-тыныш,сабағымызды бастаймыз.

II. Өткенді қайталау, жаңғырту

Әр ұяшықтың астына көрсетілген санға сәйкес таяқшалар салыңыз және санға сәйкес таяқшаны толықтырыңыз.

1	2	3	4	5	6	7	8
					////	/////	////////

Бұл тапсырмада балалар 5-ке дейінгі сандарды қайталайды және 5-ке 1 сан қосқанда 6, 6-ға 1 сан қосқанда 7, 7-ге бір сан қосқанда 8 болатынына назар аударту керек.

III. Негізгі бөлім

№1. Көше бойында неше үй бар? Санайық.



№1 №2 №3 №4№5 №6 №7№8

-Ал үйдің нөмірін анықтау үшін қалай санау керек? (ретімен). (Балаларға реттік сан қай жағдайда қолданылатынын түсіндіріледі) Реттік нөмірді анықтау кезінде сол жақтан оң жаққа қарай санау қажет. Ал кей жағдайларда санау қай бағытта жүргізілгені көрсетіледі (жоғарыдан..., төменнен...,оң жақтан...).


Үйлерді ретімен санайық. Оңнан солға қарай ретімен санайық (8-ші, 7-ші.....)

№2. «Балалар нешінші үйде тұрады?» (Балалардың аты жазылған карточканы үйлерге апарып орналастырады)

- 1) Айша қызыл үйде тұрады; [№7]
- 2) Мәди оңнан солға қарай санағанда 6-шы үйде тұрады; [№3]
- 3) Әли Айшаның үйінің сол жағында тұрады; [№6]
- 4) Әмина Мәдиден кейін бір үйден соң тұрады; [№5]
- 5) Асыл көшенің ең басында тұрады; [№1]
- 6) Аружан Әминадан бұрын, Мәдиден кейін тұрады; [№4]
- 7) Дәулет көшенің ең соңында тұрады; [№8]
- 8) Әсем Асылмен де, Мәдимен де көрші тұрады. [№2]

Сергіту сәті: «Жаңылма!» ойыны 1) Мұғалім көрсеткен саннан 1 ретке артық қол шапалақтау керек. 2) Мұғалім көрсеткен саннан 1 ретке кем отырып-тұрады.

IV. Сабақты бекіту. №3. 1) Сана және сәйкес санды жаз.





2) Қатені тап, түзе. 1, 3, 2, 4, 5, 6, 7, 8. 8, 7, 5, 6, 4, 1, 3, 2.

V. Қорытындылау. Біз не білдік? Не үйредік?

7- сабақ

Сабақ тақырыбы: 9, 10 сандары. Топтап санау

Сабақ мақсаты: 9, 10 сандары туралы өткенді пысықтау, топтап санауға үйрету.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Шаттық шеңбері:

Амансың ба, алтын күн,
Амансың ба, жер ана,
Амансың ба, достарым,
Сендерді көрсем қуанам!

II. Өткенді қайталау, жаңғырту. «Көршісін атаңыз» ойыны

➤ _ 2 _ _ 3 _ _ 4 _ _ 5 _ _ 6 _ _ 7 _ _ 8 _ _ 9 _

➤ 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.

III. Негізгі бөлім

№.1 «Топтап санау»

Дөңгелектерді санаңыз. Қанша дөңгелек бар?



Барлық дөңгелекті саны бірдей болатындай екі топқа бөлсек, әр топта неше дөңгелек болады?

Осы дөңгелектерді 3 топқа бөліңіз, әр топта неше дөңгелектен болады?



(Балалар топтар санын арттырғанда, әр топтағы заттар саны азаятынына, топтар санын азайтқанда, әр топтағы заттар саны көбейетініне (жалпы заттар саны бірдей болғанда) көз жеткізу керек.)

№2. «Балықтарды орналастыр»



Балықтарды екі аквариумға нешеден бөліп салуға болады? Үш аквариум болса, нешеден саласыз? 4 аквариум болса, әр аквариумға нешеден салар едіңіз?

Өз жауабыңызды таяқша арқылы сызып көрсетіңіз.



(Балалардың ойланбай әрекет етуіне жол бермеу керек. Оларды алдымен ойланып, топтарды қалай орналастырудың жолын табуға (балықтар саны әр түрлі болады) содан кейін қателеспей үшін тексеру жүргізуге дағдыландыру керек.)

Сергіту сәті: «Жаңылма!» ойыны 1) Мұғалім көрсететін сандардан 1 ретке кем қол шапалақтау керек. (Мұғалім 5-ті көрсетсе, балалар 4 рет қол соғады)

IV. Сабақты бекіту. «Ауызша есептеу»

- Себетте 10 алма. Оның 4-еуі қызыл, қалғаны сары. Сары алма нешеу?

- Аулада 9 құс жүр. Оның 5-еуі тауық, қалғаны қаз. Аулада неше қаз жүр?

- Бір тауықта 2 аяқ, 3 тауықта неше аяқ болады?

V. Қорытындылау. Ауызша санау, 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.

Жеке балаларға санату. Сабаққа белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Сабақ ұнады ма? Ой бөлісу.

8- сабақ

Сабақ тақырыбы: Өзінді тексер!

Сабақ мақсаты: Өткен тақырыптар бойынша балалардың білім, білік, дағдысын тексеру.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Біз балдырған баламыз,

Құстай қанат қағамыз.

Дүниені аралап,

Оқып білім аламыз.

II. Өздік жұмыс.

№1. Заттарды қасиеті бойынша топтаңыз. Ойыңызды дәлелдеңіз. (заттар суреті тақтаға ілінеді, не жеке оқушыларға үлестірмелі карточкамен беріледі)

- Парта, кілт, шеге, орындық. (жасалған материалына қарай)

- Теледидар, алма, қабырға сағаты, тоңазытқыш (пішініне қарай)

- Шырша, қызғалдақ, жапырақ, алма. (түсіне қарай)


№2. «Не артық?» Артық затты сызып тастаңыз.

Ұшақ, кеме, шағала, доп, текше, шар.

Шелек, құлып, жастық, лимон, күн, қызылша.

№3 Ұлудың жүрген жолын салып көрсетіңіз.

∴→ ∙↑∴→∙↓ ∴→ ∴↑ ∙→∴↓∴→↑ ∴→ ∙↓ ∴→




Сергіту сәті: Оңға, солға бұрылды,

Алға, артқа илдік.

Тіземізді бүктіріп,
Қолды создық тік тұрып.

№4. «Жалғастыр» 10 моншақ болатындай заңдылықты сақтай отырып, жалғастырып сал, боя.



№5. «Сәйкестендіру»

•	:	:	:	:	:	:	:	:	:	:
3	5	1	2	4	8	7	6	1	9	0

III. Қорытындылау. Сабаққа белсене қатысқан балаларды мадақтау.
Сабақ ұнады ма? Ой бөлісу.

9- сабақ

Сабақ тақырыбы: Сандық қатар. Тура және кері санау

Сабақ мақсаты: 1-ден 10-ға дейінгі тура және кері ретпен санауды, сан қатары туралы білімдерін кеңейту. Логикалық ойлауын ұштау.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру.

Шаттық шеңбері. Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

II. Тірек білімді еске түсіру. Бос ұяшықты толықтыр.

1		3	4			7	9	
---	--	---	---	--	--	---	---	--

Бұл-натурал сандар қатары. Сан қатарының ерекшеліктерін атайық.
(Солдан оңға қарай сандар алдыңғы саннан 1 санға артып отырады, оңнан солға қарай бір санға кеміп отырады, заттарды санауда қолданамыз.)

III. Негізгі бөлім.

№1. Жалаушаларды ретімен орналастыр.

1	5	8	3	6	2	7	4	10	9
---	---	---	---	---	---	---	---	----	---

-Осы жалаушаларды бірдей қасиеттері бойынша екі топқа бөліңіз. (бір таңбалы, екі таңбалы) – 10 саны қалай жасалады? (...)

-3-тен 9-ға дейін тура және кері санаңыз. 10-нан 4-ке дейін кері санаңыз.

№2. «Кел, жаттайық санамақ!» Санамақты жаттай отырып, сандарды ермексазбен модельдеу керек.

Бір – білім ал, Алты – алғыс ал,

Екі – ерлік көрсет, Жеті – жеңіс біздікі,

Үш – үлгі тұт, Сегіз – сенім керек.

Төрт – тәртіп керек Тоғыз – тоқу керек,

Бес – бестік баға ал, Он – оқу керек. [4]

Сергіту сәті: Оң қолымда бес саусақ,



Сол қолымда бес саусақ.
 Қоссам екі қолымды,
 Болады менде он саусақ.

IV. Сабақты бекіту.

«Тізбекті жалғастыр» Тізбектің орналасу заңдылығын анықтап, келесі сандарды жазыңыз.

- 1, 3, 5, 7, 10, 8, 6, 4,
- 1, 10, 2, 9, 3, 8,,
- 1, 2, 4, 5, 7, 8,

«Математикалық ребустар»

Т «10»

К «3» ік

К «2» лік

III. Қорытындылау. Сабаққа белсене қатысқан балаларды мадақтау.
 Сабақ ұнады ма? Ой бөлісу.

10-сабақ

Сабақ тақырыбы: Ғажайып таңбалар. «Артық», «кем», «тең» ұғымдары
Сабақ мақсаты: Заттар тобын салыстыруға жаттықтырып, «Артық», «кем», «тең» ұғымдарын бекіту.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Балалардың көңілін сабаққа аудару: Бір, екі, үш сыныптың іші тып-тыныш, сабағымызды бастаймыз.




II. Тірек білімді еске түсіру.

Сабақты сыныптағы заттар тобын санап, салыстырумен бастаймыз.




Сыныпта неше парта бар? Орындық нешеу? Қайсысы көп? Сыныпта неше ұл бала бар? Қыз бала саны қанша? Қайсысы артық? Қайсысы кем? Неше терезе бар? Есік нешеу? Терезенің есіктен нешеуі артық, есіктің терезеден нешеуі кем? «Артық», «кем», «тең» сөздерін қандай таңбалармен алмастырамыз. Сәйкестендір. >, =, < «Артық», «кем», «тең»

III. Негізгі бөлім.

№1. Заттар тобын салыстыр. Қажетті таңбаларды қой.



№2. «Бос ұяшықты толықтыр». «?» белгісінің орнына неше фигура саласыз?



Сергіту сәті: Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.

Жаттығу жасаймын.

Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ


Жаттығу оңай-ақ.

IV. Сабақты бекіту. 10 алманың 4-еуін

Досың сұрап алады.

Айтшы сонда нешеуі

Өз қолыңда қалады?



Досыңда неше алма? Өзіңде неше алма? Сутерін сал. Салстыр. Кімнің алмасы артық? Неше алмаға артық?

V. Қорытындылау. Сабаққа белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Сабақ ұнады ма? Ой бөлісу.

11 - сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қосу және азайту

Сабақтың мақсаты: «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан алу (азайту) таңбасы ретінде түсіну және орынды қолдана алу, өздігінен әрекеттенуді дамыту.


Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі Музыка қосу. «Көңілді күн» әнімен сабақты бастап, көңіл көтеру.

II. Өткен сабақты пысықтау «Кім жылдам?» ойыны арқылы тура және кері санауды пысықтап өту.

III. Негізгі бөлім-Балалар, бүгін бізде ерекше сабақ. «Көңілді күн» бізге қосу мен азайтудың таңбаларын және кестесін сыйлыққа жіберіпті. Қосу мен азайтудың таңбасымен, кестесімен таныстыру. Тақтадағы мысалдар жазылған плакаттармен жұмыс жүргізу. «+» және «-» таңбаларын алып, балаларға көрсету. Оларды суреттердің немесе сандардың арасына қоюды ұсыну. Сосын жиынтық полотнода заттар санайтын материалдармен (бұл жерде шаршылармен) ауыстыруды ұсыну. Жазбалар шығады. Мұғалім жазбаларды дұрыс оқуға бағыттайды. Хормен оқу тәсілі қолданылады. Бұл жазбаларды түрліше оқуға болатынына назар аударту.

№1 Өзіндік жұмыс. «Әйнекшені толтыр!» тапсырмасында үйшіктердегі белгісіз қосылғышты атап тауып, жазады.



№2. Ойын «Қалқанқұлақтың қатесін тап» берілген өрнектердің қатесін тауып, түзету. Бұл тапсырманы интерактивті тақтаның көмегімен де, жеке жұмыс ретінде де ұсынуға болады.

$$8 + 2 = 9 \quad 3 + 3 = 9 \quad 7 - 5 = 2$$

$$6 - 2 = 4 \quad 4 + 2 = 6 \quad 5 + 3 = 7$$

Сергіту сәті: Бір, екі, үш Бойға жинап күш, Әдемі етіп жазамыз, Есепті дұрыс шығарамыз

IV. Сабақты бекіту. №3 тапсырма. «Кім жүйрік?» ойыны. Балалардың алдында 1-10 дейін сандар жатады. Сұрақтарға жауапты сол сандарды көтеру арқылы жауап береді -Кемпірқосақта неше түс бар?

-Бағдаршамның неше көзі бар?

-Жұлдыздың неше бұрышы бар?

-Қолғапта неше саусақ бар?

-Жыл мезгілдері нешеу?

V. Қорытындылау. Кері байланыс. Ой бөлісу.

12-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қосу мен азайтуға есептер шығару

Сабақтың мақсаты: «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан алу (азайту) таңбасы ретінде түсіну және орынды қолдана алу, өздігінен әрекеттенуді дамыту. Шығармашылық қабілетін дамыту.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру

«Біз көңілді балдырған» музыкасына билеп көңіл көтеру.

II. Өткен сабақты пысықтау.


-Заттарды қосқан кезде не болады? (Үлестірмелі тапсырмалар ұсынылады)

-Бұл топтағы заттарды қандай белгісі бойынша алып тастағанын түсіндіре аласыңдар ма? -Осы тапсырмаларды орындауда саған қандай сөздер көмекке келді? (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты сөздерін айтады)

III. Жаңа сабақ

№1 «Көңілді поезд» тапсырмасы

-Балалар, бүгін біздің сабағымызға «Көңілді поезд» тапсырмалары келіпті. Ол үшін мына берілген өрнектердің сәйкес келетінін вагондарға орналастырып қоюымыз керек. Ал, іске сәт!



1+0	2+1	2+2
4+2	5-1	3+3
3+0	3-1	5-3

№ 2. Жұптық тапсырмада қандай сандарды не үшін қою керектігі талқыланады. Балалар пойызбен жүріп бара жатқандарын бейнелейді. Олар бір-бірінің қолдарынан ұстайды. «Аялдамада» бір бала «шығады», ал қалғандары: «бесті бірге азайтса төрт қалады» дейді. Келесі аялдамада екі бала қосылады, балалар «4+2=6» дейді. Ойын осылай жалғаса береді. Сонымен қатар сабақта азайту мен қосу амалдарын орындау үшін полотно қолдануға болады. Нені жеңіл әрі сәтті орындағандарын, неден қателескендерін, қиналғандарын талдайды. Шартты белгілердің көмегімен өз жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Сергіту сәті: Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр

Алға қарай бір қадам,

Артқа қарай бір қадам
Жоғары- төмен қарайық
Орнымызды табайық

III. Сабақты бекіту. Блиц- турнир кезеңі

- Үш торғайдың аяғы қанша болады?
- Екі мысықтың аяғының санын айт.
- Жұлдызшаның неше бұрышы бар?
- 5 шығу үшін қандай екі санды қосуға болады?

Қорытындылау. Кері байланыс.

- Бүгін сабақта не ұнады?
- Бүгінгі сабақта саған не қиын болды?
- Бүгінгі сабақта мақтауға лайықты кім деп ойлайсың?

13- сабақ

Сабақтың тақырыбы: Математикалық қызықты есептер, математикалық жұмбақтар

Сабақтың мақсаты: математикалық қызықты есептер мен математикалық жұмбақтарды шешеді.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Қуан, шаттан, қуан, шаттан,
Қуанатын күн бүгін.
Қайырлы таң, қайырлы күн,
Күліп шықты күн бүгін.

II. Өткенді қайталау

-Бүгін балалар шынымен қуанышты күн. Себебі, біз осы уақытқа дейінгі өткен тапсырмаларды қызықты есептер мен жұмбақтар арқылы қайталайтын боламыз. Ендеше, мына тапсырманы орындап жіберейік.

№1. «Артық затты тап» Берілген сурет ішінен артық затты тауып, түсіндіреді. (Суреттер тақтаға ілінеді)

<i>шиеш</i>	<i>құлпынай</i>
<i>әтеш</i>	<i>таңқурай</i>

<i>саңырауқұлақ</i>	<i>түймедақ</i>
<i>қызғалдақ</i>	<i>раушан гүлі</i>

№2. «Көршісін тап!» ойынында берілген санның оң жағындағы және сол жағындағы көршілерін атап жазу керек. Бұл тапсырманы оқушыларға жеке жұмыс ретінде де ұсынуға болады.

2		4
---	--	---

7			10
---	--	--	----

№3 Ауызша есепте

Жеті алманың екеуін

Досың сұрап алады.

Айтшы сонда нешеуі

Өз қолыңда қалады. (5 алма)

Дүкеннен мен сабын алдым,

Оның және қабын алдым,

Екі дәптер, бір қарындаш,
Тіс ысқышты тағы да алдым.
Есептеші сонда бәрі
Қанша болды, қолда бары? (6)
Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
Ұзындығы жазылып тұр бойында. (сызғыш)

№ 4. «Кім зерек?»

1. Үш бұрышта үш мысық отыр. Әр мысыққа қарама-қарсы екі мысық отыр. Мысықтар нешеу?

2. Себетте 4 алма бар. Оны 4 адамға бір-бірден және себетте 1 алма қалатындай етіп бөлуге бола ма?

3. Аулада жүрген қозылар мен тауықтардың аяқтарының саны - он.

Аулада неше тауық, неше қозы болуы мүмкін?

IV. Сабақты бекіту.

№ 5 тапсырма. Өзіндік жұмыс: Жазуды толықтыр:

$$3 + 5 > 4 - 3 < 5\text{см} - 2\text{см} < \text{см}$$

$$3 + 5 * 3 + 4 - 3 * - 1\text{см} * 3\text{см} + 4\text{см}$$

V. Қорытындылау. Кері байланыс.

-Бүгін сабақта не ұнады?

-Бүгінгі сабақта саған не қиын болды?

14- сабақ

Сабақтың тақырыбы: Фигуралар сыры

Сабақтың мақсаты: Геометриялық пішіндерді (шаршы, тіктөртбұрыш, шеңбер, үшбұрыш, сопақ) танып, бір-бірінен ажыратып атай білуге үйрету.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Жаңа сабақ

- Балалар, бәріміз бірге үйіміздің ауласына шықтық деп елестетіндер.

Балалардан ауладағыдай секіріп, жүгіріп ойнауды сұрау.

Содан соң:

- Балалар, енді сыныпқа кіріп, партаның үстінде нелер жатқанын сұрау.

Партаның үстіне әр түрлі геометриялық пішіндер қойылады.

-Олардың арасында үшбұрыш, шаршы, шеңбер бар ма? Үшбұрышты (дөңгелек, тіктөртбұрышты) заттардың қай жерде тұрғанын тауып, сипаттап берулерін сұрау. Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы терминдерін енгізу.

- Қандай басқа геометриялық фигураларды білесіңдер?



- Ол фигуралар қалай аталады?

- Түстері мен пішінін салыстыру.

- Заттарды әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру.

Балалардың пішіндер туралы білетіндерін тыңдау.

№ 1. Өзіндік жұмыс. Берілген фигураларды атап, көрсетілген түспен бояймыз. Фигураларды санап жаз.



№ 3 Дәптермен жұмыс. Берілген өрнектерді ұқыпты жазып, мәнін табу

$$3 + 8 \quad 4 + 6 \quad 10 - 5$$

$$5 + 4 \quad 9 - 7 \quad 9 - 7$$

$$6 + 7 \quad 8 + 1 \quad 6 - 4$$

Сергіту сәті: «Пішіндер» әнін музыкасымен қосылып билеп, орындау

III. Сабақты бекіту. Шығармашылық тапсырма.

«Кім тапқыр?» ойыны

1. Атына сай, балалар

Үш бұрыш, үш жағы бар

Ол пішінді кім табар?

2. Допқа өзі ұқсайтын ,

Ерекше бір пішін бар

Қане, жылдам табындар

3. Кітап, дәптер, сөмкем де ,

Ұқсайды осы пішінге

Кім біледі, айтындар?

Сабақты қорытындылау.

- Бүгін сабақта не ұнады?

- Бүгінгі сабақта саған не қиын болды?

- Бүгінгі сабақта мақтауға лайықты кімдер деп ойлайсың?

15 - сабақ

Сабақтың тақырыбы: Геометриялық фигуралардан заттар құрастыру

Сабақтың мақсаты: Балалардын ой-өрісін кеңейту, геометриялық фигуралардан заттар құрастыруға бағыт беру. Геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Айдай арайлап,

Жұлдыздай жарқырап,

Судай таза көңілмен

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз!

II. Өткенді еске түсіру

- Балалар, бүгін бізді көңілді саяхат күтіп тұр екен. Саяхатқа шығу үшін бізге мынадай ойын дайындап қойыпты. Қане, барлығымыз белсене қатысайық!

№1 «Жұмылған көзбен тап» ойыны. Оқушының көзін орамалмен байлап, партаның үстіне геометриялық фигураларды тізіп қою. Оқушы сол жерден кез келген фигураны алып, атын табуы керек.

- Бұл фигураны қандай ерекшелігіне қарап білдің? деген сияқты сұрақтар қойып оқушының қалай тапқанын айтқызу.

III. Негізгі бөлім

Сонымен, бүгін біз «Геометриялық пішіндер» еліне саяхатқа шығамыз.

Геометриялық пішіндер еліне поездбен баруды ұсынамын. Ол үшін, поезды алдарындағы жатқан үлкен геометриялық пішіндерден құрастырып алайық. Тақтаға оқушылар поезд макетін құрастырады.

- Міне дайын, поезд құрастыру кезінде қандай пішіндерді пайдаландық?

Ал тез вагондарға орналасайық. Сақ болыңыздар, есік жабылды, поезд жолға шықты.


- Балалар жолда ішіміз пыспас үшін сендермен «Сұрақ-жауап» ойынын ойнайық. Дидактикалық ойын: «Сұрақ-жауап»

- Суретте қанша геометриялық фигуралар бар?

- Неше төртбұрыш бар?

- Сен қандай фигура қойдың?

№2 Өзіндік жұмыс. Геометриялық фигуралардан әртүрлі заттар құрап көр. (Бұл тапсырманы жеке, жұптық, топтық жұмыс ретінде де ұсынуға болады.)



Сергіту сәті: «Пішіндер» әнін музыкасымен қосылып билеп, орындау

№3 Шығармашылық тапсырма. Енді біз саяхатымызды аяқтап үйімізге қайту үшін, геометриялық фигураларды пайдаланып дәптерімізге өз үйіміздің суретін, ауласын салайық.

IV. Сабақты қорытындылау. Кері байланыс.

- Бүгін сабақта не ұнады?

- Бүгінгі сабақта саған не қиын болды?

- Бүгінгі сабақта мақтауға лайықты кімдер деп ойлайсың?

16- сабақ

Сабақтың тақырыбы: Заңдылықтар әлемі

Сабақтың мақсаты: Түрлі фигуралардың, заттардың орналасу бірізділігін анықтайды. Фигуралардың, заттардың заңдылығын өз бетінше құрастырады, жалғастырады.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Біздің топта балалар,

Тату-тәтті ойнайды.

Дос көңілі әрқашан

Тек жақсылық ойлайды.

II. Өткенді қайталау

III. Негізгі бөлім

№1 «Геометриялық пішіндер» Берілген фигуралардың реттілігін сақтап, ары қарай тізіп көр



Пікір алмасуға арналған сұрақтар:

– Фигуралардың орналасу заңдылығын қалай түсіндің?


– Келесі қандай фигура келуі керек?

– Ұсынылған фигуралардан өздеріңнің заңдылықтарыңды құрастырып

көр.

Мұғалім фигуралардың заңдылығын атауды ұсынады. Талқылаудан кейін балалар өз бетінше фигураны толықтырып салады және бояйды. Тапсырманы жиынтық полотноның көмегімен тексеруге болады. Балаларға кесілген материалдан өздерінің заңдылығын құрастырып, оны жолдастарына жалғастыруды ұсынуды тапсыруға болады.

№2 Жұптасып жұмыс істеу. «Моншақ тізу» ойыны берілген моншақтардың тізілу заңдылығын зерттеп назар аудара отырып, орналасу бірізділігін талқылайды. Содан кейін қажетті фигураны жиектейді



IV. Сабақты бекіту.

№ 3 Өзіндік жұмыс. Жазуды толықтыр:

$$3 + 5 > 4 - 3 < 5 \text{ см} - 2 \text{ см} < \text{ см}$$

$$3 + 5 * 3 + 4 - 3 * - 19 \text{ см} * 3 \text{ см} + 4 \text{ см}$$

V. Қорытындылау. Кері байланыс.

-Бүгін сабақта не ұнады?

-Бүгінгі сабақта саған не қиын болды?

-Бүгінгі сабақта мақтауға лайықты кімдер деп ойлайсың?

17 - сабақ

Сабақ тақырыбы: Уақытты бағдарлау

Сабақтың мақсаттары: Уақыт бірліктерімен (таңертең, түс, кеш, түн, апта күндері) және олардың ара қатынасымен таныстыру. Уақыт бірліктерін пайдалана отырып диалог құру

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері

-Балалар, біз қандай ертегілер білеміз?

-«Шалқан», «Бауырсақ» ертегілерін ендеше есімізге түсіреміз.

Ертегі барысында бұрын, кейін, дейін, шейін түсініктері нақтыланып, анықталады. Кейіннен сюжеттік картиналар (үлестірмелі материал) қарастырылып жұмыстар жүргізіледі. Балаға тәулік күндерін: таңертең, түс, кеш, түн мезгілін ажырата алуға жағдай жасалады.

- Таңертеңді, күндізді және т.б. қалай анықтауға болады?

Балалар тәулік мезгілдері туралы айтып береді. Содан кейін олардың реті анықталады. Үлестірмелі материалмен жұмыс ұйымдастыруға болады.

Таңертең, күндіз, кеш, түн бейнеленген картиналар аралас орналастырылады. Оларға ретін анықтау тапсырылады.

II. Өткенді пысықтау

- Уақытты үнемдеу керек пе?

- Балалар сағат адамдарға нені білуге көмектеседі? Балалардың жауабы тыңдалады. Толықтырылады.

III. Жаңа сабақ.

№1 «Қай уақыт?» дидактикалық ойыны арқылы уақытты бағдарлайды. Айтылған сөйлемдер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.

- Мектепке таңертең келеміз.
- Алдымен кеш түседі, содан соң түн болады.
- Біз таңертеңгілік тамақты кешке ішеміз.
- Біз түнде серуендейміз.
- Күндізден кейін кеш болады.
- Сабақтан келген соң түс болады.
- Жексенбі күні демаламыз.

№ 2 Күн тәртібін 1,2,3,4,5,6 сандарын жазып ретімен орналастыр.

(Мұғалім күн тәртібін суреттейтін 6 сурет іледі. Балалар күн тәртібін ретімен орналастырып, нөмірлейді. Тапсырманы жеке жұмыс ретінде карточкада да орындатуға болады.)

IV. Сабақты бекіту

«Сағат неше?» ойыны. Балалар қолдарына сағат тағып алады немесе қағаздан сағат жасап алады. Балаларға сағаттарын бұрап, уақытты айтуды сұрайды, бір-біріне жасырып ойнайды.

V. Сабақты қорытындылау.

18 - сабақ

Сабақ тақырыбы: Уақытты бағдарлау

Сабақтың мақсаттары: Уақыт бірліктерімен (тәулік, апта, ай, жыл, жыл мезгілдері) және олардың арақатынасымен таныстыру. Уақытты бағалай білуге тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Бәріміз бір - біріміздің қолымыздан ұстап, үлкен шеңбер жасайық.
- Балалар біз таңертең ұйқыдан тұрғанда қай жаққа қараймыз?
- Онда нені көреміз?
- Егер күннің көзі жарқырап тұрса қалай қуанамыз? *(Балалар алақанымен шапалақтайды)*
- Балалар, кәне, алақандарымызды түйістіріп көрейікші.
- Нені сезіп тұрмыз?
- Осы жылулық арқылы бір - бірімізге игі тілектерімізді айтайық. Тілектер айтады.
- Рахмет, тілектерің қабыл болсын!

II. Өткенді пысықтау

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Жаз мезгілі неше айдан тұрады?
- Жаз мезгілінің ай аттарын атайықшы?
- Жаз мезгілінде қандай ерекшеліктері бар?

Жұмбақ жасыру.

1. Он екіге жетіп,
Жүргені кері кетіп (сағат)

2. Түнде де, күндіз де,

Тынымсыз соғады.

Бұл не екен балалар! (сағат)

- Балалар сағат адамдарға нені білуге көмектеседі? Балалардың жауабы тыңдалады. Толықтырылады.

III. Жаңа сабақ.

№1 «Қай мезгіл?» ойыны жыл мезгілдерінің атауын бекітуге арналған. Мына ағаштардың қай жыл мезгілінде тұрғанын анықта. Ағаштарды жыл мезгілдері бойынша боя. Ол қай кезде болатынын әңгімеле. Бала неге олай екенін дәлелдей алуы тиіс.

Сергіту сәті:

Қақпаға туралап,

Теп допты, оң аяқ

Қақпаға туралап,

Теп допты сол аяқ,

Оң аяқ, сол аяқ

Жаттығу оңай-ақ.

№ 2 Самат пирамида құрастырып жатыр. Оның іс-әрекетінің ретін анықтап, егер 1 нүкте болса, яғни төменде тұратын бөлшек, сол ретпен қалған бөлшектерді орналастыру қажет. Бала ең кіші және ең үлкен бөлшекті атайды, санайды. Нүктелерге қарап қалған бөлшектің суретін салып аяқта.

				
..

IV. Сабақты бекіту

№3 Салыстыр:

$$5 + 5 * 7 - 1 \quad 4 + 4 * 9 - 5$$

$$6 + 2 * 7 + 1 \quad 10 - 6 * 2 + 3$$

$$7 - 2 * 3 + 4 \quad 9 - 9 * 5 + 0$$

Сұрақ-жауап

- Бір тәулікте неше сағат бар?
- Бір аптада неше күн бар?
- Бір жылда неше мезгіл бар?

V. Сабақты қорытындылау. Кері байланыс.

19 – сабақ

Сабақтың тақырыбы: Логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушылардың ойлау қабілетін, тапқырлығын, жылдамдығын, таным белсенділігін арттыру.

2. Математикалық сұраққа мәдени түрде жауап беру, қарым- қатынасты дамыту.

Сабақтың барысы:

- Бүгін сабағымыз екі бөлімнен яғни, Күміс қақпа және Алтын қақпа тапсырмаларынан тұрады. «Күміс қақпа» тапсырмаларынан сүрінбей өткен балалар келесі кезеңге өтеді. «Алтын қақпа» тапсырмасынан қателеспеген балалар жеңімпаз болады.

I. «Күміс қақпа» бөлімі

1. Бір аптада неше күн бар? Атап бер.

2. Қайрат Жанардан кіші, бірақ Талғаттан үлкен. Ал Ажар Жанардан үлкен болса, ең үлкені қайсысы? /Ажар/

3. Бір шеңбердің үстінде бір шеңбер /2/

4. Ағаш үстінде 10 торғай отыр еді, оның екеуін атып түсірді.

Торғайлардың қаншасы қалды? /сегіз/

5. Геометриялық фигураларды атап бер.

6. Сенбіден кейін қай күн келеді ?

7. Жыл мезгілдерін атап бер.

8. Дүйсенбіден кейін 3 күннен кейін қай күн келеді?

9. Бір жылда қанша ай бар?

10. Екі адам шахматты 2 сағат ойнады. Бір адам неше сағат ойнайды?

Бұл бөлімнен ұпай аз ойыншылар ойыннан шығады.

II. «Алтын қақпа»

1. Алмұрт алмадан ауыр, ал алма шабдалыдан ауыр. Қайсысы ауыр алмұрт па әлде шабдалы ма?

2. Ұзындығы 10 метр жіпті әр бөлігі 2 метр болу үшін неше рет қию керек.

3. Бақытжанның 4 ұлы бар, олардың әрқайсысының туған қарындасы бар.

Бақытжанның неше баласы бар?

4. Дорбадағы 10 асықты 10 бала алды. Сонда дорбада 1 асық қалды. Ол қалай?

5. 4 жұмыртқа 4 минут піссе, бір жұмыртқа неше минут піседі?

6. Әдеттен тыс сұраққа Асқар әрқашан шын айтады, ал Серік өтірік айтады.

Оларға бірдей сұрақ қойғанда, олар бірдей жауап берді. Сондай болуы мүмкін бе?

Жауабы: шыншыл да, өтірікші де «иә» деп жауап береді

7. Үстелдің басында 2 әке және 2 бала отыр. Оларға 3 алманы қалай тең бөліп беруге болады? (атасы, әкесі, баласы отыр)

8. Отбасында 5 ағайынды. Олардың әрбіреуінің 1 апайы бар. Отбасында барлығы неше бала? (6 бала)

9. Столдың 4 бұрышы бар. Егер 1 бұрышын кесіп тастаса, неше бұрыш қалады? (5 бұрыш)

10. Тауық бір аяғымен тұрса 2 кг, ал екі аяғымен тұрса неше килограмм болады? (2 кг болады)

Сабақты қорытындылау. Жеңімпаз оқушыларды марапаттау.

20 - сабақ

Сабақтың тақырыбы: Тест жұмысы.

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушылардың өткен сабақтары бойынша алған білімдерін тексеру.

2. Оқушылардың ойлау, есте сақтау, іскерлік дағдыларын, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

3. Оқушыларды ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, еңбекқорлыққа, тапқырлыққа, алғырлыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысы:


I. Ұйымдастыру кезеңі

Білімдерін жан-жақты тексеру.





1. Жоғалған сандарды тап.

0		2	3		5		7		9	
---	--	---	---	--	---	--	---	--	---	--


2. Торкөзге бес таяқша сал.




3. Көрші сандарды тап.







4. Суретте неше жұлдызша? Дұрыс жауабын жаз.



5. Шаршының сол жағында орналасқан үшбұрышты жасыл, оң жағындағыны қызыл түспен боя. Шаршыны қалаған түспен боя.



6. Заттарды санап сандарды жаз.



Сабақты бекіту.

Кел, ойнайық! «Балдырғанға көмектес!»

Нөмірі 6-дан артық емес сыйлықты тап.

$$3+2=5 \quad 7-4=3 \quad 6-3=3$$

Қорытынды: Сонымен, бүгін сабақта не үйрендік, не білдік?

4.4 «Балақайлар мекебіне» арналған «Қоршаған орта» курсының жоспары үлгілері

Мақсаты: ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері - жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту: ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамашылдық, дербестік, тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық; - құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастың қарапайым жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін үйрету;

«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметі

Міндеттері - туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, өз үйін, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру; - үй-жайда, мектеп аумағында, жақын орналасқан шағын ауданда еркін бағытбағдар ұстай білу іскерліктерін қалыптастыру; - заттар, олардың белгілері мен атқаратын қызметі туралы түсініктерді бекіту; - балаларды табиғат әлемімен таныстыру.

«Қоршаған ортамен танысу» ОҰҚ-нің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№ р/с	Мазмұны	Сағат саны/1 ай
1	Айналадағы заттармен танысу	1
2	Менің Отаным	1
3	Тату отбасы	1
4	Менің мектебім. Мектеппен танысамыз	1
5	Табиғат әлемімен танысу	1
6	Өсімдіктер әлемі	1
7	Жануарлар әлемі	1
8	Күзгі табиғат	1

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Айналадағы заттармен танысу

Мақсаты:

1. Заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту.
2. Заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту.
3. Балалардың айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу.

Қолданатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: демонстрациялық материалдар: сағат, айна, сөмке, машина, ыдыс-аяқ, киім, түйме, ойыншықтыр, қайшы, жұмыс дәптері, фломастер.

Сөздік жұмыс: табиғи заттар.

Билингвальды компонент: зат-предмет, табиғи заттар-природные материалы.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, «Төртіншісі артық» ойынын ойнайтындықтарын хабарлайды. Ойын шарты: педагог төрт заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Бала айтылған төрт заттың біреуі артық екенін айту керек. Мысалы, сөздердің нұсқасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. үстел, орындық, төсек, шәйнек. 2. шырша, қайың, емен, өрік. 3. қияр, сәбіз, пияз, алма. 4. доп, қуыршақ, леги, орындық. 5. торғай, ара, бүркіт, қарлығаш. 	<p>Балалар допты қағып алып, педагог айтқан артық затты табуға тырысады. Ойын шартын мұқият тыңдайды. Артық заттың атын тауып, айтуға тырысады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - шәйнек артық, ол ыдыс - өрік артық, ол жеміс - алма артық, ол жеміс - орындық артық, ол жиһаз. - ара артық, ол жәндік.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>«Суретті таңда» ойыны Әртүрлі заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді. -қай зат не үшін қажет деп ойлайсыңдар? <i>Билингвальды компонент:</i> зат-предмет, табиғи заттар-природные материалы. -Қалай ойлайсыңдар, бұл заттарды кімдер жасайды? Неден жасайды? Мысалы, ағаш. Ағаш табиғатта өседі. Ағаштан нелер жасалады? Педагог балалар қиналса, жетекші сұрақтар қояды. - Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады?</p>	<p>Балалар суреттегі заттарды атайды. -айнаға қарап, бет-әлпетіңді, өзіңді көресің. -сағатқа қарап уақытты білеміз. -сөмкеге қажетті заттарды саламыз -машина-көлік түрі. -оларды ересек адамдар жасайды. -табиғаттан. -Ағаштан жасалатын заттарды атайды. Балалар педагогты мұқият тыңдап,</p>

	<p>-Бізді қоршаған ортаның барлығы-заттар. Олар табиғи заттар және адам қолымен жасалған заттар болып бөлінеді.</p> <p>Табиғи заттар-табиғи денелер деп аталады.</p> <p>Жалпы адамға қажетті заттардың барлығы адам қолымен, зауыт пен фабрикаларда жасалады.</p> <p>-Балалар, осы жерде қандай заттар бар?</p> <p>«Заттарды реттеу» ойыны</p> <p>-Неден жасалған?-түсі қандай? -пішіні қандай? - бедері қандай?</p> <p>Педагог балалардың қалай түсінгендерін анықтау мақсатында топтағы кез келген заттың неден және қалай жасалғанын сұрайды.</p> <p>«Аналогияны табу» ойыны</p> <p>Қандай да бір зат аталынады. Сол айтылған затқа ұқсайтын заттарды көбірек табу -талап етіледі (формасы мен маңыздылығы жағынан).</p> <p>Онда заттың мына ерекшелігіне назар аударуымыз қажет: зат неден жасалынған, не үшін қолданады және бір топқа жатқызуға болады ма?</p> <p>1-нұсқа тік ұшақ 2-нұсқа қуыршақ 3-нұсқа жер 4-нұсқа қарбыз</p> <p>2-нұсқа бойынша мысал: қуыршақ-сылдырмақ, жұмсақ қонжық (ойыншықтар), қуыршақ-тәрелке, кесе (шыны), қуыршақ- телефон, қорап (пластмасса).</p>	<p>қойылға сұратарына жауап береді.</p> <p>-балалар айналасындағы заттарды атайды: ойыншықтар, кітаптар, дәптерлер, орындықтар, үстелдер, ыдыс-аяқтар, т.б.</p> <p>-заттарды ұстап көреді, иіскейді, сипайды, ақырын ұрып көреді.</p> <p>Балалар тапсырманы орындайды.</p>
--	--	--

	Балаларға бұл ойында көмек беріп, дұрыс емес жауаптарын түзетіп отыру қажет.	
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>«Топтастыр» ойыны.</p> <p>Шарты: педагог бірнеше заттардың атын атайды. Балалар оны бір сөзбен топтап, жалпы атауын атайды. Педагог балалардан бүгінгі оқу іс-әрекетінен алған әсерлерін, қандай тақырыпта әңгімелескендерін сұрайды. Заттарды күтіп ұстау туралы ережелерді балалардың өздеріне айтуды ұсынады.</p>	<p>Балалар заттардың адам өміріндегі маңызын қайталап, естеріне түсіріп, ережелерді өздері ұсынады.</p> <p>-заттарды күтіп ұстау</p> <p>-шаңын сүрту, жуу</p> <p>-пайдаланып болған соң, орнына қою.</p>

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: берілген тапсырманы орындау арқылы заттардың қасиетін анықтайды, қорытынды жасайды.

Түсінеді: заттарды күтіп ұстауды, ұқыптылықты; қоршаған ортадағы заттардың барлығы адамның тұрмысы мен тіршілігі үшін қажеттілігін.

Қолданады: заттардың екіге бөлінетіні туралы түсініктерді (адам қолымен жасалған заттар; табиғи заттар-табиғи денелер)

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Менің Отаным - Қазақстан»

Мақсаты:

1.Отанымыз – Қазақстан Республикасы жайлы білімдерін кеңейту. Еліміздің нышандарымен таныстыру. Жеке әсерімен бөлісуді қалыптастыру. Өзі тұрған елді мекені туралы айту. Отанына, туған өлкесіне сүйіспеншілік тәрбиелеу.

Балаларды өз туған жерлері туралы білімдерін кеңейту. Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қазақстан Республикасының рәміздері.

Қажетті құрал-жабдықтар: суреттер, интербелсенді тақта, түрлі түсті қарындаштар.

Әдіс-тәсілдері: сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.

Билингвальды компонент: рәміздер-символы

Оқу іс әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс- әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық 1-2 мин	Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Баршаңызды құрметтеп, Бас иеміз біз.	Шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды
Ұйымдастырушылық кезең 15 мин	Педагог балаларға бүгінгі оқу қызметін Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан бастайтындығын айтады. -Балалар сендер неге әнұранды орындағанда қолдарыңды жүректеріңнің тұсына қойдыңдар? Орындау кезде орындарынан тұру керектігін айтады. Педагог мемлекеттік ту, тудың түсі, туда бейнеленген күн, қыран құс, ұлттық өрнектің қандай мағына беретіндігі туралы қосымша ақпараттар бере отырып, оны ресми түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы деп айтылатындығын түсіндіреді. -Балалар, енді елтаңба туралы не білесіңдер, соны байқап көрейік. -Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында не бейнеленген? -Қалай ойлайсыңдар, елтаңбаның төменгі жағында қандай жазу жазылған? Елтаңбаның ең жоғарғы жағынан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? -Ал осы сендер айтқан шаңырақ, уықтар, қанатты ат, жұлдыз не үшін бейнеленгені түсіндіреді, оларға құрметпен	Әнұранды қолдарын жүректерінің тұсына ңойып орындайды. Өйткені біз мемлекетімізді жүрегімізбен жақсы көреміз. Аспан түстес көк, көгілдір. -Күн жөне ңыран нұстың суреті. -Ою-өрнек бейнеленген. -Елтаңбада шаңырақ, уықтар, қанатты аттар бейнеленген. -Қазақстан деп жазылған.

	қарау керектігін айтады. <i>Сергіту сәтін өткізу.</i> «Мен-қазақпын!» әуенімен би қимылдарын қайталау	
Рефлексік түзетушілік 3 мин	Педагог балалардан бүгін алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды.	Балалар әсерлерін айтады.

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Тату отбасы»

Мақсаты:

Отбасы мүшелерін атап, міндеті мен өзіне тағылған жауапкершілікті білу.

Көрнекі құралдар: Сюжетті суреттер, слайд, мектеп суреттері.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, түсіндіру, жұппен жұмыс.

Тілдік мақсат: білім – образование-education

Іс-әрекет кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Психологиялық жаттығу: Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем және анам бар, Бір туған атам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін. «Менің лақап есімім» ойыны	Балалар туыстарының еркелетіп айтатын лақап есімдерін атайды.

<p>Ұйымдастыру- ізвестіру</p>	<p>Сұрақ-жауап: -Балалар қалай ойлайсыңдар, неге олар сендерді осылай лақап аттармен атайды? «Интервью» ойынын ұйымдастыру. Балалар өз әке,шеше, ата, әжелерінің, қарындас, аға, інілерінің атарын, олардың қайда тұратындары туралы сиқырлы микрофонға әңгімелеп айтады. Қол сергіту сәті: «Кел, санайық» Үйде нешеу екенбіз? Кел санайық екеуіміз: Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – апам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. «Салыстыр» ойыны</p> <p>2 сурет таңдап алып, салыстырмалы айтады. Мынау-әже, мынау-әке. Әженің жасы -үлкен, әкенің жасы-кіші. Кері атап айтады: «Керісінше айт» ойынын ұйымдастыру.</p>	<p>-Өйткені олар бізді жақсы көреді.</p> <p>Балалар интервью береді</p> <p>Қол саусақтарымен қимылдата отырып, отбасы мүшелерін санайд</p> <p>Суретті таңдап алып, салыстырып айтады.</p> <p>Аға-жас, ата-кәрі; әке-ұзын-қарындас – аласа;</p>
<p>Рефлексивті- түзетушілік</p>	<p>«Менің отбасым қандай?» ойыны Сенің отбасың қандай? сұрағын қойып тұрады. «Жылы лебіз» ойыны арқылы қорытындылау.</p>	<p>Баланың жауабы: Менің отбасым-үлкен, Менің отбасым-тату, Менің отбасым-көңілді. Бала өз отбасына жылы лебіздер айтып, ұшақтарын ұшырады.</p>

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Бөлімі :Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Менің мектебім. Мектеппен танысамыз

Мақсаты: Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді білу және оларды сақтау. Мектеп қызметкерлері туралы мәлімет беру.

Көрнекі құралдар:Сюжетті суреттер, слайд, мектеп суреттері.

Әдіс-тәсілдер:Сұрақ-жауап, түсіндіру, жұппен жұмыс.

Тілдік мақсат: білім – образование-education

Қызметтің кезендері	Педагогтің іс- әректтері	Балалардың әректтері
<p>Мотивациялық-түрткі болатын Қызығушылықты ояту</p>	<p>Мектебің -мынау, класың. Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің. Таудай болып шығасың.</p>	<p>Балалар орындарынан тұрып өлең жолдарын айтады</p>
<p>Ұйымдық-іздену Мағынаны ажырату</p>	<p>Балаларға өз мектебі туралы слайд көрсету.</p> <p>Пікір алмасу сұрақтары.</p> <p>-Балалар, слайд беттерінен не жайлы білдік?</p> <p>-Мектеп бізге не үшін қажет?</p> <p>-Мектепте өзімізді қалай ұстаймыз? Сурет бойынша әңгіме құру.</p> <p>-Балалар суреттен нені көріп тұрсындар? Қоңыраудың үнін тыңдату.</p> <p>-Қоңырау не үшін соғылады?</p> <p>-Балалар демалу үшін. Тамақтану үшін.</p> <p>«Суретті сәйкестендір» ойыны</p> <p><i>Мектепте кімдер жұмыс істейді?</i></p> <div data-bbox="515 1050 1126 1413" data-label="Image"> </div> <p>-Мектеп кімдер жұмыс істейді?</p> <p>-Мектеп қызметкерлерімен қалай қарым-қатынас жасау керек.</p> <p>- Директор, мұғалім, аспаз, медбике, аспаз, еден жуушы, кітапханашы.</p> <p>-Мектеп қызметкерлері қандай қызмет атқарады?</p> <p>Тақтамен жұмыс</p> <p>Сурет бойынша сынып кабинеті қандай болатынын әңгімеле. Оқушылар қайда отырады? Тақта не үшін қажет? Өзіміздің сынып кабинетімізде не бар екен қарап салыстырайық.</p>	<p>Слайд</p> <p>Балалар сұраққа жауап береді.</p> <p>Сурет бойынша әңгімелеп айтады.</p> <p>Мектепте мұғалімнен басқа кітапханашы, аспаз, дәрігердің жұмыс істейтіні жайлы айт Сұрақтарға жауап береді. Сынып кабинетімен салыстырады. Жұппен екі оқушы жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p>

	Сергіту сәті: «Мектебім» әнімен бой сергіту. Жүппен жұмыс «Не артық?» ойыны -Балалар қазір жүппен жұмыс жасаймыз. Әркім өзінің қасындағы оқушымен бірге берілген тапсырмадан артық затты табамыз.	
Рефлексивті-тузету Дйтолғаныс	-Балалар, біз бүгінгі сабақта не жайлы білдік? -Балалар,бізге мектепке бару үшін не қажет? «Сөмкеге оқу құралдарын сал» ойыны	Сөмкеге оқу құралдарын жинастырады

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Табиғат әлемі

Сабақтың мақсаты: Балаларға табиғат туралы түсінік бере отыра оларды табиғатты аялауға , қамқорлық жасауға шақыру. Табиғаттың адам өмірі үшін пайдасын түсіндіру.

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, суреттер

Әдіс – тәсілдер: сұрақ – жауап, тәжірбиелік жұмыстар және ойын.

Билингвальды компонент: табиғат-природа-nature

Әрекет кезендері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушы күш	Күн сәуле шашқаның үшін рахмет Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет! Аспан, таза ауаң үшін рахмет Ағаш, көлеңкең үшін рахмет!	Балалар табиғатқа қимылдармен көрсете отырып ризашылығын білдіреді
Ұйымдастыру-ізденістік кезеңі	Балалар сендерге тапсырма, алдарыңда тұрған сызбалар бойынша қажетті пішінді анықтап, сурет орнын тауып құрастыру, мұқият болыңдар Мұғалім: Балалар сендер нелерді құрастырыңдар? Балалар: ағашты, күннің көзін, гүлді, құсты, түлкіні, қоянды, аюды, көбелекті, ағашты, саңырауқұлақты. Мұғалім: Осының бәрін бір сөзбен не деп атаймыз? Балалар: Табиғат	Балалар қолдарын аспанға көтеріп шапалақтап, гүлге ұқсап отырады, , екі аяқты тыпырлатып қол соғады

	<p>Мұғалім: Дұрыс айтасындар, балалар. Қараңдаршы қандай керемет сурет шықты. Өте әдемі табиғаттың көрінісі. Енді экранға назар салайық, слайд көрсету Табиғат дегенімі- аң,күс, өсімдік, тау, өзен, көл, ауа, жер. Біздің тіршілік ортамыз. Олардың барлығы табиғаттың бізге сыйы «Төрт құбылыс» ойыны.</p> <p>Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: «Су», – десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса, сол ойыннан шығады.</p>	
Рефлексивті-тузету Ойтолғаныс	<p>Сүйейік табиғатты аялайық! Бізде одан жақсылықты аямайық. Анадай табиғаттың аясында Жадырап жас балаша дем алайық! -Бүгін табиғат туралы не білдік?</p>	Берілген тапсырманы орындайды

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу/жаратылыстану

Тақырыбы: Өсімдіктер әлемі

Сабақтың мақсаты: Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттіліктегі менөсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, суреттер

Әдіс – тәсілдер: сұрақ – жауап, тәжірбиелік жұмыстар және ойын.

Билингвальды компонент: өсімдік-растение-plants

Әрекет кезеңдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушы күш	<p>Қуанамын менде, Қуанасың сенде. Қуанады достарым, Арайлап атқан күнде. -Ендеше , жақсы көңіл-күймен орнымызды табайық.</p>	Қозғалыс жасайды
Ұйымдастыру-ізденістік кезеңі	<p>Балалар бүгінгі біздің тақырыбымыз «Өсімдіктер әлемі». — адамдар өсімдіктерді азық</p>	Сұрақтарға дұрыс жауап беруге

	<p>ретінде , құрылыс материалы ретінде қолданады. Ол ауаны тазартады.</p> <p>«Сиқырлы қапшық» ойыны. Балаларды шеңбер жасай отырғызып жүргізуші олардың алдындағы кішкентай үстел басына отырады. Үстелдің басында сиқырлы қапшық тұр. Ішінде әртүрлі өсімдік суреттері бар. Балаларды кезекпен шақырып қапшықтың ішіндегі суретті таңдап алып, атауын сұрайды.</p> <p>«Не қайда өседі?» ойыны бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністерді себетке жинау.</p> <p>Сергіту сәті Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі.</p>	<p>Балалар ойынды жақсы ойнады тырысады</p>
<p>Рефлексивті-тузету Ой-толғаныс</p>	<p>Рөлдік ойын: «Дәндер қалай өседі?» Ойынның шарты: Жүргізуші , Жел, Күн, Жаңбыр. Балалар дән болады. Жүргізуші :Ой , бұл не деген сұмдық болды дәндерім тас жолда қалып қойды! Кішкентай ғана дәндерде Өсімдіктер тығылған Өсімдіксіз өмір жоқ Не істесек болғаны? Дәндер ұшып тас жолда отырып қалады. Ортаға жел келіп барлық дәндерді ұшырады. Дәндер егстікке барып отырады. Жүргізуші: Бұл тағы бір сұмдық дәндерім неге өспейді? Ортаға күн шығып бәріне жылу мен жарық береді. Жүргізуші:Бұл тағы да не сұмдық жерге апырып</p>	<p>Рөлге бөлініп ойынды көрсетеді</p> <p>Дәндер отырады</p> <p>Жел қозғалдтады</p> <p>Жылу мен жарық береді</p> <p>Жаңбыр су құяды</p> <p>Дәндеріміз бой көтеріп,сабақтарын</p>

	<p>қондырып, жарық пен жылу берсек те неге өспейді өсімдік? Жаңбыр келіп су құяды. -Ал дәндерім ақылды Жерге ектік сендерді Жылу менен жарықты Су да құйдық керекті Енді қашан өсесің?</p> <p>-Балалар өсімдіктер өсуі үшін не қажет екен</p>	<p>жаяды, бүршік атып бір демде, жапырақтар тарайды..</p>
--	---	---

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу/жаратылыстану

Тақырыбы: Жануарлар әлемі

Сабақтың мақсаты: Балалардың жабайы аңдар мен үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Олардың түрлерін бір-бірінен ажырата алуға үйрету. Аңдар туралы балалардың ойларын сұрау. Балаларды сұраққа жауап беруге, жұмбақты шешуге өз ойларын айта білуге үйрету.

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, суреттер

Әдіс – тәсілдер: сұрақ – жауап, ойын

Билингвальды компонент: жануар-животные-animals

Әрекет кезеңдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушы күш	<p>Арайланып таң атты Алтын шуақ таратты Қайырлы таң апайлар Қайырлы таң балалар! -Ендеше, жақсы көңіл-күймен орнымызды табайық.</p>	Қозғалыс жасайды
Ұйымдастыру-ізденістік кезеңі	<p>Балалар бүгінгі біздің тақырыбымыз: Жануарлар әлемі «Би» ойыны Балаларға билеу ұсынылады. Оқушы билеп жүрген кезінде кез келген жануардың бейнесін салуы қажет. Ол бейнені өзі ойлап тапқаны жөн болар еді. Қиналған жағдайда оған көмектесуге болады. Әуен тоқтағанда қандай жануарды бейнелегенін айтады. -Жануарлар не істейді?</p>	Сұрақтарға дұрыс жауап беруге

	<p>-Үй жануарларына нелер жатады? -Олар қайда өмір сүреді? -Ал, дала жануарлары нелер? -Олар қайда өмір сүреді? -Немен қоректенеді? «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» ойыны Суреттерде берілген жануарларды мекеніне қарай(қора, орман, тау) сәйкестендіру керек. Жұмбақ шешу: Қыс бойында жатады Тәтті ұйқыға батады. Ол не екен,балалар? Дұрыс балалар,бұл аю екен. Ал сендер білесіңдер ме, аю нені жақсы көреді, не жейді? Ол қалай жүреді? Сергіту сәті Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен Теріп теріп алайық Қалтамызға салайық «Жоғалған аңды тап» ойыны Шарты: Мен тақтаға бірнеше аңдардың суретін ілемін, қарап алыңдар. Сендер көздеріңді жұмасыңдар, мен біреуін алып тастаймын қандай аң жоқ екенін айтасыңдар.</p>	<p>Балалар ойынды жақсы ойнады, тырысады.</p> <p>Балалар жұмбақтың шешуін іздейді.</p>
<p>Рефлексивті-тузету Ойтолғаныс</p>	<p>«Жабайы жануарларды тап» ойыны Ойынның шарты: Балалар мен сендерге жануарлардың аттарын айтамын,ал сендер тек жабайы жануарлардың аттарын айтқанда ғана қолдарыңды шапалақтайсыңдар. Балалар сендерге сабақ ұнады ма?</p>	<p>Жабайы жануарларды атағанда шапалақтайды</p>

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу/жаратылыстану

Тақырыбы: Күзгі табиғат

Сабақтың мақсаты: Табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез – құлық ережелерін түсіндіріп үйрету.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ – жауап, ойын

Билингвальды компонент: күз-осень-autumn

Әрекет кезеңдері	Педагогтің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық қозғаушы күш	Балалар шаттық шеңберін құрып, бір – бірімен қол ұстасып: -«Сәлем», - дейміз, - алтын Күн, -«Сәлем», - дейміз, - Жер-ана. -«Сәлем», - дейміз баршаңа, - деп, Бір – біріне тілектерін айтады.	Сәлемдеседі, тілектер айтады.
Ұйымдастыру-ізденістік кезеңі	Балалар ақындарының күз мезгілі туралы өлең оқылады. Әңгіме жүргізу. Балаларға өлеңнің мазмұнын түсіндіру. Сұрақтар: -Балалар, өлеңде қандай сөздерді кездестірдіңдер? -Күз мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды? -Күзде жаз мезгіліндей күн ыстық болмайды, күн суытады, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, құстар жылы жаққа ұша бастайды. Адамдар жылы киінеді. Суретпен жұмыс. Күз мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сурет бойынша балаларға сұрақтар қою. -Балалар күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Күзде балабақша ауласындағы жапырақтар, гүлдер, қандай күйде болады? -Құстар қай жаққа ұшып барады? Сергіту сәті: Ал, енді балалар сендер жаңбырдың қалай жауатынын білесіңдер ме?	Өлеңді мұқият тыңдайды Сұрақтарға дұрыс жауап беруге әрекет жасайды, ойланады Балалар ойынды жақсы ойнады, тырысады. Балалар жұмбақтың шешуін іздейді.

	Саусақтарымен жаңбырдың сыбдырын көрсетіп орындайды «Көкөніс пен жемістер» ойыны Шарты: балалар көкөніс пен жеміс аттарын жаңылмай айтып шығуы тиіс.	
Рефлексивті-тузету Ойтолғаныс	«Тактильдік бейне» ойыны Балалар екіден бөлінеді. Егер біреуіне екінші адам жетпесе, онда үш оқушыдан бірігуге болады. Жұптағы баланың біріншісі алдында, екіншісі артында тұрады. Артында тұрған бала алдыңғы баланың арқасына қолмен күзгі табиғатқа байланысты сурет салады. Мысалы: жаңбыр немесе күн т.б. Өзінің арқасына сурет салдырған бала қандай сурет салынғанын анықтауы қажет. Егер ол жауабын тапса бір қадам алға жылжиды да, балалар орындарымен ауысады. Қай топ мұғалімге бұрын жетсе, сол топ жеңімпаз болып есептелінеді. -Күзгі табиғатта қандай құбылыстар боалды екен?	Балалар бір-бірінің артына саусақтарымен сурет бейнелейді. Екіншілері суретті анықтайды.

Қорытынды

Кіші мектеп жасында ойлаудың негізгі түрі көрнекі-бейнелі. Ойлаудың бұл түрінің ерекшелігі кез келген мәселені шешудің бейнелермен ішкі әрекеттердің нәтижесінде жүзеге асуында.

Ерікті есте сақтауды дамыту үшін педагог келесі әдістерді қолдануы керек:

Балаға үйрену керек нәрсені есте сақтау және жаңғырту тәсілдерін беру;

Материалдың мазмұны мен көлемін талқылау;

Материалды бөліктерге бөлу (мағынасы бойынша, есте сақтау қиындығы бойынша және т.б.);

Есте сақтау процесін бақылауға үйрету;

Баланың назарын түсіну қажеттілігіне аудару;

Баланы есте сақтау керек нәрсені түсінуге үйрету;

Мотивацияны орнату.

Бастауыш мектеп жасы – мектептегі балалық шақтың ең маңызды кезеңі.

Бұл жас кезеңінің жоғары сезімталдығы баланың жан-жақты дамуының үлкен мүмкіндіктерін анықтайды.

4.4 «Балақайлар мекебіне» арналған «Ақылды ойын сабақтары» курсының жоспары үлгілері

Түсіндірме хат

1-сынып оқушысының оқу әрекетімен тығыз байланыста құрылған үстел үсті ойындары жүйесі негізінде жазылған қалыптан тыс дамуды негізге алатын, қисынды ойлауға негізделген қимыл- қозғалыста жүргізілетін дамыту ойындары негізінде жасалған бағдарлама. Бұл бағдарламада – баланың танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі. Мұндай ойындар барысында. әлеуметтік топта оның рөлі мен тәртіп ережесі игеріледі; бал аның тұлғалық және жеке даму мүмкіндіктері қарастырылады. Сондықтан аталған бағдарламада балалардың жасына сәйкес, оның физиологиялық, психологиялық, интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етуге арналып жасалды.

Күтілетін нәтижелер:

- баланың ақыл – ойы дамиды;
- сөздік қоры молаяды, ойын еркін жеткізуге талпынады;
- тілдік қарым-қатынасқа еркін араласады;
- қоршаған ортаны танып білуге қызығушылығы артады;
- ұжымдық іс-әрекетке бейімделеді; еңбекке тәрбиеленеді;
- мақсатқа жетуге тырысады; бірлескен ұжымдық дағдыларды игереді;
- әр баланың ақыл-ой деңгейі, өзіндік мінез-құлқы қалыптасады;
- бәсекелестікке, тапқырлыққа, төзімділікке, адамгершілікке тәрбиеленеді.

Ұсынылған бағдарламаның ерекшелігі әрбір сабақтың мына жүйеге негізделуіне:

- «Ойлау түрін анықтау»
- «Ширату»
- «Сөз маржаны»
- «Қане бастайық»
- «Ойталқы»
- «Ақылды ойын»
- «Рефлексия»

Әрбір ойын атауы, ойын ережесі және оқушыларда қалыптастатын дағдылар бойынша педагогикалық ұстанымдар негізінде бірыңғай талаптарға сәйкес құрастырылған. Әр сыныпқа арналған ойын атаулары оқытудың білім салалары бойынша өтпелі тақырыптар бағытында анықталды.

Педагогтың негізгі міндеті - ойын түрлерін пайдалана отырып, балалардың өздігімен жұмыс істей білуіне, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыруға, түрлі дағдылар мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

Сабақты ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

- ойынға берілген уақыт баланы жалықтырмайтындай болуы;
- тақырып аясынан ауытқымай, оның ережесі қатаң сақталуы;
- ойынға қажетті материалдар алдын ала даярлануы;
- ойынның балаға беретін білімдік және тәрбиелік мәнінің ашылуы;
- баланың жан-жақты дамуына, танымының кеңеюіне әсер етуі тиіс.

Бағдарламаның күнтізбелік жоспары

Ортақ тақырып	№	Тақырыбы
Өзім туралы	1	Математикалық пазл.
	2	Жұбыңды таныстыр
	3	Таяқшалар
	4	Таяқшалар
	5	Сандық сауле
	6	Графикалық диктант
	7	Графикалық диктант
	8	Геометрик- математикалық планшет
Менің мектебім	9	Геометрик- математикалық планшет
	10	Ол кім? Бұл не?
	11	Көңілді саусақтар
	12	Көңілді саусақтар
	13	Көңілді саусақтар
	14	Көңілді сызықтар
	15	Сандық лабиринт
Менің отбасым және достарым	16	Сәулетші
	17	Сәулетші
	18	1-10 дейінгі сандардың құрамы.
	19	Математикалық кроссворд
	20	Заңдылықтар
	21	Заңдылықтар
	22	Шатасқан фигуралар
	23	Шатасқан фигуралар
	24	Дос бола біл
25	3д үшбұрыштар	
Бізді қоршаған әлем	26	3д үшбұрыштар
	27	Екі қолмен сурет салу
	28	Екі қолмен сурет салу
	29	Мен жайлы математика
	30	Заңдылықтар. Бау байлау
	31	Қағаздан тоқыма құрастыру

	32	Ерекше суреттер
Саяхат	33	Жасырын пішіндерді санау
	34	Бейнені есте сақтау
	35	Танграм
	36	Танграм
	37	Танграм
	38	Жол әліппесі
	39	Бес айырмашылықты тап
	40	Артығын тап
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	41	Пикник
	42	Сіріңке суреттері
	43	Сіріңке суреттері
	44	Театр. Жыл басы
	45	Театр. Үйшік
	46	Цифрлық квадрат
	47	Эмоционалдық интеллект
Тағам мен сусын	48	Құпия хабарламалар
	49	Портреттік галерея
	50	Сәнді помпон
	51	Пэчворк
	52	Қазақстанда жасалған
	53	Қазақстанда жасалған. Жарнама
	54	Мейірімді құстар
	55	Математикалық қар кесегі
	56	Уақытты бағдарлау. Сағат
Дені саудың жаны сау	57	Уақытты бағдарлау. Сағат
	58	Гербарийдан жануар жасау. Симметрия
	59	Тәулік
	60	Жыл мезгілдері
	61	Ауа райы. Бақылау кестесі
	62	Бұршақты отырғызу
	63	Бұршақты отырғызу
	64	Судоку
	65	Конус
	66	Біз не үйрендік? Шығармашылық көрме

№ 19 Ойын атауы: Математикалық кроссворд
Сен... танысасың, үйренесің:

<p>Сабақтың мақсаты: Математикалық тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, қосу компоненттерінің арасындағы байланыстылықты таныта отырып, теңдеу шешу дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Күтілетін нәтиже: - Математикалық тілде сөйлейді -қосу компоненттерінің арасындағы байланыстылықты анықтайды -теңдеу шешу дағдыларын қалыптасады</p>
---	--

Ойлаудың түрі: Сараптамалық ойлау. (Аналитическое мышление), көрнекі- бейнелеп ойлау

Ойлау– объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген. Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз. Түйсік, қабылдау процестерінде сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстары жайлы қарапайым қорытындылар жасалады. Бірақ қарапайым қорытындылар сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының ішкі құрылысын, оның қажетті қатынастары мен байланыстарын толықтай ашып бере алмайды. Адамның ой-әрекеті әсіресе түрлі мәселелерді бір-біріне жанастыра отырып шешуде өте жақсы көрінеді.



Сөз маржаны «Ой ойласаң, кең ойла, Алды- артын тең ойла».



Қане бастайық...


Музыка қойылып, оқушылар қойылған саңырауқұлақ суретіне 4, 5 цифрын бастырып шығуына жағдай туғызылады.





Ширату: Ой шоғырландыру

Оқушыларға таратпа үлгі беріледі. Сол үлгіге қарай отырып, суретке сәйкестендіріп, шаршы, дөңгелек, үшбұрышты салып шығады.



1. Бейнені есте сақтау

Балаларға 6 бейне бар кесте көрсетіледі. 1 минут ішінде берілген бейнелерді есте сақтап, 2 минут ішінде сол бейнелерді қағаз бетіне түсіруі керек.

Әсер етуші материалдар



Бейнені есте сақтауға жүргізілетін жұмыс.

Заттардың атын атау, әрбір затты қатыстырып сөйлем құрастырту. « Мен доп ойнадым». Осы сөйлемнің мазмұнына келесі суреттегі затты байланыстыра сөйлем құрастырту. «Доп үйдің төбесіне түсті». Келесі сөйлем «Үйдің төбесінде қарындаш жатыр еді»

Балалардың ойымен келесі үш суретке сөйлем құрастыру.

2. Тақтадағы бейне өшіріліп, есінде қалған суреттерді салуға уақыт беріледі. Оқушының парағы



Нәтижелерін өңдеу: Есте сақтаудың коэффициентін есептеу үшін оқушы парақтары жиналып алынады. Жеке оқушының есте сақтауын зарделеу.

C – есте сақтау коэффициенті

A- дұрыс жазылған сөздер мен сандар саны

B- берілген сандар, сөздер саны

$C = A * 100\% \div B$


Бағалау кестесі


Жоғары деңгей	100%-80%	A
Орта деңгей	50%-79%	B
Төмен деңгей	20%-49%	C



Ойын атауы: Мәнін тап

Қажетті құралдар: Перфокарталық үлгіде жасалған кроссвордтар, сандық сәулелер. Кроссвордтың дайын жауаптары ұсынылған үлгілер. (Қосымша 1,2,3)





Бақылау парағы



Рефлексия:

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны...
- мен өзімді....үшін мақтар едім.

№11-12-13 Сабақ атауы: Көңілді саусақтар

Сен... танысасың, үйренесің:

Сабақтың мақсаты:	Күтілетін нәтиже:
Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету.	Балаларды сурет салады әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдаланады өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйренеді

Ойлаудың түрі: Шығармашылық ойлау, қайта жаңғыртушы, қайта жасаушы ойлау.

Жұмыс түрі:



Сөз маржаны: «Өнерлі екен он саусақ»

Қала салсақ, жол салсақ».



Қане бастайық...

Үлгіге қарап чемодандарды салыстыр (а, ә, б, в)



Ширату: Саусақтар әні.

Қажетті құралдар: А3 форматты қағаз, түрлі түсті фломастерлер, бояу қарындаштары.



Қуыр, қуыр, қуырмаш
Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Мен айтайын қолыңды аш!
Мынау тұрған бас бармақ,
Жұмыс содан басталмақ.
Алақанның тұңғышы
Болсын осы жылқышы.
Балаң үйрек жанында,
Бейім сиыр бағуға.
Орған терек - ұзыны,
Түйе бақсын, қызығып!
Шылдыр шүмек - бұл саусақ,
Қой бағуды тұр аңсап.
Титтей бөбек-шынашақ,
Сен дайында жер ошақ.
Білекке енді барайық,
Онда не бар табайық:
Мына жерде күн болар,
Мына жерде түн болар.
Мына жерден ай шығар,
Мына жерден май шығар.
Бәрін айтып болдық па?
Келіп қалдық қолтыққа!
Қытық, қытық, қызық-ай,
Міне, өрік, міне, май!
Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Бидай салам, қолыңды аш.
Төгіп алмай, күлем деп,
Балапанға барып шаш!

- Әлемде 70 миллиард саусақ іздері бар.
- Екі бірдей саусақ ізі болмайды. Яғни сенің саусақ ізіндей із жоқ.
- Сенің саусақ іздерің ешкімде қайталанбайды.




Жұмыстың алгоритмі:

- «Қуырмаш» сергіту сәті

(<https://www.youtube.com/watch?v=2jDAhLmyrwwg>)

- А3 үлгідегі табиғаттың пейзажы бейнеленген қағаз таратылады.



- Бас бармақты саусақ ізіне арналған бояуға батырып, саусақ ізін салады.

- Балан үйрек, ортан терек, кішкене бөбек саусақтарымен сол қимылдарды қайталайды. Саусақ іздері кебу үшін 5 мин уақыт беріледі. Сол кезде олар ылғалды шүберекпен қолдарын сүртеді.



- Оқушыларға мынадай нұсқаулықтар беріледі: саусақ іздерін қанаты бар құстарға, бунақденелілерге айналдырып суретті аяқта.
- Суреттегі көңілді және көңілсіз бейнеленген эмоцияларды анықта.



Рефлексия:

Басбармақ іздері неге айналды? Құртты бейнелеуге неліктен бірнеше кіші саусақ іздері қажет болды? Осы сұрақтардың жауабын өз жұмыстарына қарай отырып жауап беру сұралып, бүгінгі жұмыстағы көңіл күйлері анықталады.

№22 Сабақ атауы: Түрлі-түсті айдаһар мен арыстан (зандылыққа сәйкес түсті орналастыру)

Сен... таныссың, үйренесің:

Сабақтың мақсаты: Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету.	Күтілетін нәтиже: Балаларды сурет салады әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдаланады өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйренеді
--	--

Ойлаудың түрі: Шығармашылық ойлау, қайта жаңғыртушы, қайта жасаушы ойлау.



Сөз маржаны: «Шеберлікке шек жоқ».

Қажетті құралдар: А3 форматты қағаз, түрлі түсті фломастерлер, бояу қарындаштары.



Рефлексия: «Саусақ іздері» тәсілі

«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім.

- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.
- бүгін маған.....сәті түсті.
- қызықты болғаны.....
-қиындық тудырды.
- менің түсінгенім.....
- енді мен.....аламын.

Оқушылар саусақ іздерімен салған суреттеріне осы тәсіл бойынша рефлексия жасайды.

№19 Сабақ атауы: Дос бола біл

Сен... танысасың, үйренесің:

<p>Сабақтың мақсаты: Идеялар тәжірбилермен және ойлармен бөлісу, өз-өзіңді және басқаларды түсінуді дамыту.</p>	<p>Күтілетін нәтиже: Идеялар тәжірбилермен және ойлармен бөлісу, өз-өзіңді және басқаларды түсінуді дамытады.</p>
--	--

Ойлаудың түрі: болжау, жағдайларды шешуді ойлау



Сөз маржаны «Жолдасты жол танытады»



Қане бастайық...

Әрбір бөліктегі пішіндердің формасына, өлшеміне, санына және өзгеруіне мән беріп; жаттап алуға тырыс. Қағаздың келесі бетіндегі сәйкес орындарға есінде қалған пішіндерді салып шық.




Екі дос туралы әңгімесін мұғалім тыңдалым ретінде ұсынылады.

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді.

Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге етбетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді.



Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.	
--	--

Ұйымдастыру: барлығы еденге шеңбер құрып отырады. Сөйлеуші ғана ұстайтын зат бар. Мысалы доп.

Жаттығудың сипаттамасы: мұғалім оқушылар сияқты орындықта немесе еденде отырады бұл мұғалімнің сыныпты басқарушы емес, балалармен тең дәрежеде екенін білдіреді. Мұғалім уақыт шеңберіндегі ережелердің сақталуына әр оқушының эмоциясын қорғауға және лайықты тапсырманы ұсынуға жауапты. Ең маңызды ереже талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек.

Маңызды үш ереже:

- Тек біреу ғана сөйлеу керек, сөйлеушіні қалғандарының тыңдай білу шарт

- Егер бұл тақырып туралы оқушы сөйлегісі келмесе допты басқаға бере алады.

- Ешқандай қатал сын болмауы керек

Талқылауға ұсынылатын сұрақ:

- Ауру адамды досы неге тастап кетті?

- Аю ауру адамның құлағына сыбырлауы мүмкін бе?

- Ауру дос сау досына неліктен бұлай жауап берді деп ойлайсың?

№24 Сабақ атауы: Досынды тани біл. (Ынтымақтастық пен сенім орнатуға арналған жаттығу)

Сен... танысасың, үйренесің:

Сабақтың мақсаты: Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын жетілдіру, құрбыларының қылықтарына өз көзқарастарын білдіру, өз іс-қимылдарымен амалдарын негіздеу.	Күтілетін нәтиже: Жаттығулар негізінде өз досын, сыныптасын таниды, өз бойындағы қасиеттерімен салыстырады, дос болуға қадам жасауды үйренеді.
---	---

Ойлаудың түрі: шығармашыл ойлау, қайта жаңғыртушы ойлау.

Жұмыс түрі: қимыл-қозғалыс негізіндегі оқыту.



Сөз маржаны: «Дос болсаң, берік бол,
Досыңа серік бол».



Қане бастайық...

Саусақтарға сәйкес нүктелер сал



Ширату

Топ мүшесін іздеуге арналған өлшемдер бойынша топқа бөлуге арналған ширату жаттығуы:

- Бір айда туғандар;
- Үйінде үй жануарын ұстайтын балалар;
- Ағасы бар балалар;
- Інісі өзінен кіші бауыры бар балалар.

Оқушылар үш минуттың ішінде өзін таныстырады және өзіне ұқсас ерекшелігін немесе қызығушылы бар баланы табуға тырысады. Мен ... айында туғанмын. Менің үйімде ... бар. Менің ағам бар. Менің кіші бауырым бар. Осы сөйлемдер арқылы өзіне өз тобын табады. Топ мүшелерінің қандай ортақ ерекшелігі арқылы жиналғанын ортақтасып анықтап айтады.



Әдістемелік ақпарат

«Биографиялық поэма» (Биопоэма) әдісі

Алғашқы сабақ кезінде бір-бірімен танысу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу. Топтағы таныстықты арттырады, өз ортасындағы ұқсастықты табады, ізденімпаздыққа жетелейді.

Оқушылар шеңбер бойына тұрады, мұғалім нұсқаулығы бойынша алғашқы сұрақты хабарлайды. Доп шеңбер бойымен жылжып, доп ұстаған бала сұраққа жауап беруі керек.

- Бірінші айналымға берілетін сұрақ: - Сенің есімің?
- Екінші айналымға берілетін сұрақ: - Сен қандайсың? (Өзіңді үш сөзбен сипатта).
- Үшінші айналымға берілетін сұрақ: Сенің сүйікті іс-әрекеттерің (Қол боста айналысуды құмартатын үш әрекетің, хобби)
- Төртінші айналымға берілетін сұрақ:- Неден қорқасын, сескенесін? (Өмірдегі қорқыныш пен қауіптерің)
- Бесінші айналымға берілетін сұрақ: - Сенің арманың? (Бір арманыңды ата).



Рефлексия

Екі ойыннан «Сенің есінде ерекше қай сыныптасың қалды?»

- Бүгінгі күнде қай ойын ұнады?
- Кімді өзіңе дос ретінде таңдағың келеді?
- маған ерекше ұнағаны.....
- қызықты болғаны.....
-қиындық тудырды.

№30 Тақырыбы: Заңдылықтар. Бау байлау

Сен... танысасың, үйренесің:

<p>Оқу мақсаты: Оқушыларды заңдылық ұғымымен таныстыру. Бау байлаудағы заңдылықтарды қарастыру. Қарапайым заңдылықты сақтап планшетке бау байлауды үйрену.</p>	<p>Күтілетін нәтиже: Оқушыларды заңдылық ұғымымен танысады. Бау байлаудағы заңдылықтарды қарастырады. Қарапайым заңдылықты сақтап планшетке бау байлауды үйренеді.</p>
---	---

Ойлаудың түрі: Кеңістікті-бағдарлы ойлау, бейнелі көрнекілікті ойлау.



Сөз маржаны «Шеберлікке шек жоқ»



Қане бастайық...

Жаттығудың сипаттамасы: мұғалім оқушылар сияқты орындықта немесе еденде отырады бұл мұғалімнің сыныпты басқарушы емес, балалармен тең дәрежеде екенін білдіреді. Мұғалім уақыт шеңберіндегі ережелердің сақталуына әр оқушының эмоциясын қорғауға және лайықты тапсырманы ұсынуға жауапты. Ең маңызды ереже талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек.

Маңызды үш ереже:

- Тек біреуі ғана сөйлеу керек, сөйлеушіні қалғандарының тыңдай білу шарт
- Егер бұл тақырып туралы оқушы сөйлегісі келмесе допты басқаға бере алады.



Ширату: Шеңбер бойымен әңгімелеу

Мұғалім мәтінді оқиды. Мәтіннің сұрағы бойынша балалардың ойлары тыңдалады. Оқып болған соң шеңбер бойына кез-келген ойыншыға мазмұнын айтуды нұсқайды. Сағат тілінің бағытымен әрқайсысы мәтіннің бір сөйлемін айтып жалғастырады. Соңына дейін солай жүре береді. Мәтін қайта оқылады. Сөйлемде жіберілген қателерді дұрыстаймыз, әңгімені толықтырамыз. Сағат тілінің бағытымен қайта бастаймыз. Ең белсенді оқушы анықталып, жеңімпазды құттықтаймыз.

Мәтін: «Әттең, әттең»

Санжар бірінші сыныпта оқиды. Бірақ әлі бауын байлай алмайды.


Бүгін анасымен дүкенге барды. Дүкенде спорттық аяқ киімді көріп, қатты ұнатты. Аяқ киімнің бауы бар екен. Бауы аспан түстес көк. Бауы ерекше әдіспен байланыпты.

Анасы Санжардың бұл аяқ киімді ұнатқанын байқады. Сатып алуға ұсыныс жасады. Бірақ Санжар бұл аяқ киімді алудан бас тартты. Қалай ойлайсың, неліктен алмады?




2. Бау байлауды үйренеміз.

Балаларға арнайы планшеттер таратылып, байлау үлгілері бойынша жұмыс жасалады. Байлау кезінде ұсынылған заңдылық негізге алынады.



Ойын атауы: «Кім жылдам?»

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Қатты қағаздан жасалған аяқ киім үлгісінің аяқ киім шаблону беріледі. Оқушылар аяғына байлап, мәреден сөреге қарай кезекпен жүгіріп, қораптағы ұсақ доптарды аяқ киімімен әр топ өз тегешіне салу тиіс. Мұғалім әр жұпқа мысал көрсетеді. Оқушылар өрнектің мәніне тең допты тегешке салады. Жеңімпаз топ белгіленеді. Әр ойыншы қатты қағаздан аяқ киім кигенде, бауын өзі байлауы маңызды. Егер байлай алмаса тобының ойыншыларының көмегіне жүгінуіне болады.





Рефлексия:

Оқушыларға үш түрлі бау таратылып беріледі

- мен бау байлауды үйрендім – жасыл түсті бау.
- Мен бау байлауды аздап үйрендім – көк тісті бау
- Маған көмек қажет – қызыл түсті бау.

Оқушылар тиісті түсті таңдап, ағашқа байлауды сұралады.

№ 52 - 53 сағат Қазақстанда жасалған. Жарнама Сен... танысасың, үйренесің:

Оқу мақсаты:

Қазақстанда өндірілетін негізгі тағам өнімдерін білу; Қазақстан картасынан негізгі тағам өндіретін өңірлерді табуды үйрену. Өсімдік және мал өнімдерінің түрлерін ажырату;

Күтілетін нәтиже:

Қазақстанда өндірілетін негізгі тағам өнімдерін біледі; Қазақстан картасынан негізгі тағам өндіретін өңірлерді табады. Өсімдік және мал өнімдерінің түрлерін ажыратады;

Ойлаудың түрі: Сыни ойлау



Сөз маржаны: «Туған жерге туынды тік»



Қане бастайық...

- Ақшаға сатып алынатын заттарды ата.
- Олар сенің үйіңе қайдан келеді?
- Не себепті.....деп ойлайсың?
- Қазақстанда өндірілетін қандай тағам түрлері бар деп ойлайсың?

- Оларды кімдер не себепті өндіреді?
- Қандай елді мекенде, қандай қалаларда тағам өнімдерін шығаратын кәсіпорындар бар деп ойлайсындар?



Жұптық жұмыс

«Ойлан, жұптас, бөліс әдісі»

Оқушыларға картаның суретін көрсету


Картадан Қазақстанның төрт тұсын көрсету

(Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан)

- Картадан біз тұратын өңірді көрсетіндер? (Алматы)



Қазақстанда өндірілетін өнімдердің бірнеше үлгісі қойылған көрмемен таныстыру.





Осы өнімдердің ішінен әрбір топ таңдап алып жарнама жасауы сұралады. Балаларға берілетін жетекші сұрақтар:

- Қандай Қазақстанда шығатын өнімдерді білесің?
- Қай тағамды жиі қолданасың?
- Неліктен бұл тағамды таңдадың?
- Қай тағамға жарнама жасағың келеді?
- Өсімдіктен алынатын өнімдерді ата.
- Мал шаруашылығынан алынатын өнімдерді ата.

Балаларға Данон растишка жарнамасы көрсетіледі.

<https://youtu.be/qS8JLYTnJm0>

Сынып оқушыларымен бірлесе отырып Фуд мастер компаниясы өнімі айранға жарнама жасау. Жарнама үшін дәрумендер хабарламасынан қажетті ақпарат алуға мүмкіндік жасалады.

Өнімнің атауы	Айран
Қайда өндірілген	Қазақстан Республикасы
Өндіруші компания атауы	Фуд мастер
Құрамындағы дәрумендер	А, В1, В2, С
Өнімде ұсынылған жарнамалық сөз	Ана болу - сол атқа лайық болу.

Әр балаға кестелер ұсынылады. Балалар үлгі бойынша өзінің таңдаған өнімі туралы мәліметті толтырады.

Өнімнің атауы	
Қайда өндірілген	
Өндіруші компания атауы	
Құрамындағы дәрумендер	
Өнімде ұсынылған жарнамалық сөз	

Тақтада дәрумендер пайдасы кестесі көрсетіледі



А Дәрумені

Ферменттер жұмысын күшейтеді;

Көру пигменті –родопсиннің түзілуін қамтамасыз етеді;

Өсу дәрумені деп атайды;

Жануартекті өнімдерде - бауыр, сарымай, балық майында көп.

Өсімдіктекті өнімдерде-құрамында каротин бар сәбіз, қызан, асқабақ, тәтті қызыл бұрыш, өрікте көп.



- В тобы дәрумендерінің 15 жуық түрлері бар;
- Зат алмасуда маңызды қызмет атқарады.

Астық, бұршақ тұқымдастарда, қызылшада, бауырда, жұмыртқа сарыуызында, ащытқыда, балықта кездеседі,



Оқушылармен бірлесе отырып көрмедегі бір затты таңдап жарнама құрастыру.



Оқушыларға Қазақстандық өнімдердің бірнеше жарнамасын көрсету. Өз еріктерімен таңдаған өнімге отбасылық жарнама жасауға тапсырма беру.

Критерий:

1. Жарнама қазақстандық өнім болуы керек.
2. Жарнама уақыты 1 минут
3. Өндіріс орнын хабарлау
4. Өнімнің пайдалы екеніне дәлел

№ 60 сағат Жыл мезгілдері Сен... танысасың, үйренесің:

<p>Оқу мақсаты: Балалардың төрт мезгіл қыс, көктем, жаз, күз туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр жыл мезгілінің маусымдық өзгерістері жайлы әңгімелеп айтуға, мақал-мәтелдер, тақпақ арқылы жеткізуге үйрету.</p>	<p>Күтілетін нәтиже: Балалардың төрт мезгіл қыс,көктем, жаз, күз туралы түсініктері кеңейеді, әр жыл мезгілінің маусымдық өзгерістері жайлы әңгімелейді, мақал-мәтелдер, тақпақ арқылы жеткізе білуге үйрету.</p>
---	--

Ойлаудың түрі: Бейнелі - көрнекілікті ойлау.



Сөз маржаны «Жаз — береген,

Күз алаған.

Көктем — мұрап,

Күз — диқан»



Қане бастайық...

- Жарты жылда неше ай бар? _____
- Неше ай «Р» әрпіне аяқталады? _____
- Қай айда 28 күн бар?
- Сенбінің алдында келетін аптаның күнін айт?
- Атын атамай аптаның бес күнін айтып шық?



Ширату: «Миға шабуыл жасау» стратегиясы (2 мин)

Ал енді жұмбақтарды шешіп көріңдер:

Қар еріп,су ағады,
Сарқырап сайға толады.
Күн ұзарып,жылиды,
Бұл қай кезде болады? (көктем)

Күн де ысып,шөп пісіп,

Ел пішенін орады
Бұл қай кезде болады? (жаз)

Күмістен алқа тағынып,
Бақтар күлім қағады.
Күн нұрына шағылып,
Қар жұлдыздай жатады
Бұл қай кезде болады?(қыс)

Айнала сары түсті
Бау-бақшада жеміс пісті.
Қамба толы дәнге
Дастарқан толы дәмге
Бұл қай кезде болады?(күз)

Бұл қай кезде болады?

Аяз қысып, өрнек сызып,
Терезені торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Сырғанап жастар ойнайды.
Бөбектерім айтыңдаршы
Бұл қай кезде болады?

Қар мұз еріп, су көбейіп,
Сай салаға толады.
Бүршік жарып, жарық ашып,
Гүл бәйшешек басады.
Бөбектерім айтыңдаршы
Бұл қай кезде болады?
Өрік алма,
Жидек жүзім піседі.
Қауын қарбыз,
Қияр, сәбіз дүкендерге түседі.
Астық пісіп, орақ түсіп,
Қырман дәнге толады.
Бөбектерім айтыңдаршы
Бұл қай кезде болады?

Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер таратылады. Оқушылар топқа бөлініп отырады.

I топ: Көктем

II топ: Жаз

III топ: Күз

IV топ: Қыс

Әр топ жыл мезгілдерін қимылмен сипаттайды.

Күз тобы: 1) жаңбыр жауып тұр; 2) жапырақтар түсе бастады; 3) жел соғып жатыр; 4) құстар жылы жаққа ұшып кетеді; 5) күн суыта бастады;

Көктем тобы: 1) қар ериді; 2) жылғалардан ағады; 3) ағаштар бүршік жарады; 4) бәйшешектер өсіп шығады; 5) жыл құстары ұшып келеді.

Қыс тобы: 1) қар жауып тұр; 2) аязды күндер басталды; 3) тайғақ; 4) ұйқы басатын кез; 5) ағаштарда жапырақтар жоқ;

Жаз тобы: 1) ыстық; 2) айналада барлығы гүлденеді; 3) құстар сайрайды; 4) балалар суға шомылып жүр; 5) масалар шағады;

Ой сергек: «Әли мен Айя» жыл мезгілдері тақырыбы аясында мультфильм көру.

Тақырыпты

болжау

-Қандай жыл мезгілін ұнатасың? Неліктен?

(Жыл мезгілдері видеосын көрсету <https://youtu.be/2Bx0NvQivF8>)



Ойын атауы: «Адасқан әріптер» (кестемен жұмыс)

З, А, Қ, А, Н --- ҚАЗАН

Р, К, Ү, Қ, Ы, Й, К, Е --- ҚЫРКҮЙЕК

Л, Е, Ж, С, А, Н, Т, О, Қ --- ЖЕЛТОҚСАН

У, А, Р, З, Ы, Н --- НАУРЫЗ

Д, Е, Л, І, Ш --- ШІЛДЕ

«Көршісін тап?» ойыны

Бір оқушы ай атауын айтады? Ал екіншісі айтылған айдың көршілерін айтады.



№63 Тақырыбы: Бұршақты отырғызу

Сен... танысасың, үйренесің:

Оқу мақсаты:	Күтілетін нәтиже:
Үрмебұршақты отырғызу арқылы өсімдіктердің көбеюі туралы алғашқы білім беру. Тұқым отырғыза білу дағдыларын игерту. Еңбекқорлыққа баулу.	Үрмебұршақты отырғызу арқылы өсімдіктердің көбеюі туралы алғашқы білім алады. Тұқым отырғыза білу дағдыларын игереді. Еңбекқорлыққа баулиды.

--	--

Ойлаудың түрлері: тәжірибелік ойлау



**Сөз маржаны «Егін ексең терлеп,
Мұның аты еңбек»**



Қане бастайық...

Бұршақтың өсу ретін бақылау парағы

1 кезең	Суға салу	
2 кезең	Отырғызу	
3 кезең	Дәннің бұршік атуы	
4 кезең	Гүлдеуі және жеміс беруі	

Оқушылар бұршақтың өсу ретін параққа түсіріп отыруға тапсырма алады. Екі аптадан соң, «Менің бұршағым» тақырыбында айтылым жасайтындары ескертілген болатын, енді өр оқушы сол бақылау парағы бойынша айтылым жасады.



- ? бұршақтан өскін бой көтерді. Өскін сабақ болып, тік шықты.



- ? өскін сабақтың жоғарғы жағынан жапырақ күлтесі байқалды.



-? жапырақтың күлтесі бірнеше жапырақ күлтесіне бөлінді



- жапырақтың саны қанша? Жапырақтың түсіндегі өзгеріс қандай?
Бұршақтың сабағы қалай өзгерді?

Бұршақ дәндерінен аппликация жұмысы.

1. бұршақтың сабағын күлтелерін жасыл қарындашпен сызады.
2. Жасыл ермексаздан бұршақтың жемісті қабыршағын жасайды
3. Оның бетіне бұршақ дәндерін орналастырады
4. Өзінің жасаған жұмысы бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құрастыру жұмысы ұсынылады.

Мысалы:

$$5+47-45+5 \quad 5-4$$

$$5 > 4 \quad 7 > 5$$



Оқушыларға күннің суреті таралылып беріледі. Өз жұмысында бала неше бұршақ пайдаланғанын санап, күннің ортасына жазады.

Рефлексия:

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

-.....қиындық тудырды.

- менің түсінгенім.....

- енді мен.....аламын.

№ 58 сағат Гербарийден жануарлардың бейнесін жасау. Симметрия Сен... танысасың, үйренесің:

Оқу мақсаты:

Оқушыларға табиғи материалдарды пайдалануды және олардан әр түрлі қажетті заттар жасаудың әдіс – тәсілдерін үйрете отырып табиғатта пайдасыз заттар жоқ екендігін түсіндіру.

Оқушыларға табиғи материалдармен жұмыс істеу кезінде қолөнерімізді дәріптей келе оларды әдемілікке, әсемдікке, шеберлікке, ұқыптылыққа,

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар табиғи материалдарды пайдаланады және олардан әр түрлі қажетті заттар жасаудың әдіс – тәсілдерін үйрене отырып табиғатта пайдасыз заттар жоқ екендігін түсінеді.

Оқушылар табиғи материалдармен жұмыс істеу кезінде қолөнерімізді дәріптей келе әдемілікке, әсемдікке, шеберлікке, ұқыптылыққа,

үнемділікке, қажет жағдайда өз беттерімен тығырықтан шыға білуге тәрбиелеу	үнемділікке, қажет жағдайда өз беттерімен тығырықтан шыға білуге үйренеді.
--	--

Ойлаудың түрі: Шығармашылық ойлау, қисынды ойлау



Сөз маржаны: «Даланың көркі- ағаш»



Қане бастайық...


Симметрия деген не?

Симметрия - дегеніміз қандай да бір заттың екі жағының тепе-теңдігі, сәйкестігі. Енді біз осы тақырыпқа байланысты бейне көріністі тамашалайық. Қазір мен сендерге сұрақ жасырамын:


1. *Көктемде көктеп шығады талға,
Күзде сарғайып түседі жерге.
Бұл не? (Жапырақ).*



2. *Гүлден гүлге қонады, ара емес,
Ақ, сары боп бау-бақшаға сән береді.
Ол не? (Көбелек).*



Ал енді осы симметриялық бейнелеудің ең оңай жолы монотипиялық әдіспен парақты бүктеу арқылы жасап көрейік. Парақты бүктеп алып, жарты көбелектің суретін салып, оның үстінен бастыру арқылы бүтін көбелекті шығарамыз. Міне екі жағы бірдей тең, яғни симметриялы көбелек шықты. Жапырақты да сондай әдіспен жасаймыз. Монотипия дегеніміз: моно-бір, типия-баспа, яғни бірбасылымды сурет.



№48 Тақырыбы: Күпия хабарламалар

Сен танысаың, үйренесің

Оқу мақсаты:

Өз есімін аты- жөнін көрсетілген үлгідегі шифрға қарай отырып жазу,

Күтілетін нәтиже:

соның негізінде құпия хабарлама жазып үйрену. - Құпия хабарламаны оқу дағдысын қалыптастыру.	- Өз есімін аты- жөнін көрсетілген үлгідегі шифрға қарай отырып жазады; - Соның негізінде құпия хабарлама жазып үйренеді; - Құпия хабарламаны оқу дағдысын қалыптастырады;
---	--

Ойлаудың түрі: Бейнелі көрнекілікті ойлау, қисынды ойлау.



Сөз маржаны «Сөз асылы - мақал»



Қане бастайық...

Пройди ст. большой буквой Л до лимона, прокладывая дорожку только по буквам Л.

Л	Л	Ь	Й	А	З
Л	Л	Л	И	Х	О
Л	Ц	Е	О	Г	М
Л	Г	Л	Л	Л	Т
Л	Л	Л	Ж	Л	Л
Ю	М	Н	К	Е	Ц
Ц	Ь	Р	Э		
Р	Х	Й	Ю		
К	Е	Т	Ь		

Оқушыларға тартпа беріледі. Көз жүгірте отырып, сол парақшадағы көрсетілген әріп таңбасын заңдылықтың негізінде бояп шығу керек.




- Л дауыссыз дыбыс



Ширату: «Автобусыңа кешікпе»

Әрбір оқушыға тартпа беріледі (Қосымша 1). Лабиринт бойымен жылдам жолын тапқан бала, өз кезегімен санаудың өсу ретімен шеңберге жиналады. Мұғалім шеңберді шаттық шеңберіне айналдырып, оқушылардың бір-біріне сәттілік тілеуіне айтқызады.



Ойынның атауы: «Құпия есім»

Ойынның шарты:


Көк түсті жолақта алфавиттің қатары қойылады. Сары түсті жолақта алфавиттің өзгертілген нұсқасындағы алфавит реті тұрады. Сол құпия шифрмен әрбір оқушы өз есімін жазуы керек.

Құпия хабарлама алгоритмі

1. Тақтада көрсетілген нұсқаны пайдаланып өз есімін жазады.
2. Өз есімін бірнеше рет қайталап жазуы сұралады.
3. Жолақты қияды, сары жолақтағы құпия есімін қалдырады
4. Жұбымен алмасып, бір-бірінің есімін оқиды.
5. Анасының, әкесінің есімін таңдауы бойынша жазылады.

Қажетті құралдар:

1. Тақтаға ілінетін үлгі, оқушыға ұсынылатын үлгі, қайшы, қарындаштар.



Рефлексия:

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен. түсіндім, білдім, көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны
- мен өзімді үшін мақтар едім.

Қорытынды

Оқудағы сабақтастық-оқу-тәрбиелеу үрдісінің кезеңдері мен сатыларының келістіруі мен байланысы, оқу материалының орналасуының жүйелілігі мен бірізділігі.

Сабақтастық жұмысындағы ортақ мақсат мектепке білім алушыларды табысты дайындаудың жолында олардың интеллектуалдық және жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай білім мен тәрбие кеңістігін қалыптастыру. Мектепте сапалы білім алу мектепалды дайындығына және екі буын арасындағы сабақтастыққа тығыз байланысты.

Мектепалды даярлық пен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық балалардың білуге деген құмарлығын, өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін, тілдік қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

Бұл әдістемелік ұсыныммен танысу барысында «Мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп» жүйесіндегі әдістемелік жұмыс тәрбиешілер, ұстаздар, балалар мен ата-аналар арасындағы жемісті ынтымақтастыққа бағытталған. Мектеп мұғалімдері даярлық сыныпта қолданылатын жұмыс формалары мен әдістерімен танысады, даярлық тобына арналған бағдарламаларының негізгі талаптарын біледі, өздерінің болашақ сыныптастарымен танысуға мүмкіндік алады. Ал даярлық сынып тәрбиешілері 1-сыныптағы балаларға арналған бағдарламалармен тереңірек танысып, бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысының негізгі бағыттарын анықтай алады.

Әдістемелік ұсынымда мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру үдерісінің сабақтастығы бойынша халықаралық тәжірибені зерделенді. Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің педагогикалық алғышарттары айқындалды, мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемесі және әдістемелік ұсынымдар жобасы әзірленді.

Әдістемелік ұсыным Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша қолданысқа қажет.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Balanskat A., Engelhardt K. Computing our future: Computer programming and coding-Priorities, school curricula and initiatives across Europe. – European Schoolnet, 2014. 45 б.
2. Bell T., Andreae P., Robins A. A case study of the introduction of computer science in NZ schools //ACM Transactions on Computing Education (TOCE), 2014. T. 14. №. 2. 10-43 б.
3. Bell T., Rosamond F., Casey N. Computer science unplugged and related projects in math and computer science popularization //The multivariate algorithmic revolution and beyond. Springer, Berlin, Heidelberg, 2012. 398-456 б.
4. Brown N. C., Sentance S., Crick T., Humphreys S. Restart: The resurgence of computer science in UK schools //ACM Transactions on Computing Education (TOCE), 2014. T. 14. №. 2. 1-22 б.
5. Choi J., An S., Lee Y. Computing education in Korea – current issues and endeavors //ACM Transactions on Computing Education (TOCE), 2015. T. 15. №. 2. C. 8-22.
6. Cohen L., Manion L., Morrison K. Research methods in education. Routledge, 2002. 657 с.
7. Computer science for all. White 2016. URL: <https://www.whitehouse.gov/blog/2016/01/30/computer-science-all> (өтініш берген күні: 28.01.2019).
8. Draft australian curriculum: Technologies. Australian Curriculum Assessment and Reporting Authority, 2012. URL: (өтініш берген күні: 17.03.2019). https://acaraweb.blob.core.windows.net/resources/Draft_Shape_of_the_Australian_Curriculum_Technologies_paper_-_Marchpdf
9. Falkner K., Vivian R., Falkner N. The Australian digital technologies curriculum: challenge and opportunity //Proceedings of the Sixteenth Australasian Computing Education Conference-Volume 148. Australian Computer Society, Inc., 2014. 3-12 б.
10. Gal-Ezer J., Stephenson C. A tale of two countries: Successes and challenges in K-12 computer science education in Israel and the United States //ACM Transactions on Computing Education (TOCE), 2014. T. 14. №. 2. 1-18 б.
11. Guzdial M., Ericson B., Mcklin T., Engelman S. Georgia computes! An intervention in a US state, with formal and informal education in a policy context //ACM Transactions on Computing Education (TOCE), 2014. T. 14. №. 2. 13-39 б.
12. Informatics in education: Europe cannot afford to miss the boat / Report of the joint Informatics Europe and ACM Europe Working Group on Informatics Education. 2015. URL: <http://europe.acm.org/iereport/ACMandIEreport.pdf> (өтініш берген күні: 25.01.2019).
13. Lukion opetussuunnitelman perusteet 2015. Finnish National Board of Education, 2015. URL: https://www.oph.fi/download/172124_lukion_opetussuunnitelman_perusteetpdf (өтініш берген күні: 04.04.2019).

14. National curriculum in England: Computing programmes of study. Department for Education, 2013. 201 с.

15. Papert S. An exploration in the space of mathematics educations //International Journal of Computers for Mathematical Learning, 1996. T. 1. №. 1. С. 95-123.

16. Perusopetuksen opetussuunnitelman perusteet 2014. Finnish National Board of Education, 2014. URL: http://www.oph.fi/download/163777_perusopetuksen_opetussuunnitelman_perusteet_2014.pdf (өтініш берген күні: 08.04.2019).

17. Sahami M. Roach S., Cuadros-Vargas E., LeBlanc R. ACM/IEEE-CS computer science curriculum 2013: reviewing the ironman report //Proceeding of the 44th ACM technical symposium on Computer science education, ACM, 2013. С. 13-14.

18. The australian curriculum: Technologies learning area. Australian Curriculum Assessment and Reporting Authority, 2013. URL: <https://www.australiancurriculum.edu.au/f-10-curriculum/technologies/> (өтініш берген күні: 15.02.2019).

19. Vivian R., Falkner K., Falkner N. Addressing the challenges of a new digital technologies curriculum: MOOCs as a scalable solution for teacher professional development // Research in Learning Technology, 2014; №22. С. 1-20.

20. Wing J. Research notebook: Computational thinking—What and why //The Link Magazine, 2011. С. 20-23.

21. https://infourok.ru/resursy_ikt_v_obrazovatelnom_processe-329996.htm

22. <https://www.latinsoft.lv/ru/programmi-i-resheniya/netop-vision>

23. [https://libeldoc.bsuir.by/bitstream/123456789/44930/1/Perevyshko_Primene niye.pdf](https://libeldoc.bsuir.by/bitstream/123456789/44930/1/Perevyshko_Primene_niye.pdf)

24. <https://s-ba.ru/conf-posts-2021-02/tpost/1nu0bz2am1-ispolzovanie-platformi-learningapps-dlya>

25. <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/366542-statja-prilozhenie-quizizz-kak-odin-iz-sposob>

26. https://xn--j1ahfl.xn--p1ai/library/primenenie_prilozheniya_plickers_dlya_kontrolya_ucheb_211930.html

27. <https://school-science.ru/9/7/44053>

28. https://pedsovet.su/ikt/7077_obzor_online_dosok

29. [https://kpfu.ru/staff_files/F202516385/interaktivnaya_doska_Galimova_2.p df](https://kpfu.ru/staff_files/F202516385/interaktivnaya_doska_Galimova_2.pdf)

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру үдерісінің сабақтастығы бойынша халықаралық тәжірибелер	4
2 Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің педагогикалық алғышарттары	9
3 Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемесі	20
4 Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымдары ..	27
Қорытынды	118
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	119

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ПЕН БАСТАУЫШ
БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ

Басуға 02.09.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 7,5.